



ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

2016

Қазақстанды біріктіре. Әлемді біріктіру.



Жер



Су



Ауа



2016

МАЗМҰНЫ

МАЗМҰНЫ

Директорлар кеңесі Төрағасының Жолдауы	2
Басқарма Төрағасының Жолдауы	4
«ҚТЖ» ҰК» АҚ туралы қысқаша ақпарат	6
2016 жылғы қызмет нәтижелері	8
Активтердің құрылымы	18
Болашақ кезеңдер үшін мақсаттар мен жоспарлар	22
Тәуекелдерді басқару	28
Корпоративтік басқару	32
Қаржылық есептілік	48

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ



«ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар
кеңесінің төрағасы

Мамин Асқар Ұзақбайұлы

**Құрметті акционерлер, серіктестер, инвесторлар
және Жылдық есеп оқырмандары!**

2016 жылы жаһандық теріс экономикалық үрдістер, қазақстандық экономиканың өсу қарқынының 1% дейін баяулауы «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметіне әсер етумен болды, бірақ Компания өзінің Даму стратегиясын жүзеге асыруды жалғастырып, оң нәтижелерге қол жеткізе алды.

«Нұрлы Жол» Мемлекеттік бағдарламасының жобаларына «Бір белдеу – бір жол» Қытай бастамасын жүзеге асыру процесіне белсенді қатысу, сонымен қатар стратегиялық альянстарды құру, жаңа логистикалық құзіреттерді өсіру және жаңа көлік өнімдерін енгізу арқылы транзиттік жүк ағындарын тарту бойынша саясат Компанияға Қытай – Еуропа жолдарында транзиттік контейнерлік тасымалдардың көлемінде өткен жылдың деңгейіне екі есе өсімге қол жеткізуге мүмкіндік әперді.

Компания табыстарының жалпы құрылымында транзиттік тасымалдардан түскен табыстар 35%-ға жетті.

«Нұрлы жол» Мемлекеттік бағдарламасының негізгі бағыты елдің көлік-логистикалық инфрақұрылымын дамыту болып табылады және «ҚТЖ» ҰК» АҚ-на ел үшін стратегиялық бірқатар жобаларды жүзеге асыру жауапкершілігі жүктелді. 2016 жылы Компаниямен құрылыс аяқталды және «Қорғас – Шығыс қақпасы» АЭА аумағында Құрғақ айлақты, Алматы – Шу теміржол желісінің бірінші қосу кешені, Каспийдегі Құрық портының паромдық теміржолдық өткелі пайдалануға енгізілді. Астана әуежайының жаңа терминалының және Астана қаласындағы теміржол вокзалының құрылысы бойынша жобаларды жүзеге асыру жалғасты.

Жоғарыда көрсетілген жобаларды жүзеге асырудағы динамика ірі инвестициялық жобаларды жоспарлауда және жүзеге асыруда Компания менеджментінің жоғары құзіретін және машықтарын көрсетеді.

Компания корпоративтік портфельдің тиімділігін жоғарылату, оңтайландыру және қызметті трансформациялау бойынша жұмыстарды белсенді түрде жүргізді.

2016 жылы ұйымдық өзгерістер орын алды: тасымалдау процесіне жұмылдырылған операциялық құрылымдарды қайта ұйымдастыру арқылы «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ құрылды. Ал контейнерлік оператор «Казтранссервис» АҚ, «КТZ Express» АҚ – транзиттік тасымалдардың дамуына жауапты мультимодалды операторға қосылған. Бұл ұйымдық құрылымдарды және басқару аппараттарын оңтайландыру, клиентке бағдарлану және нарықтың өзгеріп отыратын конъюнктурасына жылдам бейімделу мүмкіндіктерін күшейту есебінен қызмет тиімділігін жоғарылату үшін шарттар құруға мүмкіндік әпереді.

Компанияның менеджменті барлық есептік жылда қызметтің тиімділігін жоғарылату, шығындарды оңтайландыру және Компанияның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүргізді. Нәтижесінде Компанияның барлық негізгі стратегиялық көрсеткіштерінің мәндері жақсартылды және таза пайда бойынша оң нәтижеге қол жеткізілді.

Жалпы алғанда жұмыскерлер мен қоғам алдындағы корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саясатын жүзеге асыру белсенді түрде жүргізілді. Соның ішінде шалғайдағы станциялардың және бөлімшелердің тұрғындарын медициналық көмекпен қамтамасыз ете отырып, «Саламатты Қазақстан» және «Денсаулық» мамандандырылған медициналық пойыздарының жұмысы ұйымдастырылды.

Осылайша, 2016 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметтің барлық саласында қызметтің барлық саласындағы өзгерістердің қарқынды кезеңіне және нарықтық конъюнктураның сақтаулы теріс әсеріне қарамастан, жоспарланған нәтижелерге қол жеткізуді және әлеуметтік міндеттемелерін орындауды қамтамасыз етті. Сол арқылы Компанияның барлық стейкхолдерлерінің мүдделер балансы қамтамасыз етілді және акционер, клиенттер, мемлекет, жұмыскерлер және серіктестер алдындағы барлық міндеттемелер орындалды.

**Құрметпен,
Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары,
«ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы
А. Мамин**

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ



**«ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасының
Жолдауы**

Алпысбаев Қанат Қалиұлы

Құрметті Жылдық Есептің оқырмандары, әріптестер, серіктестер!

Әлемдік тауар нарықтарындағы жағымсыз конъюнктураға, іргелес жатқан елдердегі даму қарқындарының баяулауына және өңірдегі геосаяси жағдайдың өзгеруіне қарамастан, Компания өзінің операциялық көрсеткіштерін орындады.

Жүк теміржол тасымалдарында 2016 жылы жүк айналымының деңгейі 2015 жылдағы деңгейде сақталды және 188,2 млрд. т-км құрады. Сонымен бірге бидайдың, қара металлдың, құрылыс жүктерінің және тыңайтқыштардың экспорттық тасымалдарында өсім қамтамасыз етілді. Транзиттік тасымалдарда түсті кен мен химиялық жүктердің тасымалы ұлғайтылды.

Еуропадан Қытайға трансконтиненталды контейнерлік тасымалдардың Компания үшін стратегиялық сегментінде 105 мың контейнерге жетті, бұл 2015 жылғы деңгейден екі есе жоғары. 2016 жылы Компания бағдарлардың географиясын кеңейтуді және жаңа көлік сервистерін енгізуді жалғастырды. Қытай мен Еуропа арасында Компаниямен жүзеге асырылатын 15 тұрақты транзиттік бағдарларға желтоқсанның соңында Иу (Қытай) – Лондон жаңа бағдары қосылды, ол бойынша пойыздың қозғалу уақыты 19 тәулікті құрады.

Еуропадан Қытайға кері жүктеме 50% деңгейде қамтамасыз етілген. Бірінші рет Херне (Германия) – Ланчжоу (ҚХР) перспективалы бағдары бойынша толық құрамды рефрижераторлы пойызы ұйымдастырылды. Тасымалға Тапсырыс беруші Франциядан шараптың элиталық сұрыптарын өндірушілер болды.

Оңтүстік Шығыс Азиядан Дубай арқылы Еуропаға «Sea-Air» әрекет етуші логистикалық тізбегінің баламасы ретінде «Rail-Air» жаңа мультимодалды көлік өнімінің дамуы аясында 2016 жылы Қазақстанның аумағы арқылы Амстердамға, Стамбулға және Мәскеуге жөнелтілімдер ұйымдастырылды.

Өткен жылы Транскаспилік бағытта және Солтүстік-Оңтүстік бағдары бойынша басым транзиттік бағдарлар бойынша контейнерлік пойыздар ұйымдастырылды.

Жаңа контейнерлік жүк ағындарын тарту және тасымалданатын жүк номенклатурасының коммерциялық құрылымын жақсарту есебінен транзиттік тасы-

малдардан түсетін табыстардың көлемі ұлғайды және жүк айналымының көлемінде 12% ала отырып, жүк тасымалдарынан Компанияның барлық табысының 35% құрады.

2016 жылы жолаушы тасымалдарында 2015 жылға қарағанда тасымалдар көлемінің 6% өсімі қамтамасыз етілді. Сонымен бірге, «Тұлпар-Тальго» жүрдек пойыздарында жолаушылар айналымы 1 032 млн. жолаушы-км өсті немесе 1,8 есе ұлғайды. Бұған жаңа бағдарлардың енгізілуі, сервис деңгейін жақсарту, динамикалық баға түзу жүйесін қолдану және билетке жеңілдіктердің әртүрлі схемаларын жүзеге асыру әсер етті.

Жезқазған – Сексеуіл және Шалқар – Бейнеу жаңа теміржол желілері бойынша жолаушы пойыздары, қаламаңындық жаңа электрпойыздар іске қосылды, жолаушы вагондарының паркі, соның ішінде жаңадан түрлендірілген «Тұлпар-Тальго» вагондарымен жаңартылды.

Бизнестің трансформациясы бағдарламасын жүзеге асыру жалғастырылды. Біз 2016 жылғы 1 шілдеден бастап қызметін жүзеге асыра бастаған «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ құрып, «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобының корпоративтік құрылымына ұйымдық өзгерістер жүргіздік. Компания үш ай бойы бизнес-процестердің, өзара әрекеттесу регламенттерінің жұмысын және жаңа компанияға 50 мың қызметкерді ауыстыруды қамтамасыз ете отырып, қажетті дайындық жұмысын жүргізді. Мұның барлығы тасымал процесін кідіріссіз және пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін бұзбай орындалды.

Оның үстіне, 2016 жылы біз Трансформация бағдарламасының жобалар портфелін құрылымдадық және басымдық бердік. Нәтижесі бағаланды және 2017 жылы оларды жүзеге асыру басталады.

Корпоративтік портфельді оңтайландыру және ҚР Үкіметінің Жекешелендіру бойынша кешенді жоспарын жүзеге асыру аясында 2016 жылы жалпы сомасы 24 млрд. теңгеге 11 актив жүзеге асырылды. Бұл да «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының арасында үздік көрсеткіш болып табылады.

Компаниялар тобының қаржылық тұрақтылығын жоғарылату және қызмет тиімділігін арттыру бойынша жұмыс жүргізілді. Нәтижесі – 96 млрд теңгені құрады.

Тұтас алғанда, барлық қаржылық көрсеткіштер бойынша 2016 жылы оң қаржылық нәтижеге қол жеткізілді. Табыстың 35%-ға, операциялық пайданың 65%-ға өсімі қамтамасыз етілді. Негізінен, негізгі қызметтен табыстардың өсуі және қызметтің тиімділігін жоғарылату бойынша шараларды жүргізу есебінен болды. EBITDA Margin деңгейі 2015 жылғы деңгейінен 16%-ға жоғары және 25,1% құрады. Қорытындылай келгенде таза пайда 41 млрд. теңгені құрады.

Стратегияны сәтті жүзеге асыру және Компанияның сан мыңдаған ұжымының ұйымдасқан жұмысы 2016 жылы акционерлердің және барлық мүдделі тараптардың алдында біздің барлық міндеттемелеріміздің орындалуын қамтамасыз етті.

Бірлескен жемісті қызмет үшін клиенттер мен серіктестерімізге ризашылығымды білдіремін. Біздің әрі қарайғы ынтымақтастығымыз одан да әрі тиімді және жемісті бола түседі деп сенемін.

**Құрметпен,
«ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасының Жолдауы
Қ. Алпысбаев**

1. «ҚТЖ» ҰК» АҚ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША АҚПАРАТ



Жер

«Қазақстан темір жолы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 31 қаңтардағы №129 «Қазақстан Республикасының темір жол кәсіпорындарын қайта ұйымдастыру туралы» қаулысымен республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың: Алматы темір жол басқармасының, Целинный темір жол басқармасының және Батыс Қазақстан темір жол басқармасының қосылуы арқылы құрылды. Біріктірудің мақсаты тасымал процесін басқару құрылымын оңтайландыру және артық буындарды жою, теміржол саласының қаржылық-экономикалық сауықтырылуы болып табылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 15 наурыздағы №310 «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» жабық акционерлік қоғамын құру туралы» қаулысымен «Қазақстан темір жолы» Республикалық мемлекеттік кәсіпорнын және оның еншілес мемлекеттік кәсіпорындарын біріктіру арқылы «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» жабық акционерлік қоғамы құрылды.

2004 жылғы 2 сәуірде Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына сәйкес, «ҚТЖ» ҰК» ЖАҚ «ҚТЖ» ҰК» АҚ болып қайта тіркелді.

Қазіргі уақытта «ҚТЖ» ҰК» АҚ тасымалдау процесіндегі темір жол саласының басқарылуын

және атқарымдық тұтастығын қамтамасыз етуге негізделген холдингті құрылымға ие.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ дара акционері «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ болып табылады. Жай акция Дара акционерге Дара акционердің қарауына шығарылатын шешімдерді қабылдауға құқық, Дара акционердің тиісті шешімінің негізінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ-да таза табыс болған жағдайда дивидендтер алуға, сонымен қатар оны таратқан жағдайда «ҚТЖ» ҰК» АҚ мүлгінің бір бөлігіне Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте құқық береді.

2017 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша:

- ▶ жарияланған акциялардың саны – 502 040 458 дана жай акция;
- ▶ орналастырылған акциялардың саны – 496 063 720 дана жай акция;
- ▶ «ҚТЖ» ҰК» АҚ құру кезінде белгіленген акциялардың номиналды құны 1 000 теңгені құрайды.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ магистралды темір жол желісі операторының функцияларын орындау, темір жол көлігімен жолаушыларды және жүктерді тасымалдау секілді қызмет түрлерін жүзеге асырады. Қазіргі таңда темір жол көлігі Қазақстан Республикасының өндірістік инфрақұрылымының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

2017 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша

502 040 458



дана жай акция

жарияланған акциялардың саны

496 063 720



дана жай акция

орналастырылған акциялардың саны



«ҚТЖ» ҰК» АҚ құру кезінде белгіленген акциялардың номиналды құны

1 000

теңгені құрайды

2. 2016 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ



» Тарифтік жүк айналымы
2016 жылы


188 159

млн. т-км неттоны құрады.


«

«ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобының 2016 жылғы негізгі өндірістік және қаржылық көрсеткіштері


Тарифтік жүк айналымы, млн. т-км




Тиеу, мың тонна




Әкелінген жүктер, мың тонна




Жолаушылар айналымы, млн. ұз-км




Табыстар (барлығы), млрд. теңге



Операциялық пайда, млрд. теңге



Таза пайда, млрд. теңге



Басқарма
жолдауы

«ҚТЖ» ҰК» АҚ
тұралы ақпарат

Қызмет
нәтижелері

Активтердің
құрылымы

Мақсаттар мен
жоспарлар

Тәуекелдерді
басқару

Корпоративтік
басқару

Қаржылық
есептілік

Тарифтік жүк айналымы 2016 жылы

188 159

млн. т-км неттоны құрады.

2015 жылмен салыстырғанда төмендеу 0,8%, бұл темір кендерін, химиялық және минералды жүктерді, қара металдарды, құрылыстық жүктерді және астықты қоспағанда, жүктердің негізгі номенклатурасы бойынша жүктер тасымалының төмендеуімен байланысты.

2015 жылға қатысты қатынас түрлерінің бөлінісінде келесі өзгерістер орын алды:

жүк тасымалының орташа қашықтығы 1,2%-ға ұлғайғанда, ішкі республикалық қатынаста тасымалдың көлемін 1,9%-ға азайту есебінен 0,7%-ға төмендету;

тасымал көлемі 3,0%-ға төмендегенде, жүк тасымалының орташа қашықтығының 5,6%-ға ұлғаюы есебінен апарудың 2,4%-ға өсуі;

жүк тасымалының орташа қашықтығы 3,6%-ға ұлғайғанда, тасымал көлемінің 8,0%-ға азаюы есебінен әкелу бойынша 4,8%-ға төмендеу;

тасымал көлемін 6,6%-ға және жүк тасымалының орташа алыстығын 0,3%-ға төмендету есебінен транзит бойынша 6,9%-ға төмендеу.



Жүктерді тиеу

216 659

мың тонна

2015 жылмен салыстырғанда 1,7%-ға төмен, бұл көмір, мұнай жүктері, түсті металл және химикаттар тиелімінің азаюымен байланысты.

2015 жылға қарағанда 2,9%-ға төмендеу, бұл негізінен көмір, мұнай және мұнай өнімдері, темір және түсті кен, химиялық және минералды тыңайтқыштар және химикаттар тасымалы көлемінің төмендеуімен байланысты.

Әкелінген жүк

244 202

мың тонна

Жолаушылар айналымы

16 481

млн. жолаушы-км

Бұл «Тұлпар-Тальго» вагондарынан құрылған пойыздарға әртүрлі жеңілдіктер схемасын жүзеге асырумен, сонымен қатар жаз мезгілінде жеке меншік жолаушы тасымалдаушылармен қызмет көрсетілетін коммерциялық пойыздарды енгізумен байланысты 2015 жылғы деректен 5,9%-ға жоғарыны құрады.

2016 жылғы басты қаржылық көрсеткіштер



Табыстар (барлығы)

1 083,6

млрд. теңге

Бұл негізгі қызметтен түскен табыстың 9,5%-ға өсуі және оң бағамдық айырмашылықтан түскен табыстар есебінен 2015 жылғы деректен 35,0%-ға жоғары.

Операциялық пайда



85,6

млрд. теңге

Бұл негізінен 2015 жылғы деректен 30,8 млрд. теңгеге негізгі қызметтен түскен табыстың 9,5%-ға ұлғаюы есебінен жоғары.

2016 жылы 2006 жылғы мамырда шығарылған 350 млн. АҚШ доллары сомасына 10 жылдық еурооблигацияларды қайта қаржыландыру және валюталық тәуекелді төмендету мақсатында келесі шаралар атқарылды:

сыйақы инфляция + жылдық 2,52% мөлшерлемесі бойынш 10 жыл мерзімге 50 млрд теңге сомасына ішкі облигацияларды шығару арқылы ұлттық валютада заем алу тартылды;

LIBOR + 4,35% жылдықпен 8 жыл мерзімге 100 млн.АҚШ доллары сомасына ЕҚДБ-ден заем тартылды;

5,65% жылдықпен 5 жыл мерзімге 50 млн.АҚШ доллары сомасына «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-нан қарыз тартылды;

50 млн. АҚШ доллары көлемінде меншікті қаражат жинақталды.



Таза табыс

41,0

млрд. теңге

Бұл негізінен 2015 жылғы деректен 501,9 млрд теңгеге негізгі қызметтен түскен табыстардың 71,6 млрд. теңгеге өсуі және оң бағамдық айырмашылықтың (сальдо) 471,9 млрд. теңгеге өсуі есебінен жоғары.



Жоғарыда көрсетілген ұзақ мерзімді кредиттерді беру кредиторлар мен даму институттары тарапынан ішкі және әлемдік экономикадағы қалыптасқан жағдайға қарамастан жоғары деңгейдегі сенімділікті көрсетеді.

2016 жылы Компаниямен борыштық портфельді оңтайландыру бойынша, соның ішінде валюталық тәуекелдерді төмендету бойынша жұмыс жүргізілді.

Сонымен, валюталық қарыздарды қайта қаржыландыру мақсатында 2016 жылғы 22 желтоқсанда берешекті теңгеге конвертациялауды шамалайтын, 2026 жылға дейін өтеу мерзімімен LIBOR сыйақысы + 4,35% жылдық мөлшерлемесімен «ҚТЖ» ҰК» АҚ, «Қазтемір-транс» АҚ және Еуропалық Қайта құру және

даму банкі арасында Қайта құрылымдау туралы келісімге қол қойылды. Сонымен қатар 2023 жылға дейінгі мерзіммен жылдық 14% сыйақы мөлшерлемесімен, 33 112 000 мың теңге сомасына «Қазақстан Халық банкі» АҚ-нан алынған қарыздық қаражаттардың есебінен, электровоздарды сатып алуға HSBC France-тан алған «ҚТЖ-Жүк тасымалдары» АҚ қарызын ішінара қайта қаржыландырылды.

Одан басқа, 2016 жылы 49 млрд. теңгені құрайтын жалпы сомаға бейінді емес нысандарды табыстау арқылы жолаушы вагондарының паркін жаңарту үшін ҚР Үкіметімен берілген қарыздарды өтеу бойынша жұмыс жүргізілді, бұл Компанияның борыштық жүктемесін төмендетуге мүмкіндік әперді.



**2016 ЖЫЛЫ САЛАНЫ
ДАМЫТУҒА 304 633 МЛН. ТЕҢГЕ
КӨЛЕМІНДЕ ИНВЕСТИЦИЯЛАР
БАҒЫТТАЛДЫ.**

Ірі инвестициялық жобалар

«ҚТЖ» ҰК» АҚ инвестициялық қызметі темір жол көлігінің тұрақты қызметін қамтамасыз ету, тасымал қызметтерінің сапасын және қауіпсіздігін жоғарылату бойынша шаралар кешенін жүзеге асыруға бағытталған.

2016 жылы саланы дамытуға 304 633 млн. теңге көлемінде инвестициялар бағытталды.

Есептік кезеңде келесі ірі жобалар жүзеге асырылды:

1. Темір жол желілерін іске қосу кешендерінің нысандары пайдалануға берілді:
 - **Жезқазған – Бейнеу**, игерілген инвестиция көлемі **37 295 млн. теңгені** құрады;
 - **Арқалық – Шұбаркөл**, игерілген инвестиция көлемі **2 572 млн. теңгені** құрады.
2. «Нұрлы жол» бағдарламасының аясында келесі жобалар жүзеге асырылды:
 - **Боржақты – Ерсай** темір жол желісінің құрылысы, нысанының құрылысы аяқталды, нысан тұрақты пайдалануға берілді.
 - **Алматы – Шу** учаскесіндегі екінші жолдардың құрылысы, игерілген инвестициялар көлемі **19 035 млн. теңгені** құрайды.
 - **Құрық** портындағы паромдық кешеннің құрылысы және әмбебап жүк-жолаушы паромдарын пайдалану, игерілген инвестициялар көлемі **15 191 млн. теңгені** құрады.
 - **«Қорғас – Шығыс қақпасы» АЭА** құру және кешенді дамыту, игерілген инвестициялар көлемі **12 797 млн. теңгені** құрады.
3. Вокзал кешенінің құрылысын қосқанда, Астана станциясы теміржолдық торабын дамыту, игерілген инвестициялар көлемі **71 144 млн. теңгені** құрады.
4. Локомотивтер паркін жаңарту: атқарылуы **39 530 млн. теңгені** құрады (**30 бірл.**), соның ішінде 21 бірлік локомотив сатып алынды және 5 бірлік локомотив күрделі жөндеумен қамтылды.
5. Жолаушы вагондарының паркін жаңарту: атқарылуы **30 084 млн. теңгені** (**155 бірл.**) құрады, соның ішінде 140 бірлік жолаушы вагондары сатып алынды, күрделі жөндеумен 15 бірлік жолаушы вагондары қамтылды.
6. **29 105 млн. теңге** сомасына ұзындығы **354 км** жолдың жоғарғы құрылымын күрделі жөндеу жұмысы орындалды.
7. Инфрақұрылымның жаңартылуы және сауықтырылуы: атқарылуы **45 119 млн. теңгені** құрады.
8. Жұмыскерлердің әкімшілік және әлеуметтік-тұрмыстық еңбек шарттарын жақсарту: атқарылуы **2 792 млн. теңгені** құрады.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ 2016 жылғы елеулі оқиғалары

қаңтар

28 қаңтарда Иву қаласында (ҚХР, Чжэцзян провинциясы) Қытай аумағы арқылы транзитпен Иранға баратын демонстрациялық контейнерлік пойызды жіберудің салтанатты рәсімі өткізілді.

ақпан

15 ақпанда «Саламатты Қазақстан» медициналық пойызы республиканың орталық өңірінің шалғайдағы станцияларына жолға шықты.

26 ақпанда «ҚТЖ» ҰК» АҚ Президенті А. Мамин мен Alstom Президенті А. Лафарж электровоздар шығаратын зауытта – «Электровоз құрастыру зауыты» ЖШС-де болды.



наурыз

11 наурызда Астанада «ҚТЖ» АҚ Президенті А. Мамин «Ресей теміржолдары» ААҚ басшысы О. Белозёровпен кездесті. Кездесу барысында көлік және логистика саласындағы ынтымақтастықты әрі қарай дамыту мәселелері талқыланды.

14 наурызда ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Алматы облысына жұмыс сапарының аясында «Қорғас – Шығыс қақпасы» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығында (ШЫХО), «Қорғас – Шығыс қақпасы» АЭА, Алтынкөл станциясында болды.

15 наурызда Жезқазған станциясында Жезқазған – Сексеуіл – Қызылорда бағытымен жолаушылар пойызын іске қосудың салтанатты рәсімі болып өтті.

17 наурызда Нанкин қаласында (ҚХР, Цзянсу провинциясы) «Қорғас – Шығыс қақпасы» АЭА дамытуға шетелдік инвесторларды тарту бойынша «ҚТЖ» ҰК» АҚ ұйымдастырған форум болып өтті.

29 наурызда «Біріккен көлік-логистика компаниясы» АҚ аясында бірлескен жұмысты талқылау бойынша «ҚТЖ» ҰК» АҚ Президенті А. Маминнің, «Ресей теміржолдары» ААҚ Президенті О. Белозёровтың және «Белорус темір жолдары» МБ бастығы В. Морозовтың үш жақты келісімі болды.

сәуір

7 сәуірде «ҚТЖ» ҰК» АҚ Президенті А. Мамин және Алматы облысының Әкімі А. Баталов Алматы-1 – Шу учаскесінде екінші жолдардың құрылысы кезіндегі, отандық рельстерден – «Ақтөбе рельс-арқалық зауыты» ЖШС алғашқы өнімінен дайындалған рельс-шпалды тордың бірінші буынын төсеу салтанатына қатысты.



14 сәуірде Алматы-1 вокзалында «Surdo-online» әлеуметтік жобасы іске қосылды. Сервистің жаңа түрі мүмкіндіктері шектеулі азаматтарға арналған. Соның ішінде, есту қабілеті шектеулі мүгедек жандар бар.

25 сәуірде «ҚТЖ» ҰК» АҚ Президенті А. Мамин мен «Молдова темір жолдары» МБ Бас директоры Ю. Топаланың кездесуі болып өтті. Кездесу барысында логистика, көлік, теміржолдық машина жасау саласындағы екіжақты ынтымақтастық мәселелері талқыланды.

27 сәуірде Пекинде жоғары көліктік әлеуетке иелік ететін Қытай – Қазақстан – Түркіменстан – Иран жаңа теміржол бағдарының тұсаукесері болып өтті.



18 мамырда «ҚТЖ» ҰК» АҚ Президенті А. Мамин Транскаспий халықаралық көлік бағдарын дамыту жөніндегі комитеттің төрағасы болып қайта сайланды.

19 мамырда «Атамекен» Қазақстан кәсіпкерлерінің ұлттық палатасы мен «ҚТЖ» ҰК» АҚ Кәсіпкерлікті дамыту бойынша өзара әрекеттесу туралы келісім жасады.

26 мамырда «Жаңа экономикалық шынайылық: әртараптан-дыру, инновациялар және білім экономикасы» АЭФ аясында «Ұлы Жібек жолы елдерінің форумы аясында Еуропа мен Азияның инфрақұрылымдық өзара байланысы» сессиясы болып өтті.

2 маусым «ҚТЖ» ҰК» АҚ Президенті А. Мамин Сочиде болған «Стратегиялық серіктестік 1520» XI халықаралық теміржол бизнес-форумына қатысты.

10 маусымда Алматы-2 станциясынан «Денсаулық» мамандандырылған медициналық пойызы жолға шықты.

15 маусымда Вице-президент К. Алпысбаев басқарған «ҚТЖ» ҰК» АҚ делегациясы Шанхайда болып өткен «Transport Logistic China 2016» жетінші халықаралық мамандандырылған көрмесіне қатысты.

24 маусымда ҚР Премьер-Министрі К. Мәсімов Алматы облысына жұмыс сапарының барысында Достық теміржол станциясында болды.

30 маусымда Мемлекет басшысы Н. Назарбаев Астана қаласындағы Индустриалды паркінде «Тұлпар-Тальго» вагон жасау зауытының жұмысымен танысты.



1 шілдеде «Қорғас» ШЫХО қазақстандық бөлігінде «Самұрық» орталық алаңы» бірінші инвестициялық нысаны ашылды.

5 шілдеде Шалқар және Тассай станцияларында № 377/378 Алматы – Манғышлақ» жолаушылар пойызын салтанатты түрде күтіп алды. Шалқар – Бейнеу жаңа желісін бойлай өтетін жаңа бағдар бұрын теміржол қатынасы болмаған Ақтөбе және Маңғыстау облыстарының 20 астам елді мекенін қамтыды.

12 шілдеде «Жібек жолы» жаңа кемесі Қазақстанның құрғақ жүк таситын флотын толықтырды.

29 шілдеде «ҚТЖ» ҰК» АҚ-да 2016–2019 жылдарға арналған Компанияның бизнес трансформация бағдарламасы жобаларының таныстыру бойынша Ақпараттық күн болып өтті.

тамыз

4 тамызда «ҚТЖ» ҰК» АҚ-да кәсіби мерекенің – Көлік қызметкерлерінің күні құрметіне салтанатты шара болып өтті. Шараға Қазақстан Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Б. Сағынтаев пен ҚР Инвестиция және даму министрі Ж.Касымбек қатысты.

6–7 тамызда Компания басшысы А. Мамин басқарған «ҚТЖ» ҰК» АҚ делегациясы жұмыс сапарымен Шанхай қ. (ҚХР) келді. Қытай – Еуропа – Қытай бағытында тасымалдардың көлемін ұлғайту және Қазақстанның аумағы арқылы өтетін дәліздер бойынша тиімді логистиканы қалыптастыру, сонымен қатар «Қорғас – Шығыс қақпасы» АЭА дамытуға қатысу мәселелері қарастырылды.

9 тамызда ҚР Премьер-Министрі К. Мәсімов жұмыс сапарымен Маңғыстау облысында болды. Онда «Нұрлы жол» бағдарламасының аясында өңірдің көліктік инфрақұрылымын дамыту бойынша бірқатар жобалардың жүзеге асырылу барысымен танысты.

11 тамызда Алтынкөл – Қорғас теміржолдық шекара өткелі арқылы Қытайдан Түркияға жіберілген бірінші контейнерлік пойыз сәтті жүріп өтті.

22 тамызда Hewlett Packard (HP) компаниясының өнімі тиелген 41 қырық футты контейнерден тұратын Чунцин – Дуйсбург бірінші контейнерлі пойызы Алтынкөл станциясы және «Қорғас – Шығыс қақпасы» АЭА құрғақ порты арқылы транзитпен жүріп өтті.

23 тамызда Қазақстан, Әзербайжан және Грузия теміржол әкімшіліктерінің басшылары Қазақстанның жүк жөнелтушілерімен, ірі операторларымен және жүк компанияларымен кездесті.

26 тамызда Астанада Қазақстан және Қытай шекаралық теміржол аралас комиссияларының 25-ші Кеңесі аясында бірқатар құжаттарға қол қойылды.

қыркүйек

15 қыркүйекте «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасы, Президенті болып Алпысбаев Қанат Калиұлы тағайындалды.

қазан

4 қазанда Астанада XIII Қазақстан және Ресей өңіраралық ынтымақтастығы форумының барысында Еуразиялық кеңістіктің көлік-логистика әлеуетін дамыту бағдарламасы мемлекет басшылары Н. Назарбаевқа және В. Путинге таныстырылды.

5 қазанда алғаш рет Достық теміржол станциясы арқылы Қазақстан аумағы бойынша транзитпен Чунцин – Дуйсбург бағдары бойынша контейнерлік пойыздың құрамында пошталық контейнер өтті.

18 қазанда Астанада «ҚТЖ» ҰК» АҚ еншілес ұйымы – «KTZ Express» АҚ мен ірі венгерлік көлік-экспедиция компаниясы «Rail Cargo Hungaria Zrt» арасында Азия – Еуропа – Азия бағытында халықаралық интермодальдық тасымалдарды дамыту туралы келісімге қол қойылды.

26–27 қазанда «ҚТЖ» ҰК» АҚ басшы К.Алпысбаев бастаған делегациясы Таллин қаласындағы Достастыққа қатысушы елдерінің Теміржол көлігі бойынша кеңесінің 65-отырысының жұмысына қатысты.





қараша

1 қарашада Астана теміржол станциясынан ҚР Тәуелсіздігінің 25-жылдығын мерекелеу аясында «Тәуелсіз Қазақстан» жолаушылар пойызы жолға шықты.

10 қарашада Алматы облысына жұмыс сапарының аясында ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары А. Мамин «Қорғас – Шығыс қақпасы» АЭА және «Қорғас» ШЫХО объектілерінде болды.

16 қарашада К. Алпысбаев басшылық етуімен «ҚТЖ» ҰК» АҚ делегациясы Ляньюньган қ. (ҚХР) «Жаңа Еуразиялық құрлықтағы экономикалық дәліз көпірін құру» халықаралық форумына қатысты.

17 қарашада Ақтөбе рельс-арқалық зауыты Кедендік одақтың «Теміржол көлігі инфрақұрылымының қауіпсіздігі туралы» Техникалық регламенті талаптары бойынша сәйкестік сертификатын алды.

25 қарашада «ҚТЖ» ҰК» АҚ делегациясы Бакудегі «Стратегиялық серіктестік 1520: Каспий өңірі» теміржол бизнес-форумының жұмысына қатысты.

28 қарашада «ҚТЖ» ҰК» АҚ басшысы К. Алпысбаев Ашхабадта халықаралық тұрақты көлік жөніндегі БҰҰ Жаһандық конференциясына қатысу аясында көлік және логистика саласында ынтымақтастықты дамыту мәселелері бойынша екі жақты кездесулер өткізді.

28 қарашада ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары А. Маминнің ҚХР-на жұмыс сапары аясында «ҚТЖ» ҰК» АҚ басшысы К. Алпысбаев Сяньян қ. Басшылығымен, сонымен қатар ірі қытайлық компаниялардың өкілдерімен «Қорғас – Шығыс қақпасы» АЭА жобаларын бірлесіп жүзеге асыру мәселелерін талқылады.



жел-тоқсан

1 желтоқсанда Алтынкөл станциясы және «Қорғас – Шығыс қақпасы» АЭА құрғақ порты арқылы Қытай – Еуропа бағытында 1 000-ншы контейнерлік пойыз өтті.

6 желтоқсанда Индустрияландыру күні аясында Мемлекет басшысы Жалпыұлттық телекөпір барысында «Нұрлы жол» бағдарламасы бойынша «ҚТЖ» ҰК» АҚ жүзеге асыратын нысандарды іске қосуды бастап берді. Құрық портының бірінші қосу кешенінің және Алматы-1 – Шу теміржол учаскесіндегі екінші жолдардың бірінші іске қосу кешенінің нысандары пайдалануға енгізілді.

8 желтоқсанда Қазақстан, Әзербайжан және Грузия арасындағы жүктерді тасымалдау көлемінің өсу мәселелері Бакуде теміржол әкімшіліктерінің басшылары К. Алпысбаев, Д. Гурбанов және М. Бахатадзе кездесуінде талқыланды.

9 желтоқсанда шамамен 30 инновациялық жоба «ҚТЖ» ҰК» АҚ жастар форумында таныстырылды.

14 желтоқсанда «ҚТЖ» ҰК» АҚ басшысы К. Алпысбаев Сяньян қ. (ҚХР) Халық Үкіметінің партком хатшысы Юе Лянмен келіссөздер жүргізді.

15 желтоқсанда Астана – Қарағанды және Астана – Көкшетау қатынасымен жайлылығы жоғары екі жаңа электрпойыз салтанатты түрде іске қосылды.



3. АКТИВТЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ



Жер

«ҚТЖ» ҰК» АҚ активтер портфелінің құрылымы Қазақстанның бүкіл аумағында бейінді және бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын және Қазақстанның барлық аумағында географиялық бола алатын еншілес, тәуелді және бірлесе бақыланатын ұйымдары бар, атқарымдық ұстаным бойынша ұйымдастырылған тігінен біріктірілген компанияның құрылымы болып табылады.

2017 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша акция (үлес) пакеттері «ҚТЖ» ҰК» АҚ тікелей немесе жанама тиесілі болатын ұйымдар бойынша ақпарат

100%

1. «Казтранссервис» АҚ

25%

1.1. «Eurotransit – KTC» ЖШС

16,3%

1.2. «YuXinOu (Chongjing) Logistics Co.» Ltd» БК

100%

2. «Жолаушылар тасымалы» АҚ

100%

- 2.1. «Қала маңындағы тасымал» АҚ
- 2.2. «Вагонсервис» АҚ
- 2.3. «Жолаушылар лизингілік вагон компаниясы» АҚ
- 2.4.** «Жүк тасымалы» АҚ

100%

3. * «Вокзал-сервис» АҚ

51%

4. «Транстелеком» АҚ

100%

5. «Әскерилендірілген темір жол күзеті» АҚ

100%

6. «Қазтеміртранс» АҚ

100%

- 6.1. «Көлік қызметтері орталығы» АҚ
- 6.2. «Kazakhstan Temir Zholy Finance B.V.» жауапкершілігі шектеулі компаниясы

90%

6.3. «Өңірлік форвардтық логистика» ЖШҚ

69,94%

6.4. «Қазақстан вагон жасау компаниясы» ЖШС

50%

- 6.5. «Астық Транс» АҚ
- 6.6. ***«Росказжелдортранс» ЖШҚ

100%

7. «ҚТЖ-Жүк тасымалдары» АҚ

100%

- 7.1. «Бас-Балхаш 2004» ЖШС
- 7.2. «Рауан-Бурабай» ЖШС
- 7.3. «МАК-ЕКІБАСТҰЗ» ЖШС

100%

8. «Теміржолсу» АҚ

100%

- 8.1. «Теміржолсу-Ақтөбе» ЖШС
- 8.2. «Теміржолсу-Маңғыстау» ЖШС
- 8.3. «Теміржолсу-Қызылорда» ЖШС
- 8.4. «Теміржолсу-Көкшетау» ЖШС
- 8.5. «Теміржолсу-Қарағанды» ЖШС
- 8.6. «Теміржолсу-Павлодар» ЖШС
- 8.7. «Теміржолсу-Алматы» ЖШС
- 8.8. «Теміржолсу-Арыс» ЖШС
- 8.9. «Теміржолсу-Шү» ЖШС
- 8.10. «Теміржолсу-Қостанай» ЖШС
- 8.11. «Теміржолсу-Аягөз» ЖШС
- 8.12. «Теміржолжылу-Атырау» ЖШС

Басқарма
жолдауы

«ҚТЖ» ҰК» АҚ
тұрағы ақпарат

Қызмет
нәтижелері

Активтердің
құрылымы

Мақсаттар мен
жоспарлар

Төзекелерді
басқару

Корпоративтік
басқару

Қаржылық
есептік

100%

9. «Ремлокомотив» АҚ

51%

9.1. «TEMIR ZHOL ELECTRIFICATION» (ТЕМІР ЖОЛ
ЭЛЕКТРИФИКАЦИЯ) ЖШС

99,99926%

9.2. «Тұлпар-Тальго» ЖШС

25%

9.3. «Электровоз құра-
стыру зауыты»
ЖШС

30%

9.4. «Ақтөбе рельс-арқалық
зауыты» ЖШС

100%

10. «KTZ Express» АҚ

100%

10.1. «Қорғас – Шығыс қақпасы»
АЭАБК» АҚ

10.2. «Airport Management Group» ЖШС

49%

10.2.1. «Airport Management Services» ЖШС

100%

10.3. «KTZ EXPRESS SHIPPING» ЖШС
10.4. «Xinjiang KTZ International Logistics
Co.Ltd» шетелдік капиталымен
компания
10.5. «KTZ Express Hong Kong» ЖШҚ
10.6. «KTZE-Khorgos Gateway» ЖШС

100%

10.2.2.**** «Көкшетау әуе компаниясы» АҚ
10.2.3.**** «Астана халықаралық әуежайы» АҚ
10.2.4.**** «Қостанай халықаралық әуежайы» АҚ
10.2.5.**** «Петропавл халықаралық әуежайы» АҚ
10.2.6.**** «Шымкент әуежайы» АҚ
10.2.7.**** «Ақтөбе халықаралық әуежайы»
Акционерлік қоғамы
10.2.8.**** «Атырау халықаралық әуежайы»
Акционерлік қоғамы
10.2.9.**** «Павлодар әуежайы» Акционерлік
қоғамы

49%

10.7. «Ляньюньган Қытай-Қазақстан
халықаралық логистикалық компа-
ниясы» ЖШҚ

30%

10.8. «Ақтау Теңіз Солтүстік Термина-
лы» ЖШС

30%

10.9. «Continental Logistics» ЖШС

90%

10.9.1. «Continental Logistics Shymkent» ЖШС

49%

10.9.2. «Орталық-Азия сауда үйі» СБ

100%

10.10. **** «Қорғас» шекара маңы ынты-
мақтастық халықаралық орта-
лығы» АҚ

100%

10.10.1. «Қорғас-Сервис» ЖШС
10.10.2. «Қорғас-Энерго» ЖШС
10.10.3. «Қорғас-Күзет» ЖШС
10.10.4. «Қорғас-Коммерц» ЖШС

70%

10.11. «Қызылорда қаласының әуе терминалы» ЖШС*

100%

11. «Қазақ көлік және коммуникация академиясы» АҚ

100%

11.1. «М. Тынышпаев ат.Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы» АҚ Ақмола
колледжі» ЖШС
11.2. «М. Тынышпаев ат.Қазақ көлік және коммуникациялар академиясының Ақтау көлік
колледжі» ЖШС
11.3. «М. Тынышпаев ат.Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы» АҚ «Ақтөбе көлік және
коммуникациялар колледжі» ЖШС
11.4. «М. Тынышпаев ат.Қазақ көлік және коммуникациялар академиясының Шымкент көлік
колледжі» ЖШС
11.5. «М. Тынышпаев ат.Қазақ көлік және коммуникациялар академиясының Алматы көлік
колледжі» ЖШС
11.6. «АТБ+» ЖШС

25%

11.7. «RailwaysEcoEnergy» ЖШС

100%

11.8. «ҚазККА» АҚ «Инжиниринг орталығы» ЖШС



* тарату кезеңінде

** «ПП» АҚ-на қосу арқылы қайта ұйымдастыру кезеңінде

*** өндірістік қызметті жүзеге асырмайды

**** сенімгерлік басқаруда

***** «Қамқор» Жөндеу корпорациясы» ЖШС-де сенімгерлік басқаруда

4. БОЛАШАҚ КЕЗЕНДЕР ҮШІН МАҚСАТТАР МЕН ЖОСПАРЛАР



Су

Компанияның миссиясы

«Біз жүйе құрайтын инфрақұрылымдық компания ретінде ҚР экономикасының тұрақты дамуына негіз болатын сапалы көлік қызметімен қамтамасыз етіп отырмыз, Акционер үшін бағаны түземіз, және сұранысқа ие әрі бәсекеге қабілетті көлік-логистика қызметтерін көрсете отырып, тұтынушылар мен қоғамға пайдамызды тигіземіз»

Стратегиялық бастамалар

2025 жылға дейінгі даму стратегиясы «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесімен 2015 жылғы 26 қарашада бекітілді. 2016 жылғы 11 ақпанда өзгертулер мен толықтырулар енгізілді.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Миссиясы мен Мақсаттарына тиімді қол жеткізу үшін мынадай стратегиялық мақсаттар бойынша жоспарлы түрде әрекет етуге ниетті:

- ▶ акционерлік капиталдың жиынтық құнын арттыру;
- ▶ тасымал қауіпсіздігі;
- ▶ клиенттердің көңілінен шығу;
- ▶ тиімді корпоративтік басқару;

- ▶ әлеуметтік тұрақтылық;
- ▶ экологиялық қауіпсіздік.

Біз «ҚТЖ» ҰК» АҚ басты мақсаты – Акционердің талаптарын қанағаттандыратын және «ҚТЖ» ҰК» АҚ менеджменті қызметінің тиімділігін/тиімсіздігін бағалайтын көрсеткіш ретінде акционерлік капиталдың жиынтық құнын барынша көбейту.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ стратегиялық және қысқа мерзімді кезеңдердегі барлық әрекеттері рентабельділіктің (таза пайданың) өсуі есебінен акционерлік капиталдың жиынтық құнын барынша көбейтуге бағытталған.



«ҚТЖ» ҰК» АҚ стратегиялық бастамалардың 8 блогына ден қояды:

01

Ішкі нарықтағы сату қызметін дамыту.

Мақсаты: автокөлік тасымалына ауысуға бейім сегменттердегі бәсекеге ден қоя отырып, еліміз нарығындағы жүк айналымы көлемін төмендетпеу және арттыру.

Өз вагондарын өтелге шығару деңгейін арттыру.

Мақсаты: қолда бар тозығы жетпеген вагон паркінен түсетін табысты арттыру, сондай-ақ, вагондармен операция жүргізу бойынша рынокта үздік ұсыныстар жасау арқылы жүк тасымалдаушыларға қолайлы жағдай жасау.

02

03

Контейнерлік транзитті дамыту.

Мақсаты: контейнерлік жүкті мүмкіндігі жоғары сегмент ретінде дамыту арқылы Қытай, Еуропа, Таяу Шығыс және Ресеймен арадағы транзиттік жүк айналымы көлемін арттыру.

Жолаушылар тасымалының тиімділігін арттыру.

Мақсаты: бағыт арқылы жойылатын құн көлемін төмендету, «Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның реттелетін бағыттардағы шығындарын жабуға кететін субсидия көлемін азайту. Бұл нәтижеге темір жол саласындағы қызметтерді сақтай отырып, тасымал көлемін арттыру және көрсетілетін қызмет сапасын көтеру арқылы бір мезгілде қол жеткізуге болады.

04

05

Операциялық тиімділікті арттыру.

Мақсаты: «ҚТЖ» ҰК» АҚ бизнесінің сыртқы және ішкі нарықтарда дамуына жағдай жасау. Атап айтқанда, транзиттік тасымал әлеуетін толық пайдалану үшін «ҚТЖ» ҰК» АҚ локомотив шаруашылығы мен инфрақұрылымдық шығындарды оңтайландыру жағынан көшбасшылық позицияға шығуы тиіс.

Жобалық кеңсені дамыту (стратегиялық бастамалардың тиімділігін қамтамасыз етіп, оларды іске асыру мерзімін қысқарту үшін).

Мақсаты: стратегиялық бастамалардың тиімділігін жоғарылату және оларды іске асыруға кететін уақытты қысқарту. Жобалық кеңсе стратегиялық бастамаларды жүзеге асыру барысында туындап отыратын күнделікті мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.

06

07

Мемлекеттік реттеу жүйесін өзгерту.

Мақсаты: ҚТЖ компаниялар тобының жүк тасымалынан келетін табысын арттыру, ал жолаушылар тасымалына жеке меншік тасымалдаушыларды тарту, тасымалдаушыларды жалпы тасымал көлемі артқан жағдайда «плацкарт» және «купе» вагондарында тасымалдау тарифін өсіруге және тиімділігін арттыруға ынталандыру мақсатында субсидиялау жүйесін өзгерту.

Қытайдың Қазақстан арқылы жасалатын транзит тасымалын қолдауы.

Мақсаты: тасымал бағасын төмендетпей мақсатты контейнерлік транзит көлемін арттыру.

08

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ының 2025 жылға дейінгі Даму стратегиясында белгіленген мақсаттарды жүзеге асыру үшін 2016 жылы келесі шаралар атқарылды.



Ішкі нарықтағы сату қызметін дамыту

Ішкі нарықтағы сату қызметтерін дамыту үшін, Дара акционер «Самұрық-Қазына» АҚ Дара акционері бастаған «ҚТЖ» ҰК» АҚ бизнесті трансформациялау бағдарламасының аясында, «Локомотив» АҚ және Тасымал процесінің дирекциясы базасында – «ҚТЖ-Жүк тасымалдары» АҚ Ұлттық жүк тасымалдаушысы құрылды. Ол жүктерді тасымалдау қызметіне 2016 жылғы 1 шілдеден бастап кірісті.



Контейнерлік транзиттің дамуы

Қосымша контейнерлік жүк ағындарын тарту және тасымалданатын номенклатураның коммерциялық құрылымын жақсарту есебінен транзиттік тасымалдардан түскен табыстар 2016 жылы 212,8 млрд. теңгеге дейін (2015 жылы 156,8 млрд. теңге) немесе 2015 жылғы деңгеймен салыстырғанда 35%-ға өсті.

Соның нәтижесінде транзиттік тасымалдардан түсетін табыстар Компания табыстарының жалпы құрылымында 35% дейін ұлғайды. Жүк айналымының жалпы көлемінің 12% құрады.

Сонымен бірге, Қытай бағытында Еуропадан келетін кері жүктеме 50% қамтамасыз етілді (ҚХР – ЕС бағытында 808 контейнерлік пойыздар құрамында **70 174 ДФЭ** және ЕС – ҚХР бағытында 404 контейнерлік пойыз құрамында **34 391 ДФЭ**).

Өткен жылы Қазақстанның Транскаспий бағытындағы басым транзиттік бағдарлары бойынша (4 пойыз) және Солтүстік-Оңтүстік бағдары бойынша (1 пойыз) контейнерлік пойыздар ұйымдастырылды.

» **Табыстар**
212,8
млрд. теңге



«Нұрлы жол – болашаққа жол» инфрақұрылымдық жобалары

2016 жылдың тамызында ұзындығы **16,6 ШАҚЫРЫМ БОЛАТЫН**, салынып жатқан Құрық паромдық кешенін магистралды теміржол торабымен жалғастыратын **БОРЖАҚТЫ – ЕРСАЙ ТЕМІРЖОЛ** желісі пайдалануға берілді.

2016 жылдың желтоқсанында ұзындығы 53,2 шақырым болатын Алматы – Шу **АЛҒАШҚЫ ҚОСЫЛАТЫН ТЕМІРЖОЛ** желісінің кешені пайдалануға берілді. Соның ішінде келесі учаскелер бар: Кемер ст. – Көк Төбе ст. – 6,8 км; Көк Төбе ст. – Еспе ст. – 10,2 км; Еспе ст. – Шоқпар ст. – 7,5 км; Саз ст. – Жирен Айғыр ст. – 6,3 км; Жирен Айғыр ст. – Қазыбек Бек ст. – 5,7 км; Қазыбек Бек ст. – Жыңғылды ст. – 7,4 км; Жыңғылды ст. – Шамалған ст. – 9,32 км.

Өткен жылдың желтоқсанында Құрық порты алғашқы іске қосу кешені пайдалануға енгізілді.

2016 жылы «Қорғас – Шығыс қақпасы» АЭА аумағында «Құрғақ порт» пен инфрақұрылымның **ҚҰРЫЛЫСЫ АЯҚТАЛДЫ**. АЭА жалпы ауданы 579 га құрайды және Құрғақ порт (129,8 га), логистикалық (224,9 га) және индустриалдық аймақты (224,4 га) қамтиды.



Жолаушылардың тасымалдарын дамыту

2012 жылдан бастап «ҚТЖ» ҰК» АҚ жүрдек жолаушы тасымалдарын ұйымдастыру бағдарламасын іске асырып келеді. Бүгінде, Қазақстанның барлық ірі қалаларын жүрдек жолаушы бағдарлары торымен байланыстыратын **14 БАҒДАР** енгізілді. 2020 жылға дейін 8 бағдар бойынша шанағы кең «Тұлпар-Тальго» вагондарынан жаңа құрамдарды енгізу жоспарланып отыр.

2016 жылдың желтоқсанында Астана – Алматы және Алматы – Шымкент 2 әлеуметтік маңызы зор бағдар жаңа «Тұлпар-Тальго» өзгертілген (кең шанақты) вагондарымен жаңартылды.

Трансформация бағдарламасын жүзеге асыру

2015 және 2016 жылдары «ҚТЖ» ҰК» АҚ Даму стратегиясын өзектендіру, процестердің үлгілерін қалыптастыру бойынша жұмыс жалғастырылды, қызметтің стратегиялық басты көрсеткіштері бекітілді, КПД ағашы және жаңа АТ-архитектурасы әзірленді.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ бизнесінің трансформациясы бағдарламасының аясында Компания Орталық аппараттың рөлі мен өз операциялық үлгісін қайта қарастырды. Оның жаңа құрылымы Директорлар кеңесімен 2016 жылдың 21 сәуірінде бекітілді. Корпоративтік орталықтың жаңа

функцияларының бірі болып «Белсенді басқару» қарастырылды. Ол бизнес-бірліктердің қызметіне оперативті түрде араласуды төмендетіп, стратегиялық қызметтердің маңыздылығын арттыруды қарастырады. Атап айтқанда, басқарушы директорлардың позицияларын есептен шығару есебінен басқарудың деңгейлерін оңтайландыру жүргізілді. Адам факторларының стратегиялық рөлі (HR) көтерілді. Еңбекті қорғауға және қауіпсіздік техникасына (HSE), сонымен қатар ақпараттық технологиялар (АТ) мәселелеріне үлкен назар аударылды.



**2016 жылдың маңызды нәтижесі
мақсатты ұйымдық құрылымға
көшу болып табылады.**

Бағдарламаның барлық жобалары 2016 жылдың 13 желтоқсанында «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобының бизнесті жаңарту және трансформациялау кеңесі бекіткен Жобалар портфелінде құрылымдалды.

Сонымен, басымдықтар қатарына келесі жобалар кірді:

- «Техникалық қызмет көрсетуді және жөндеулерді (ТҚЖЖ) басқарудың жаңа үлгісін енгізу»;
- «Жоспарлаудың біріктірілген жүйесі»;
- «Маркетинг пен сатылымның жаңа үлгісін енгізу»;
- «Сатып алуларды категориялы басқару»;
- «Өндірістік қауіпсіздікті басқару бойынша жаңа үлгіні енгізу»;
- «Кәсіпорынды басқарудың негізгі процестерін енгізу».

Компанияның экономикалық көрсеткіштеріне жанама әсер ететін жобалар фондық ретінде анықталды және тиісті құрылымдық бөлімшелерге бекітілді.

Барлық жобалар бойынша қойылған мақсаттарға қол жеткізу және бизнес-тиімділіктерді алу үшін жауап беретін басқарудың жоғарғы буынынан Демеуші тағайындалды. Жоба командалары құрылды және командаларды басқаратын жоба басшылары анықталды.

2016 жылдың маңызды нәтижесі мақсатты ұйымдық құрылымға көшу болып табылады.

Консультанттардың қатысуымен «ҚТЖ» ҰК» АҚ трансформация бағдарламасының командасы үлкен жұмыс атқарды. Оның қорытындысы бойынша 2016 жылдың сәуірінде Компанияның қайта құрылымдалуы басталды.

2016 жылдың шілдесінде Қазақстан Республикасының жүк теміржол тасымалдаушысы – «ҚТЖ-Жүк тасымалдары» АҚ құрылды. Бұл еншілес ұйымдардың қатарын және барлық желі бойынша құрылымдарды оңтайландыруға рұқсат берді.

Контейнерлік парктің операторы – «Казтранс-сервис» АҚ «КТЗ Express» мультимодальды көлік-логистика компаниясына қосылды.

Жаңа құрылымның қызметін қамтамасыз ету, сонымен қатар Компания бөлімшелерінің

2016 жылдың шілдесінде Қазақстан Республикасының жүк теміржол тасымалдаушысы – «ҚТЖ-Жүк тасымалдары» АҚ құрылды. Бұл еншілес ұйымдардың қатарын және барлық желі бойынша құрылымдарды оңтайландыруға рұқсат берді.

тапсырмаларды қайталауын болдырмау мақсатында Орталық аппараттың құрылымдық бөлімшелері және филиалдар туралы ереже қарастырылды және келісілді.

Job matching жобасының аясында жоғарғы басшылықтың лауазымын сипаттау аяқталды. Грейдирлеу, Job matching және мақсатты құрылымға сәйкес қызметке тағайындау бойынша іс-шараларды қамтитын өту жоспары әзірленді. CEO-1 лауазымдары үшін Job matching жүргізу жоспарланып отыр, әрі қарай Корпоративтік орталық және «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ үшін Job matching процедуралары жүргізіледі.

2016 жылдың қарашасында «Астана қаласында көп функциялы қызмет көрсету орталығын құру» пилоттық жобасы іске қосылды. Жобаның ұйымдастырушылық периметріне Астана қаласында орналасқан филиалдар кірді, бухгалтерлік, салық және кадрлық есептер қамтылған. ЖҚО құру жеке филиалдан шығару және бір орталықта шоғырландыру арқылы жалпы, қайталанатын көмекші бизнес-процестерді жоюға бағытталған, бұл өндірістік процесске тікелей қатысы жоқ функцияларды басқарудан филиалдардың басшыларын босатуға мүмкіндік береді.

Әрі қарай, 2017 жылы келешекте ірілендіру мүмкіндігімен, НЖС қызмет ету орындарында 11 өңірлік орталықтарды құру арқылы Компания филиалдарына жобаны тираждау жүзеге асырылатын болады.

5. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ



Ауа

«ҚТЖ» ҰК» АҚ тәуекелдерді басқаруды Компания мен өзінің еншілес ұйымдарындағы корпоративтік басқарудың маңызды бөлігі деп біледі. Ол компанияның құнына және беделіне нұқсан келтіретін қауіп-қатерлерді дер кезінде анықтап, оны төмендетуге бағытталған іс-шаралар қолдануға мүмкіндік береді.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-да тәуекелдерді корпоративтік басқару жүйесі «Самұрық-Қазына» АҚ ұсыныстарын орындау шеңберінде енгізіліп отыр. Оған сәйкес, тәуекелдерді корпоративтік басқару жүйесі COSO «Тәуекелдерді корпоративтік басқару – Интеграцияланған үлгі» (2004) үлгісі бойынша жүзеге асырылуы тиіс.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ ішкі аудит қызметі жүргізген бағалау нәтижесіне («Самұрық-Қазына» АҚ-ның еншілес және тәуелді ұйымдарындағы тәуекелдерді корпоративтік басқару жүйесінің тиімділігін бағамдау әдісіне сәйкес) сүйенсек, 2016 жылы тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділік деңгейі 59,1% құраған.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ ішкі аудит қызметі жүргізген бағалау нәтижесіне («Самұрық-Қазына» АҚ-ның еншілес және тәуелді ұйымдарындағы ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағамдау әдісіне сәйкес) ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі деңгейі 2016 жылы 89,8% құрады.

2016 жылы Тәуекел жөніндегі комитет, Басқарма мен Компанияның Директорлар кеңесінің қызметі тәуекелдерді корпоративтік басқару жүйесін әрі қарай жетілдіру және оны әлемдегі үздік тәжірибелерге сәйкестендіруге бағышталды.

2016 жылы тәуекелдерді корпоративтік басқару жүйесінің тиімділігін арттыру мақсатында төмендегідей бірқатар маңызды іс-шаралар іске асырылды:

1. Компанияның Тәуекелдер жөніндегі комитетінің құрамына өзгерістер енгізілді.
2. Тәуекелдерді хеджирлеу бойынша «ҚТЖ» ҰК» АҚ Ережелері бекітілді.
3. «ҚТЖ» ҰК» АҚ банк-контрагенттеріне баланстық және баланстан тыс міндеттемелер

бойынша лимиттер орнатылды (шоғырландырылған негізде).

4. 2016 жылы Компанияның тәуекелдерін корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру бойынша іс-шаралар жоспары бекітілді.
5. «ҚТЖ» ҰК» АҚ негізгі тәуекелдерін сипаттаумен және талдаумен тәуекелдерді, сонымен қатар 2015 жылдың қорытындысы бойынша «ҚТЖ» ҰК» АҚ тәуекелдерді барынша азайту бағдарламалары мен жоспарларын жүзеге асыру бойынша мәліметтерді басқару департаменті директорының есебі бекітілді.
6. Ішкі бақылау жүйесін жетілдіру бойынша іс-шаралар жоспары бекітілді.
7. Тәуекелдерді басқару саясатына өзгертулер мен толықтыруларды енгізу бекітілді.
8. «Самұрық-Қазына» АҚ Тәуекелдерді басқару жөніндегі референстік үлгіні ескере отырып, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Тәуекелдерді басқару саясатына өзгерістер мен толықтырулар бекітілді.

Компания «ҚТЖ» ҰК» АҚ аудиттелген жылдық шоғырландырылған және жеке қаржылық есептілігі форматында «Қаржылық құралдар, мақсаттар мен қаржылық тәуекелдерді басқару саясаты» ескертпесін ашады.

Компания қызметіне және стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге теріс әсер етуі мүмкін келесі негізгі тәуекелдерге тап болуы мүмкін:



Әлемдік экономиканың дағдарыстық құбылыстарын жаңғырту және шикізатқа бағаны төмендету салдарынан жүк тасымалдары деңгейін төмендету (нарықтық тәуекел)

Экономикалық шарттардың нашарлауы теміржол көлігімен жүктерді тасымалдау бойынша ұсынылатын қызметтер көлемінің төмендеуіне, еңбек өнімділігінің төмендеуіне, сатылған өнім мен көрсетілген қызметтердің өзіндік құнының ұлғаюына әкелуі мүмкін және жоспарланған

көрсеткіштердің атқарылуына теріс әсер етеді. Компания өз қызметінің тиімділігін жоғарылату, транзиттік тасымалдарды ұлғайту бойынша, сонымен қатар дағдарысқа қарсы шараларды жүзеге асыру бойынша шараларды жүзеге асырады (шығындарды қосымша қысқарту).

Операциялық тәуекелдер (қозғалыс қауіпсіздігі, еңбек қорғау және экологиялық тәуекелдер)

Топ Қазақстанның темір жол инфрақұрылымының қожайыны және операторы болып табылады. Сонымен қатар, Қазақстандағы жолаушы және жүк жылжымалы құрамдарының, локомотивтердің иеленушісі әрі операторы. Сондықтан Топ қозғалыс қауіпсіздігі, пойыздар қақтығысы қаупі, жүк және/немесе жолаушы пойыздарының магистральдарда, станциялар мен өткелдерде және/немесе станцияларда маневр жасау барысында, табиғи апаттарда рельстен шығып кету қаупі бар. Осы тәуекелді басқару үшін «ҚТЖ» ҰК» АҚ пойыздар қозғалысына қатысты қа-

уіп-қатерлерді төмендетіп, қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету және ұйымдастыру жөніндегі профилактикалық шараларды тұрақты түрде күшейтіп отырады. «ҚТЖ» ҰК» АҚ өндірістік жарақаттар қаупін басқару шеңберінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету және еңбек қорғау, өндірістік жарақаттардың алдын алу және еңбек етуге қолайлы жағдай жасау шараларын іске асырып келеді. Сонымен қатар, өз қызметкерлерін еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару барысында туындайтын түрлі жазатайым жағдайлар-дан міндетті сақтандыруды қамтамасыз етеді.

Валюталық тәуекел

Компанияның бұл бағыттағы тәуекелдері негізінен АҚШ доллары бағамындағы өзгерістермен тығыз байланысты. Себебі, компания заемды көп жағдайда АҚШ долларымен алады. Сондықтан теңгенің АҚШ долларына шаққандағы бағамының әлсіреуі (девальвация) бағамдық айырмашылық бойынша шығыстардың ұлғаюын білдіреді. Осы тәуекелді басқару шеңберінде Компания күн сайын USD/ KZT валюталық бағамының өзгеруін мониторингтен өткізіп, валюта бағамының өзгеруіне ықпал ететін: USD/ RUR, USD/EUR, мұнай мен шикізат бағасы сынды факторларды зерделеп отырады. Сонымен қатар, компания уақытша бос жатқан ақшаны басқарумен байланысты валюталық тәуекелді бақылау мақсатында, Компанияның қаржылық нәтижесіне валюталық тәуекелдің әсерін төмендету мақсатында қаржы нарықтарының конъюктурасына мониторинг, ВСД валюталық таралуын басқару, сонымен қатар заемдарды шетелдік валютада қайта қаржыландыру бойынша шаралар жүргізіледі.

2014 жылы 20-маусымда «ҚТЖ» ҰК» АҚ Швейцария қор биржасында жалпы сомасы

285 000 мың швейцар франкі (100 млн. швейцар франкі, пайыздық мөлшерлемесі 2,59 пайыз, өтеу мерзімі 2019 жылдың 20-маусымына дейін және 185 млн. швейцар франкі, пайыздық мөлшерлемесі 3,638%, өтеу мерзімі 2022 жылдың 20-маусымы) болатын екі транш орналастырды. Швейцар франкімен белгіленген еурооблигациялардың шығарылымы «ҚТЖ» ҰК» АҚ транзиттік жүк тасымалында швейцар франкімен табыс алуы есебінен «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның валюталық тәуекелін «табиғи жолмен» хеджирлеуге мүмкіндік берді.

Әлемдік нарықтағы мұнай бағасының төмендеуі, ресей рублі мен өзге де әлемдік валюталар бағамының тұрақсыздығы валюта нарығындағы қауіп-қатерді арттырып отыр. Соған байланысты компания 2015 жылдың 7-тамызынан бастап, «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның жекелеген және шоғырландырылған қаржылық есебін жасау барысында сатудан швейцар франкі түрінде түсетін пайданың теңгеге шаққандағы өзгеріске ұшырау қаупін төмендету мақсатында ақша ағынын хеджирлеуді арнайы есепке алуға көшті.

Ақпараттық-технологиялық тәуекелдер

Топ пойыздардың қозғалыс кестесі мен темір жол операцияларының басқа да аспектілерін үйлестіру, сондай-ақ, бухгалтерлік есеп жүргізу, жолаушылар пойыздарына билет сату, жүктің жеткізілу барысын қадағалау және тағы басқа көптеген функцияларды орындау үшін телекоммуникациялық желілерді және компьютер жүйелерді пайдаланады. Топ пайдаланатын бағдарламалық жасақтама және жабдықтар оператордың қатесінен, табиғат апаты мен электр жарығының сөнуінен, қаскөйлердің қолынан, компьютерлік вирустардан зардап шегіп,

істен шығуы әбден мүмкін. Ақпараттық технологиялардың істен шығуына және ақпараттық қауіпсіздіктің бұзылуына жол бермеу үшін, ақпараттық қауіпсіздік талаптарын, қызметтік, коммерциялық және Қазақстан республикасының заңдары арқылы қорғалатын өзге де құпияларды сақтау талаптарын орындау мақсатында жыл сайын топтың құрылымдық бөлімшелерінде тексеру жүріп отырады. Компания ақпараттық қауіпсіздік саласы бойынша халықаралық ISO/IEC 27001:2005 стандартына сай деп танылды.



6. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ



Ауа

«ҚТЖ» ҰК» АҚ корпоративтік басқару жүйесін жетілдірудің маңыздылығын түйсінеді және өз қызметінің ашық, әділ болуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ, Корпоративтік басқару кодексінің негізгі қағидаттарын іс жүзінде қолданысқа енгізуге тырысады. «ҚТЖ» ҰК» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің жаңа редакциядағы нұсқасы жалғыз акционердің («Самұрық-Қазына» АҚ басқармасының 2015 жылы 27-мамырдағы отырысы, №22/15 хаттама) шешімі негізінде бекітілді.

Кодекстің мақсаты: корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру және жүйелендіру, ұйымдарды басқару ісінде мейлінше ашықтықты қамтамасыз ету болып табылады. Кодекс 7 бөлімнен және 2 тараудан тұрады. Бірінші тарауда негізгі қағидаттар, «Аңдатпалар» деп аталатын екінші тарауда осы негізгі ұстанымдарға түсініктеме берілген:

Дара акционер

Компанияның жоғарғы органы Дара акционер – «Самұрық-Қазына» АҚ атқарады. Компания қызметіне жалпы басшылық ету құзыры Директорлар кеңесіне берілген.

Корпоративтік басқару Дара акционердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және құрметтеу қағидасына негізделген. Дара акционер заңмен және Жарғы қарастырылған құқықтарға ие.

Дара акционердің ерекше құзыретіне мынадай мәселелер кіреді:

- ▶ Компания Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оның жаңа редакциядағы нұсқасын бекіту;
- ▶ Корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ, оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

Директорлар кеңесі

Директорлар кеңесі Компанияның стратегиялық мақсаттарын, дамудың басым бағыттарын анықтайды және ұзақ мерзімдік келешектегі негізгі бағдарларын белгілейді, алға қойған мақсаттарға қол жеткізуге қажетті қаржылық және адами ресурстармен қамтамасыз етеді.

Директорлар кеңесі «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның атқарушы органының қызметін қадағалайды.

Директорлар кеңесі құрамының құрылымы Дара акционер мүддесінің әділ әрі объективті қорғалуын қамтамасыз етеді.

1. Үкімет қордың акционері.
2. Қор мен ұйымдардың өзара байланысы.
3. Орнықты даму.
4. Акционерлердің құқықтары және оларға әділ қатынас.
5. Директорлар кеңесі мен атқару органының тиімділігі.
6. Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит.
7. Ашықтық.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ корпоративтік басқару жүйесі жыл сайын «Самұрық-Қазына» АҚ тобының компанияларындағы корпоративтік басқаруды диагностикалау әдістемесі негізінде бағаланып отырады.

Бағалау нәтижесі бойынша корпоративтік басқару рейтингі беріледі.

- ▶ Компанияны өз еркімен қайта құру немесе тарату;
- ▶ Компанияның жылдық қаржылық есебін бекіту;
- ▶ Компанияның есеп беріліп отырған қаржылық жылдағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, қарапайым акциялар бойынша дивиденд төлеу туралы шешім қабылдау және Компанияның бір жай акциясына төленетін дивиденд мөлшерін бекіту;
- ▶ Заң және (немесе) Жарғы бойынша Компанияның Дара акционердің құзырына берілген басқа да мәселелерге қатысты шешімдер қабылдау.

Дара акционер Компаниядағы басқа органдардың Компанияның ішкі қызметіне қатысты қабылдаған кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

Директорлар кеңесінің сандық құрамын Дара акционер белгілейді. Директорлар кеңесіне тек жеке тұлға ғана мүше бола алады.

Дара акционер Директорлар кеңесі мүшелерін сайлау (тағайындау) туралы шешім қабылдаған кезде Директорлар кеңесі мүшелігінен үміткерлерге қойылатын мынадай талаптарды басшылыққа алады:

- Компанияның Дара акционері мен Директорлар кеңесінің өзге мүшелерінің үміткерге сенім білдіруі;
- үміткердің іскерлік және салалық ортада қол жеткізген жетістіктері мен кіршіксіз беделі;

- үміткердің Дара акционер мен қоғам мүддесіне мейлінше сай келетін байсалды шешімдер қабылдауына мүмкіндік беретін кәсіби білімі мен біліктілігі. Компанияның негізгі қызметіне қатысы бар салада ғылыми дәрежесі бар үміткерлерге қосымша артықшылықтар беріледі;
- басшылық қызметте кем дегенде 3 (үш) жыл тәжірибесі болуы; Компанияның негізгі қызметіне сай саладағы басқару тәжірибесі бар тұлғаға басымдық беріледі;
- үміткердің өзіне жүктелген міндеттерді тиімді атқару үшін уақыты жеткілікті болуы тиіс.

Директор мынадай жағдайларда тәуелсіз деп мойындалады:

- акционерлік қоғамның үлестес тұлғасы болмаса және Директорлар кеңесіне сайланғанға дейін 3 (үш) жыл бойы үлестес тұлға болмаса (қоғамның тәуелсіз директоры лауазымынан өзгесі);
- акционерлік қоғамның үлестес тұлғаларына қатысты үлестес тұлға болмаса;
- Компанияның немесе ұйымдардың – қоғамның үлестес тұлғаларының лауазымды тұлғаларына бағынышты байланыста болмаса және директорлар кеңесіне сайланғанға дейін 3 (үш) жыл ішінде аталған тұлғаларға бағынышты қызмет атқармаған болса;
- Компания органдарының отырыстарында акционердің өкілі болып табылмаса және оның Директорлар кеңесіне сайлануына дейін 3 (үш) жыл ішінде ондай болып табылмаса;
- Компанияның аудитору болмаса және Директорлар кеңесіне сайланғанға дейін 3 (үш) жыл ішінде қоғам аудитору болмаған болса;
- мемлекеттік қызметкер болмаса.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ тәуелсіз директорлары аталған талаптарға сай.

Басқарма мүшелері Компанияның Басқарма Төрағасын қоспағанда, Директорлар кеңесіне мүше бола алмайды. Компанияның Басқарма Төрағасы Директорлар кеңесі Төрағалығына сайлана алмайды.

Дара акционердің шешіміне сәйкес, 2016 жылғы 1 қаңтардағы «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі келесі түрде берілген:

Байдаулетов Н.Т. – «Самұрық-Қазына» АҚ Активтерді басқару жөніндегі бас директор, Дара акционердің өкілі – «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы;

Мамин А.У. – «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасы;

Балапанов Е.Ж. – Дара акционердің өкілі;

Ильявичюс А. – «Самұрық-Қазына» АҚ Трансформация жөніндегі бас директоры, Дара акционердің өкілі;

Сыздықов Т.У. – тәуелсіз директор;

Шомоди Кальман – тәуелсіз директор;

Кристиан Кун – тәуелсіз директор;

Джереми Дрю – тәуелсіз директор.

11 сәуір 2016 жыл «Самұрық-Қазына» шешімімен (хаттама №11/16) Ильявичюс Адамас «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайланды.

2016 жылдың 5 шілдесінде Директорлар кеңесі мүшелерінің уәкілеттік мерзімі аяқталуымен байланысты «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімімен (хаттама №26/16) сегіз адамнан тұратын Компанияның Директорлар кеңесінің жаңа құрамы сайланды:

Сағынтаев Бақытжан Әбдірұлы – ҚР Премьер-министрінің бірінші орынбасары – «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы;

Мамин Асқар Ұзақпайұлы – «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы.

Ильявичюс Адамас – «Самұрық-Қазына» АҚ арнайы жобалары және трансформация жөніндегі басқарушы директоры (Дара акционер мүдделерінің өкілі);

Бейсенғалиев Берік Тұрсынбекұлы – «Самұрық-Қазына» АҚ Активтерді оңтайландыру бойынша басқарушы директоры – Басқарма мүшесі (Дара акционер мүдделерінің өкілі);

Кун Кристиан (Christian Kuhn) – тәуелсіз директор;

Сыздықов Тито Уахапұлы – тәуелсіз директор;

Святов Серік Аманжолұлы – тәуелсіз директор;

Вильгельм Бендер (Wilhelm Bender) – тәуелсіз директор.

Қазақстан Республикасы Үкіметіндегі кадрлық өзгерістермен байланысты өзгерістер Компанияның Директорлар кеңесінің құрамын да қамтыды. Сонымен, «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2016 жылғы 10 қазандағы шешімімен (хаттама №37/16) Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі постына тағайындалуымен байланысты Сағынтаев Бақытжан Әбдірұлы өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқта-

тылды, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы болып Мамин Асқар Ұзақбайұлы – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары сайланды.

Бір мезгілде Директорлар кеңесінің мүшесі болып Алпысбаев Қанат Калиұлы – Басқарма Төрағасы (Президент) «ҚТЖ» ҰК» АҚ сайланды.

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның Директорлар кеңесі 8 мүшеден тұрды, оның 4-уі тәуелсіз директорлар болып табылады:

Мамин Асқар Ұзақбайұлы – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары – Директорлар кеңесінің төрағасы;

Алпысбаев Қанат Калиұлы – «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы ;

Ильявичюс Адамас – «Самұрық-Қазына» АҚ Трансформация және арнайы жобалары бойынша бас директор (Дара акционер мүдделерінің өкілі);

Бейсенғалиев Берік Тұрсынбекұлы – Активтерді оңтайландыру жөніндегі басқарушы директор – «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының мүшесі (Дара акционер мүдделерінің);

Кун Кристиан (Christian Kuhn) – тәуелсіз директор;

Сыздықов Тито Уахапұлы – тәуелсіз директор;

Святов Серік Аманжолұлы – тәуелсіз директор;

Вильгельм Бендер (Wilhelm Bender) – тәуелсіз директор.





МАМИН АСҚАР ҰЗАҚБАЙҰЛЫ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы. 1965 жылы туған. Целиноград инженерлік-құрылыс институтын, Г.В. Плеханов атындағы Ресей экономикалық академиясын «инженер-құрылысшы, экономист» мамандығы бойынша тәмамдаған.

Еңбек жолын «Целинтяжстрой» тресінің құрастырушысы ретінде бастады. Қазақстан инновациялық кәсіпорындары одағында бас директордың орынбасары болып еңбек етті.

1996 жылдан 2008 жылға дейін – Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация вице-министрі, Индустрия және сауда бірінші вице-министрі, Көлік және коммуникация министрі, Астана қаласының әкімі.

2008 жылдың сәуірінен 2016 жылдың қыркүйегіне дейін – «ҚТЖ» ҰК» АҚ президенті – басқарма төрағасы, «ҚТЖ» ҰК» АҚ директорлар кеңесінің мүшесі.

2016 жылдың қыркүйегінен бастап – Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің бірінші орынбасары.

2016 жылдың қазанынан бастап «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайланды.

Қазақстан Республикасының азаматы.

Компанияның, Компания жеткізушілерінің және бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді. Директорлар кеңесінің құрамына 2008 жылдың 4 сәуірінде алғаш рет сайланды.



АЛПЫСБАЕВ ҚАНАТ ҚАЛИҰЛЫ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасы (Президент), Директорлар кеңесінің мүшесі. 1972 жылы туған. Алматы теміржол көлігі инженерлер институтын, Кентукки университетін (АҚШ), Мәскеу халықаралық жоғарғы бизнес мектебін аяқтады. Магистр ғылыми дәрежесі бар.

1994–2002 жылдар аралығында Целинный теміржол кәсіпорындарында, «Қазақстан темір жолы» РМК, әртүрлі бейіндегі акционерлік қоғамдарда жұмыс істеді.

2002–2003 жылдары – қаржы және басқару жөніндегі директор, «Эйр Астана» ЖАҚ қаржы және ақпараттық технологиялары бойынша вице-президент.

2005 жылдың қарашасынан 2008 жылдың маусымына дейін – «Дженерал Электрик» корпорациясы филиалының бизнесті дамыту жөніндегі директоры.

2008 жылдан 2012 жылға дейін «ҚТЖ» ҰК» АҚ экономика және қаржы жөніндегі вице-президент болып жұмыс істеді.

2013 жылдың қаңтарынан бастап 2014 жылдың желтоқсанына дейін «ҚТЖ» ҰК» АҚ Логистика жөніндегі вице-президенті.

2014 жылдың желтоқсанынан бастап 2016 жылдың сәуіріне дейін «ҚТЖ» ҰК» АҚ вице-президенті.

2016 жылдың 29 сәуірінен бастап «ҚТЖ» ҰК» АҚ Операциялық қызметті үйлестіру жөніндегі вице-президент.

2016 жылдың 15 қыркүйегінен бастап – «ҚТЖ» ҰК» АҚ Президенті.



АДАМАС ИЛЬКЯВИЧЮС

1975 жылы туған. Өзінің мансабын 1996 жылы Digital Equipment Corporation (DEC) бастады, Compaq (DEC мұрагері) компаниясында жалғастырды.

2001 жылдан 2008 жылға дейін HP, Siemens және IBM секілді технологиялық нарықтың көшбасшы – компанияларында басқарушы қызметтерді алды, сонымен қатар жеке, мемлекеттік және коммерциялық секторлардың халықаралық ұйымдарында консультант ретінде жұмыс істеді.

2008 жылдан 2013 жылға дейін ENRC BTS бас директоры болды.

2013 жылдан бастап – «Самұрық-Қазына» АҚ бизнес трансформациясы жөніндегі бас директор, «Самұрық-Қазына» АҚ трансформация және арнайы жобалары бойынша басқарушы директоры.

Литва Республикасының азаматы.

Компанияның, жеткізушілердің және компания бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді. «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына 2014 жылғы 1 тамызда бірінші рет сайланды.



БЕЙСЕНҒАЛИЕВ БЕРІК ТҰРСЫНБЕКҰЛЫ



Дара акционер мүдделерінің өкілі. 1966 жылы туған. Қарағанды мемлекеттік университетін аяқтады. Экономикалық ғылымдар докторы.

Еңбек қызметін 1990 жылы Қарағанды мемлекеттік университетінің оқытушысы болып бастады.

Содан кейін **1995 жылдан 2006 жылға** дейін әртүрлі банк құрылымдарында жұмыс атқарды: «Казкоммерцбанк» АҚ, «Alem Bank «Kazakhstan», «Банк Тұран-Әлем» ЖАҚ, Астана қаласының «Алматы сауда-қаржылық банкі» АҚ, «АТФ Банк» АҚ, дилинг басқару дилерінен бастап Басқарушы директорға, «АТФБанк» АҚ басқарма төрағасының бірінші орынбасарына дейін.

2006 жылдан 2009 жылға дейін – «Astana Capital Investment Group» инвестициялық компаниясының бас директоры.

2009 жылдан 2012 жылға дейін – «КазАгро» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары, Басқарма Төрағасы.

2012 жылдан бастап – «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарушы директор, Бизнесі дамыту жөніндегі бас директор – Басқарма мүшесі, Активтерді оңтайландыру жөніндегі басқарушы директор – Басқарма мүшесі. «Қазақстан халық жинақтау банкі» АҚ, «Банк Сибирь» АҚ, «Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті АҚ, «Энергобанк Кыргызстана» АҚ, «НК «Азық-түлік келісім шарт корпорациясы» АҚ, «КазАгроФинанс» АҚ, «Аграрлық кредиттік корпорация» АҚ, «Темірбанк» АҚ, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ секілді бірқатар компаниялардың Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.

Қазақстан Республикасының азаматы.

Компанияның, Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді. «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына бірінші рет 2016 жылғы 5 шілдеде сайланды.



КРИСТИАН КУН

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры. 1965 жылы туылған.

1992–1996 – Ганновер Университетінде тасымалдау, ТЖ салу және операциялық қызмет институтының ғылыми қызметкері болып өзінің қызметін бастады, Ганновер Университетінде ғылым докторы (техникалық ғылымдар кандидаты).

1996–1999 Deutsche Eisenbahn Gesellschaft GmbH (DEG) – жоба басшысы, жүк тасымалдары бойынша бөлімнің басшысы.

1996–2005 – Connex (Veolia group).

2000–2005 – Connex Cargo Logistics GmbH (CCL) – Connex Cargo Logistics (CCL) басқарушы директоры.

1998–2005 – Industriebahn-Gesellschaft Berlin GmbH (IGB) және Niederbarnimer Eisenbahn AG (NEB) – IGB басқарушы директоры және NEB басқарма мүшесі.

2005–2009 және 2010 –2011 Deutsche Bahn AG – Басқарма мүшесі, Басқарушы Директор.

2005–2009 – Болат құймалы және көмір өнеркәсібінің бөлімшесі, Stinnes Freight Logistics/Railion Deutschland AG – Болат құймалы және көмір өнеркәсібі бөлімшесінің басшысы.

2009–2016 – Martrade Holding – Martrade Holding und Management GmbH басқарушы директоры, Martrade Group және Tata Martrade International Logistics Ltd (TMILL) тәуелсіз директоры, Колката, Үндістан.

2010–2011 – DB Schenker Rail Өндіріс басқармасы Төрағасының орынбасары, DB Schenker Rail GmbH Өндіріс жөніндегі Басқарушы Директоры, BLS Cargo AG (Берн), NordCargo srl (Милан), DB Schenker Rail Scandinavia A/S (Копенгаген) және XRail SA (Брюссель) тәуелсіз директоры.

2011 жылдан 2015 дейін ТЖ және логистика саласында тәуелсіз консультант ретінде жұмыс істеді.

2015 – қазіргі уақытта Neuss-Dusseldorfer Hafen GmbH & Co KG Басқарушы директоры.

2015–2016 RheinCargo GmbH & Co KG Басқарушы директоры.

Германия азаматы.

Компанияның жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді. «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына 2014 жылғы 1 тамызда алғаш рет сайланды.



СЫЗДЫКОВ ТИТО УАХАПҰЛЫ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры. 1948 жылы туған. Семей зоотехникалық-ветеринарлық институтын, Павлодар университетін бітірген. Әлеуметтік сала мен экономика және менеджмент бойынша ғылым магистрі. Экономикалық ғылымдар кандидаты.

Тито Сыздыков он жылға жуық Павлодар облысының шаруашылықтарында жұмыс істеген.

Совхоз басқарған, одан кейін көп жылдар бойы кеңестік партия құрамында түрлі жауапты қызметтерге тағайындалған.

1997 жылдан 1999 жылға дейін Павлодар облысы Ақсу қаласының әкімі болып қызмет етті. **1999 жылы** Қазақстан республикасы Парламент Мәжілісінің депутаты болып сайланды.

2012 жылдан бері – «ҚТЖ» ҰК» АҚ директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор.

Қазақстан республикасының азаматы.

Компанияның, жеткізушілердің және бәсекелес компаниялардың акцияларын иеленбейді. «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесіне алғаш рет 2012 жылдың 2-қазанында сайланған.



СВЯТОВ СЕРІК АМАНЖОЛҰЛЫ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры. 1954 жылы туған. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетін аяқтаған Экономикалық ғылымдар докторы, профессор. Өзінің еңбек қызметін 1976 жылы ғылыми-оқытушылық қызметтен бастаған.

1986 жылдан 1991 жылға дейін Қазақстан КП Алма-Ата обкомында, Қазақстан КП ОК, Президенттің аппаратында және ҚазКСР Министрлер кабинетінде жұмыс істеді.

1991 жылдан 2004 жылға дейін Орынбасар, Басқарма Төрағасының Бірінші орынбасары қызметтерінде Қазақстанның жетекші коммерциялық банктерінде жұмыс істеді.

2004 жылдан 2006 жылға дейін – «АТФ Банк» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы.

2006 жылдан 2012 жылға дейін – «Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы.

2015 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Forte Bank» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы, «Нархоз университеті» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы.

Қазақстан Республикасының азаматы.

Компанияның, жеткізушілердің және бәсекелес компаниялардың акцияларын иеленбейді. «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына 2016 жылғы 5 шілдеде алғаш рет сайланды.



ВИЛЬГЕЛЬМ БЕНДЕР

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры. Доктор Вильгельм Бендер құқық және экономикалық ғылымдарды зерттеген, Құқықтан докторлық дәрежесі бар.



1974 жылдан 1984 жылға дейін ол Deutsche Bahn әртүрлі қызметтерде болды. 1984 жылы «Verkehrsforum Bahn» (Теміржол көлігі Форумы салалық қауымдастығы, бүгінде «Deutsches Verkehrsforum») бірінші Басқарушы директоры болды. 1984 жылы бірінші басқарушы директор болды.

1990 жылдан бастап Schenker (Шенкер) халықаралық көлік компаниясының Басқарма Төрағасы болды, кейінірек Schenker-Rhenus (Шенкер – Ренус) Басқарма мүшесі және Schenker Waggon-und Beteiligungs AG Басқарма Төрағасы болды.

1993 жылдың қаңтарынан 2009 жылдың тамызына дейін Fraport AG Басқарма Төрағасының қызметінде және CEO (Бас директор) болды. Оның үстіне, Advent International тікелей инвестициялар бойынша жеке компанияда, сонымен қатар Norton Rose Fulbright заңгерлердің халықаралық серіктестігінде Бас кеңесші; The Germany Funds Директорлар кеңесінің мүшесі (Нью Йорк/Бостон, АҚШ) болып табылады.

Германия азаматы.

Компанияның, жеткізушілердің және бәсекелес компаниялардың акцияларын иеленбейді. «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына 2016 жылдың 5 шілдесінде алғаш рет сайланды.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің жұмысы туралы ақпарат

Директорлар кеңесі Компанияның қызметін тиімді басқару және тиісті түрде бақылау үшін Дара акционер алдында жауапкершілік көтереді.

2016 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі барлығы 12 отырыс өткізді, оның 10 жүзбе-жүз кездесу түрінде болды.

Есептік кезеңдегі жүзбе-жүз кездесу түріндегі отырыстарға Директорлар кеңесі мүшелерінің қатысуы:

ТАӘ	Жүзбе-жүз кездесу отырыстарына қатысу
Байдаулетов Н.Т.	2–2
Сағынтаев Б.А.	3–2
Мамин А.У.	10–7
Алпысбаев К.К.	2–2
Шомоди К.	5–4
Балапанов Е.Ж.	5–4
Дрю Д.	5–5
Кун К.	10–10
Сыздықов Т.У.	10–10
Ильявичюс А.	10–9
Бендер В.	5–3
Святов С.А.	5–4
Бейсенғалиев Б.Т.	5–4

2016 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесімен 156 мәселе қарастырылды, оның:

- «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесіне қатысты – 37;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ басқармасына қатысты – 14;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ трансформацияға қатысты – 12;
- өндірістік-экономикалық сипатта – 46;
- кадр мәселелері – 21;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ Дара акционері – 5;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметі туралы есептері – 17.

2016 жылы Директорлар кеңесі атқарылуына мүдделілік танытылатын мәмілелерге қатысты 3 мәселе қарастырылды:

1. «ҚТЖ» ҰК» АҚ мүдделі болып табылатын, «Continental Logistics» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, «KTZ Express» акционерлік қоғамы, «ҚТЖ» ҰК» АҚ, «Сбербанк России» АҚ еншілес банкі және «Odyssey Investments

Group» ЖШС арасында болашақта тиеу-түсіру жұмыстары және жүктерді сақтау бойынша қызметтер көрсетуге қосымша келісімге қол қою арқылы мәмілені «ҚТЖ» ҰК» АҚ жасауы туралы.

2. «ҚТЖ» ҰК» АҚ мүдделі болып табылатын, «Continental Logistics Shymkent» ЖШС, «KTZ Express» АҚ, «ҚТЖ» ҰК» АҚ және «Odyssey Investments Group» ЖШС арасында қол қою арқылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ мәміле жасауы туралы.
3. «Ақтөбе рельс-арқалық зауыты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің міндеттемелерін қамтамасыз етуге «Қазақстан Даму банкі» акционерлік қоғамы мен «ҚТЖ» ҰК» АҚ арасында кепілдік шартын қамтамасыз етуге «Көлік технологиялары» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мен «ҚТЖ» ҰК» АҚ арасында кепілдік шартына қосымша келісімдерге қол қою арқылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ мүдделі болып табылатын мәмілені жасау туралы.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ақпарат

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі жанынан төрт комитет құрылды:

- 1) «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің аудит жөніндегі комитеті:

Дрю.Д.	Тәуелсіз директор, Комитет Төрағасы
Шомоди К.	Тәуелсіз директор, Комитет мүшесі
Сыздықов Т.У.	Тәуелсіз директор, Комитет мүшесі

8 тамызда «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен Комитеттің жаңа құрамы сайланды:

Святов С.А.	Тәуелсіз директор, Комитет төрағасы
Сыздықов Т.У.	Тәуелсіз директор, Комитет мүшесі
Бендер В.	Тәуелсіз директор, Комитет мүшесі

- 2) «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің кадрлар және сыйақы мәселелері бойынша комитеті:

жылдың басынан бастап 2016 жылдың 21 маусымына дейін Директорлар кеңесінің 4 мүшесінен тұрды, оның 3-үі тәуелсіз:

Сыздықов Т.У.	Тәуелсіз директор, Комитет төрағасы
Кун К.	Тәуелсіз директор, Комитет мүшесі
Шомоди К.	Тәуелсіз директор, Комитет мүшесі
Балапанов Е.Ж.	Дара акционер мүдделерінің өкілі, Комитет мүшесі

8 тамызда «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен Комитеттің жаңа құрамы сайланды:

Сыздықов Т.У.	Тәуелсіз директор, Комитет төрағасы
Святов С.А.	Тәуелсіз директор, Комитет мүшесі
Бейсенғалиев Б.Т.	Дара акционер мүдделерінің өкілі, Комитет мүшесі

- 3) «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің стратегиялық жоспарлау және инновациялар жөніндегі комитеті: жылдың басынан бастап 2016 жылдың 21 маусымына дейін Директорлар кеңесінің 4 мүшесінен тұрды, оның 2-уі тәуелсіз:

Кун К.	Тәуелсіз директор, Комитет төрағасы
Дрю Д.	Тәуелсіз директор, Комитет мүшесі
Балапанов Е.Ж.	Дара акционердің өкілі, Комитет мүшесі
Илькявичюс А.	Дара акционердің өкілі, Комитет мүшесі

8 тамызда «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен Комитеттің жаңа құрамы сайланды:

Кун К.	Тәуелсіз директор, Комитет төрағасы
Святов С.А.	Тәуелсіз директор, Комитет мүшесі
Бендер В.	Тәуелсіз директор, Комитет мүшесі
Илькявичюс А.	Дара акционердің өкілі, Комитет мүшесі

- 4) «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің Қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау комитеті: жылдың басынан бастап 2016 жылдың 21 маусымына дейін Директорлар кеңесінің 4 мүшесінен тұрды, оның 3-уі тәуелсіз:

Шомоди К.	Тәуелсіз директор, Комитет төрағасы
Кун К.	Тәуелсіз директор, Комитет мүшесі
Сыздықов Т.У.	Тәуелсіз директор, Комитет мүшесі
Балапанов Е.Ж.	Дара акционер мүдделерінің өкілі, Комитет мүшесі

8 тамызда «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен Комитеттің жаңа құрамы сайланды:

Бендер В.	Тәуелсіз директор, Комитет төрағасы
Кун К.	Тәуелсіз директор, Комитет мүшесі
Сыздықов Т.У.	Тәуелсіз директор, Комитет мүшесі

2016 жылы барлығы «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі комитеттерінің 28 отырысы өткізілді, оның ішінде:

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің аудит жөніндегі комитет мүшелерінің қатысуы:

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетімен 7 жүзбе-жүз отырысы өтті, онда 27 мәселе қарастырылды.

ТАӘ	Жүзбе-жүз отырысқа қатысу
Дрю Д.	5-5
Шомоди К.	5-4
Сыздықов Т.У.	7-7
Святов С.А.	2-2
Бендер В.	2-1

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Кадр және сыйақы мәселелері жөніндегі комитетпен 9 жүзбе-жүз отырыс өткізілді, онда 48 мәселе қарастырылды.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің Кадр және сыйақы мәселелері жөніндегі комитет мүшелерінің отырыстарға қатысуы:

ТАӘ	Жүзбе-жүз отырысқа қатысу
Сыздықов Т.У.	9-9
Балапанов Е.Ж.	4-3
Шомоди К.	4-3
Кун К.	4-3
Бейсенғалиев Б.Т.	5 - 5
Святов С.А.	5-3

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау және инновациялар комитетімен 9 жүзбе-жүз отырысы өткізілді, онда 77 мәселе қарастырылды.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау және инновациялар комитеті мүшелерінің отырыстарға қатысуы:

ТАӘ	Жүзбе-жүз отырысқа қатысу
Кун К.	9-9
Дрю Д.	5-5
Ильквичюс А.	9-7
Балапанов Е.Ж.	4-4
Бендер В.	4-2
Святов С.А.	4-4

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі Қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау комитетімен 2016 жылы 3 жүзбе-жүз отырыс өтті, онда 12 мәселе қаралды.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі Қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау комитеті мүшелерінің отырыстарға қатысуы:

ТАӘ	Жүзбе-жүз отырысқа қатысу
Шомоди К.	2-2
Балапанов Е.Ж.	2-1
Сыздықов Т.У.	3-3
Кун К.	3-2
Бендер В.	1-1

Директорлар кеңесі мүшелерінің Компаниямен өзара әрекеттесуі

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелері үшін қызметке кірістіру бағдарламасының аясында Директорлар кеңесі мүшелерінің Компания басшылығымен, Басқарма мүшелерімен кездесуі ұйымдастырылды, онда Компанияның алдында тұрған стратегиялық мәселелерді талқылау жүрді.

2016 жылы Директорлар кеңесінің мүшелері Компания бастаған шараларға қатысты. Жаңарту және Трансформация жөніндегі Кеңестің кеңейтілген отырысында 2016 жылға арналған «ҚТЖ» ҰК» АҚ Операциялық трансформациясының Жол картасын және «ҚТЖ» ҰК» АҚ Жобалар портфелін жүзеге асыру мәртебесі, техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді (ТҚЖЖ) басқарудың жаңа үлгісінде және жаңа жүйесінде авто-

маттандырылған процестерді енгізу секілді және басқа да бірқатар мәселелер қарастырылды.

Директорлар кеңесінің мүшелері трансформация бағдарламасының мәселелері бойынша ақпараттық күнді өткізу кезінде трансформация жобалары бойынша талқылауға белсенді түрде қатысты. Осы шарада «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ, «ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы – «Магистральдық желі дирекциясы» АҚ, «Жолаушы тасымалы» АҚ, «KTZ Express» АҚ таныстырылды.

Сонымен қатар 2016 жылы Компанияның резервшілерімен кездесу ұйымдастырылды, онда Директорлар кеңесінің мүшелері басшы қызметтердің үміткерлерімен таныстырылды, кадр әлеуеті талқыланды, кадрларды орналастыру және ротациясы шарттарына қызығушылық танытты.

Басқарма

Басқарма Компанияның алқалы атқарушы органы болып табылады, оның құзіретіне заңмен, Қазақстан Республикасының басқа заңнамалық актілерімен және Жарғымен Компанияның басқа органдарының және лауазымды тұлғаларының құзіретіне жатқызылмаған Компания қызметінің барлық мәселелерін шешу жатқызылады.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Жарғысына сәйкес, Басқарманың сандық құрамын, уәкілеттіктерінің мерзімін анықтау, Басқарма Төрағасын және Басқарма мүшелерін сайлау, сонымен қатар олардың уәкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің құзіретіне жатады.

Сонымен, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің шешімдеріне сәйкес «ҚТЖ» ҰК» АҚ

басқармасы 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша келесі құрамда сайланды:

1. Алпысбаев Қанат Қалиұлы – Басқарма Төрағасы – «ҚТЖ» ҰК» АҚ Президенті
2. Жусанбаев Еркін Семетайұлы – «ҚТЖ» ҰК» АҚ Даму жөніндегі вице-президенті
3. Имашев Эрик Еркінұлы – Корпоративтік қамтамасыз ету бойынша вице-президент
4. Қабашев Мақсат Рақымжанұлы – «ҚТЖ» ҰК» АҚ вице-президенті
5. Орынбасаров Бауыржан Пазылбекұлы – Бас инженер
6. Жағыпаров Ақболат Ландышұлы – «ҚТЖ» ҰК» АҚ Өндірістік қауіпсіздік және экология департаментінің директоры
7. Хасенов Рүстем Қойбағарұлы – Құқықтық қамтамасыз ету және сот-наразылық жұмысы департаментінің директоры.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқармасының жұмысы туралы ақпарат

Басқарма Компанияның стратегиясын жүзеге асырады және оның ағымдағы қызметі үшін жауапкершілік көтереді.

2016 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқармасының 38 отырысы өткізілді, соның ішінде жүзбе-жүз

отырыс – 35, сырттай қатысу нысандағы отырыс – 3 отырыс.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқармасы отырыстарының аясында «ҚТЖ» ҰК» АҚ құрылымдық бөлімшелерімен, филиалдарымен және еншілес ұйымдарымен енгізілген 412 мәселе қарастырылды.

Компанияның лауазымды тұлғаларына сыйақы

Бір жылдағы жұмыс қорытындылары бойынша «ҚТЖ» ҰК» АҚ жетекшілік етуші және басқарушы жұмыскерлерге сыйақы төлеу 2014 жылғы 30 қазандағы «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (№ 11 хаттама) «ҚТЖ» ҰК» АҚ жетекші және басқарушы жұмыскерлерге сыйақы төлеу және қызметті бағалау ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Жоғарыда көрсетілген ережелер келесі ұстанымдарға негізделеді:

- «ҚТЖ» ҰК» АҚ мүдделеріне және оның Дара акционеріне жауап беретін тапсырмаларды орындаумен сыйақының өзара байланысы;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметінің нәтижелерінен және жұмыскерлердің нәтижелігінен сыйақы көлемінің байланысты болуы.

Көрсетілген Ережелердің 28-тармағына сәйкес бір жылдағы жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы төлеудің негізгі шарты сыйақы төлеу үшін жоспарланған соманы ескере отырып есептелген есеп жылындағы шоғырландырылған қорытынды пайданың болуы болып табылады.

Сыйақыны есептеген кезде әрбір лауазым үшін қызметтің корпоративтік және жеке негізгі көрсеткіштері бойынша жоспардың орындалуы ескеріледі және тиісті қызмет бойынша іс жүзінде жұмыспен өтелген уақытқа барабар есептеледі.

**2016 жылы «ҚТЖ» ҰК»
АҚ Басқармасының
38 отырысы өткізілді,
соның ішінде жүзбе-жүз
отырыс – 35, сырттай
қатысу нысандағы
отырыс – 3 отырыс.**

«ҚТЖ» ҰК» АҚ 2016 жылғы ішкі аудит қызметінің жұмысы туралы ақпарат

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Ішкі аудит қызметі «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметін жетілдіру мақсатында қаржы-шаруашылық қызметін бақылайтын, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару, корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың атқарылуын қадағалайтын, консультация беретін орган болып табылады.

2016 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ Ішкі аудит қызметінің аудиторлық жоспары 05.11.2015 ж. № 10 Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді.

Ішкі аудит қызметімен 2016 жылға арналған Жылдық аудиторлық жоспармен қарастырылған 21 аудиторлық тексеруді жүргізумен барлық 16 аудиторлық тапсырма орындалды.

Инвестициялық жобалар, негізгі құралдардың сақталуы, сатып алулар, ақпараттық технологиялар секілді негізгі бизнес-процестер аудитпен қамтылды, «ҚТЖ» ҰК» АҚ қаржылық тұрақтылығына талдау жасалды, корпоративтік басқару жүйесіне диагностика жүзеге асырылды, тәуекелдерді басқару корпоративтік жүйесінің және ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау, «ҚТЖ» ҰК» АҚ бизнес трансформациясының аудиты жүргізілді.

Орындалған аудиторлық тапсырмалардың нәтижесі бойынша Ішкі аудит қызметі 260 ұсыныс жасады. «ҚТЖ» ҰК» АҚ-дағы Ішкі аудитты ұйымдастыру саясатына сәйкес, Ішкі аудит қыз-

метімен мониторингі тоқсан сайын жүзеге асырылып отыратын аудит объектілерінің түзетуші әрекеттердің жоспарларын қабылдауы қамтамасыз етілген.

Есептік жылда «NURTEAM AUDIT» ЖШС тәуелсіз сыртқы консультантымен «ҚТЖ» ҰК» АҚ Ішкі аудит қызметінің жұмыс тиімділігін тәуелсіз сыртқы бағалау жүзеге асырылды.

Ішкі аудит қызметінің тиімділігін Тәуелсіз сыртқы бағалау бойынша есепке сәйкес жалпы алғанда Ішкі аудит қызметінің жұмысы Ішкі аудиттің анықтамасына, Этика кодексіне және Халықаралық ішкі аудит кәсіби стандарттарына, сонымен қатар Ішкі аудит қызметінің жұмысын реттейтін ішкі құжаттарға сәйкес келеді. Кемелділіктің пайдаланылған үлгісіне сәйкес «Тұрақты/Басқарылатын» ішкі аудит қызметінің жалпы даму деңгейі ішкі аудиттің тиісті түрде өз функцияларын орындайтындығын білдіреді, сонымен қатар жекелеген жауапкершілік салаларында ішкі аудиттің алдыңғы қатарлы тәжірибелерін қолдануды көрсетеді. Стандарттардың талаптарына Ішкі аудит қызметінің сәйкестігін қорытынды бағалау 91% құрады.

Сонымен бірге, тәуелсіз бағалаушы Ішкі аудит қызметін жетілдіру түсуге бағытталған бірқатар ұсыныстар ұсынды, солардың негізінде Түзетуші әрекеттердің жоспары қабылданды.

Корпоративтік басқару практикасының Корпоративтік басқару кодексінің ұстанымдарына сәйкестігі туралы ақпарат

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2015 жылғы 27 мамырдағы шешімімен (хаттама №22/15) бекітілген Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес, Кодекс ережелерінің атқарылуын бақылау «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесіне жүктеледі.

Кодекстің ережелеріне сәйкес, Корпоративтік хатшы мониторинг жүргізеді және Кодекстің тиісті түрде қадағалануы мәселелері бойынша Директорлар кеңесіне кеңес береді, сонымен қатар жыл сайынғы негізде оның ұстанымдары мен ережелерінің қадағалануы туралы есепті дайындайды.

Кодекстің «қадағалау немесе қадағаламау себептерін түсіндіру» негізгі ұстанымы бойынша әрекет ететіндігі белгілі. Осыған сәйкес, Кодекстің ұстанымдарын және ережелерін қадағалаған жағдайда Компания осы ұстанымдардың қадағалануы қамтамасыз етілген ережелер бекітілген, жарғысының тиісті бөлімдерін және/немесе ішкі құжаттарды көрсетеді, ал қадама-

лаған жағдайда оларды қадағаламау себептері сипатталады.

Осылайша, 2016 жыл үшін Кодекс ұстанымдары мен ережелерінің қадағалануын бақылау Корпоративтік басқару кодексінің бес негіз салушы ұстанымдары бойынша жүзеге асырылған, олар:

- акционерлердің құқықтары және акционерлерге әділ қатынас;
- Директорлар кеңесінің тиімділігі;
- тұрақты даму;
- тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит;
- ашықтық.

Жалпы, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің негіз салушы ұстанымдары мен ережелері қадағаланатындығы мониторинг нәтижелері бойынша анықталғандығы айқындалды. Кодекстің негізгі ережелері орындалатындығына жеткілікті растау бар.

Атап айтқанда, акционерге әділ қатынастың өлшемдері және оның өз құқықтарын жүзеге асыру мүмкіндіктері Компанияның Жарғысында Дара акционердің құқықтарын, міндеттерін және ерекше құзіретін бекітумен расталады, бұл Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келеді.

Директорлар кеңесі және атқарушы орган тиімділігі бойынша Кодекстің ұстанымдарына сәйкестік Директорлар кеңесінің 2025 жылға дейін Компанияның Даму стратегиясын бекітуінде көрінеді, онда ұзақ мерзімді тапсырмаларға қол жеткізу бойынша жоспарлар көрсетілген.

Директорлар кеңесі құрамының кәсіби білім деңгейі, машықтары және тәуелсіздігі бойынша теңдестірілу ұстанымы тұрғысында сәйкестік іскерлік машықтармен, білім деңгейімен, Директорлар кеңесі мүшелерінің өндірістік және өмірлік тәжірибесімен расталады, олар Компания қызметінің масштабына, күрделігіне және өзіндік ерекшелігіне сәйкес келеді. Директорлар кеңесімен қабылданатын шешімдердің тәуелсіздігі оның құрамында төрт тәуелсіз директордың болуымен шартталған, бұл Директорлар кеңесінің жалпы құрамының жартысын құрайды.

Комитеттердің мәселелерді мұқият қараруы бойынша өлшемін қадағалау Директорлар кеңесінің отырысында талқылауға жататын барлық негізгі мәселелер алдын ала комитеттердің деңгейінде талқыланып отырғандығына және әрі қарай қарастыру үшін Директорлар кеңесіне жіберілетіндігінде көрініс табады. Бұл комитеттер қажетті кәсіби білімге және тәжірибеге иелік ететін Директорлар кеңесі мүшелерінің қатарынан тұрады, олардың біліктілігі нақты Комитетте жұмыс істеу үшін міндеттерін орындауына

сәйкес келеді. Комитеттердің төрағалары тәуелсіз директорлар болып табылады.

Сонымен бірге белгілі бір құрамбөліктер бойынша белгіленген ұстанымдарға ішінара сәйкессіздік деректері барлығын ескеру керек.

Ішінара, тәуекелдерді басқару құрамбөлігі бойынша тәуекел тәбетін және толеранттылық деңгейлерін әзірлеу және анықтау процесінің жыл сайынғы негізде жүзеге асырылмауымен шартталған тәуекел тәбетін анықтау бойынша белгіленген процедуралар Компаниямен толық қадағаланбайтындығы анықталды. Сонымен қатар тәуекел тәбетті есептеудің жазбаша регламенттелген тәртібі де жоқ.

Сондай-ақ Директорлар кеңесінің тиімділігі құрамбөлігі бойынша 2016 жылы Директорлар кеңесінің қызметін бағалау бойынша процедураларды жүргізбеуге қатысты сәйкессіздік анықталды (Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес). Бұл Директорлар кеңесінің уәкілеттіктері 2016 жылдың маусымында аяқталып, соған сәйкес Директорлар кеңесінің қызметін бағалауды 2016 жылы жүргізу қисынсыз болғандығымен байланысты.

Сонымен бірге, 2016 жылы Компанияда корпоративтік басқару жүйесінің диагностикасы жүргізілді, оның қорытындылары Компаниядағы корпоративтік басқару саласындағы істердің күйіне қатысты толық көріністі береді. Жасалған диагностиканың нәтижелері Компанияны корпоративтік басқару жүйесі барлық елеулі аспектілерде орнатылған өлшемдердің көпшілігіне сәйкес келетіндігін және жүйенің тиімді жұмыс істейтіндігіне жеткілікті түрде растау бар.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Іскерлік этикасы кодексінң талаптарын сақтауы туралы есеп

Компанияның директорлар кеңесі Корпоративтік басқару кодексі талаптарын қолданысқа енгізу мақсатында 2013 жылғы 19-наурыздағы шешімімен (№2 хаттама) Компанияның Іскерлік этика кодексін бекітті. Аталған кодекстің мақсаты корпоративтік мәдениетті дамыту және жетілдіру, компаниядағы лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің мүдделі тараптармен арадағы қарым-қатынасты іскерлік мінез-құлық тәжірибесі негізінде орнатуын қамтамасыз ету болып табылады. Компания қызметі әділдік, адалдық, адамдарға құрмет көрсету, бір-біріне көмектесу және өзара сенім сынды басты корпоративтік құндылықтарға негізделген.

Сонымен қатар, қауіпсіздік, сапа, қоршаған ортаны қорғау, жауапкершілік, орнықты даму, бір-бірінің әл-ауқатын жақсартуға ықпал ету, командамен бірігіп жұмыс істей білу, өзін-өзі да-

мыту, кәсіби біліктілік және өз ісін мақтан тұту қабілеті де корпоративтік құндылықтардың ажырамас бөлігі. Аталған Кодекстің әрекеті Компанияда еңбек ететін барлық лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің барлығына таралады. Іскерлік этика кодексі талаптарының орындалуын қамтамасыз ету мақсатында қызметкерлердің кодексті білу деңгейі тұрақты түрде тексеріліп отырады.

Іскерлік этика кодексі талаптарын «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметкерлері тарапынан бұзу фактілері туралы хабарламалар:

- пошта экспедициясы арқылы;
- temirzhol@railways.kz электронды поштасы арқылы;
- «Б» блогының фойесіндегі өткізу бюросы жанында орнатылған пошта жәшіктері арқылы;
- сенім телефондары арқылы қабылданады.

Лауазымды тұлғалар мен компанияның өзге де қызметкерлері кодекс талаптарын түсіндіру немесе этикаға қатысты туындаған мәселелер бойынша, сондай-ақ, кодекс талаптарын бұзу фактілері жөнінде:

- өзі жұмыс істейтін құрылымдық бөлімше басшыларына немесе одан жоғары деңгейдегі басшыларға;
- корпоративтік хатшыға;
- ішкі аудит қызметінің жетекшісіне;
- басқарма төрағасына;
- директорлар кеңесіне хабарласа алады.

Компанияның Директорлар кеңесінің 2013 жылғы 19 наурыздағы (№ 2 хаттама) шешімімен бекітілген Компанияның іскерлік этикасы кодексін жүзеге асыру бойынша 2013–2015 жылдарға шаралар жоспарын жүзеге асыру мақса-

тында Компанияның еңбек ұжымдарындағы моральдық-психологиялық климатты анықтау үшін орталық аппараттың 191 жұмыскерінен онлайн сауалнама алынды.

Осы бағалаудың нәтижелері бойынша ұжымның әлеуметтік-психологиялық климатының талдауы жасалды және Компанияның орталық аппаратының әрбір құрылымдық бөімшесіне ұжымдардағы моральдық-психологиялық климатты реттеу бойынша ұсыныстармен кері байланыс ұсынылды.

Бұл зерттеулер Компаниядағы Іскерлік этика кодексін жүзеге асыру бойынша жүргізілетін жұмыстың нәтижелері оң болып табылатындығын көрсетті.



7. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП



**«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ»
ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ**
2016 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫҢДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІ

Басқарма
жолдауы

«ҚТЖ» ҰК» АҚ
туралы ақпарат

Қызмет
нәтижелері

Активтердің
құрылымы

Мақсаттар мен
жоспарлар

Төзекелдерді
басқару

Корпоративтік
басқару

Қаржылық
есептілік

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ**2016 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІ****МАЗМҰНЫ**

2016 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІН ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЖӨНІНДЕГІ БАС-ШЫЛЫҚ МӘЛІМДЕМЕСІ	51
ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОР ЕСЕБІ	52-57
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК	
Қаржылық жағдай жөніндегі шоғырландырылған есеп	58-59
Пайда мен залал және басқа да жиынтық табыс жөніндегі шоғырландырылған есеп	60-61
Ақша қаражатының қозғалысы жөніндегі шоғырландырылған есеп	62-64
Капиталдағы өзгерістер жөніндегі шоғырландырылған есеп	65
Шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ескертулер	66-125

2016 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІН ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЖӨНІНДЕГІ БАСШЫЛЫҚ МӘЛІМДЕМЕСІ

«Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның (бұдан әрі – «Компания») басшылығы Компания және оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі бірлесіп – «Топ») 2016 ж. 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдайын, сондай-ақ оның сол күні аяқталған жыл іші қызмет нәтижелерін, ақша қаражатының қозғалысы мен капиталдағы өзгерістерін шынайы көрсететін шоғырландырылған қаржылық есептілігін Халықаралық қаржылық есептілігі стандарттары жөніндегі Комитет жариялаған Халықаралық қаржы есептілігі стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес дайындауға жауапты.

Шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау барысында басшылық:

- ▶ есеп саясаты қағидаларын дұрыс таңдауға және қолдануға;
- ▶ ақпаратты, соның ішінде есеп саясаты туралы деректерді мұндай ақпараттың орындылығын, нақтылығын, салыстырмалығын және түсініктілігін қамтамасыз ететін нысанда беруге;
- ▶ пайдаланушыларға есептілікті түсіну үшін ХҚЕС талаптарының орындалуы жеткіліксіз болғанда, сондай-ақ өзге де оқиғалар немесе шарттар Топ қызметінің шоғырландырылған қаржылық жағдайы мен шоғырландырылған қаржылық нәтижелеріне әсер еткен жағдайларда қосымша ақпаратты ашуға; және
- ▶ Топтың өз қызметін келешекте жалғастыру қабілетін бағалауға жауапты.

Басшылық сондай-ақ:

- ▶ Топтың барлық кәсіпорындарында тиімді әрі сенімді ішкі бақылау жүйесін әзірлеуге, енгізуге және қолдауға;
- ▶ есепке алуды Топтың мәмілелерін ашуға және түсіндіруге, сондай-ақ кез келген күнге Топтың шоғырландырылған қаржылық жағдайы жөніндегі жеткілікті дәл ақпаратты беруге және шоғырландырылған қаржылық есептілігінің ХҚЕС талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін нысанда жүргізуге;
- ▶ бухгалтерлік есепті жергілікті бухгалтерлік есеп заңнамасы мен ХҚЕС-ке сәйкес жүргізуге;
- ▶ Топ активтерінің сақталуын қамтамасыз ету үшін барлық орынды шараларды қабылдауға; және
- ▶ қаржылық және өзге де асыра пайдалану фактілерін анықтауға және болдырмауға жауапты.

Топтың осы шоғырландырылған қаржылық есептілігі Компания басшылығының аудит Комитетімен мақұлданып және Акционерлермен Директорлар кеңесіне бекітілуге басшылықпен 2017 ж. 13 наурызда бекітті.

Топ басшылығы атынан:

К.К. Алпысбаев
Президент

2017 ж. 13 наурыз

М.Р. Қабашев
Қаржы вице-президенті

2017 ж. 13 наурыз

Н.Х. Әбілова
Бас бухгалтер

2017 ж. 13 наурыз

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОР ЕСЕБІ

ПІКІР

Біз қоса беріліп отырған 2016 ж. 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдай жөніндегі шоғырландырылған есепті, 2016 жыл іші пайда мен залал және басқа да жиынтық табыс жөніндегі, ақша қаражатының қозғалысы жөніндегі және капиталдағы өзгерістер жөніндегі тиісті шоғырландырылған есептерді, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелері мен басқа да түсіндірме ақпараттарды қамтитын «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның және оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі – «Топ») шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік.

Біздің пікірімізше, шоғырландырылған қаржылық есептілігінің нысандары барлық елеулі аспектілерінде Топтың 2016 ж. 31 желтоқсанға қаржылық жағдайға дайындалған, сонымен бірге 2016 ж. шоғырландырылған қаржылық нәтижелері және шоғырландырылған ақша қозғалысы Халықаралық қаржы есеп стандарты Кеңесімен шығарылған Халықаралық қаржы есеп стандарттарына сай.

ЕСКЕРТПЕСІ БАР ПІКІР БІЛДІРУ НЕГІЗІ

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес («ХАС») жүргіздік. Біздің міндетіміз «Жеке қаржылық есептілік аудиті бойынша аудитордың жауапкершілігі» деген қорытынды бөлімінде көрсетілген. Біз Кәсіби бухгалтерлер Халықаралық этика стандарттары бухгалтерлер кеңесінің кодексіне және этикалық талаптарға сәйкес Қазақстан Республикасында жеке қаржылық есептілігінде қолданылатын аудит Компанияға қатысты тәуелсіз болып келеміз. Біз осы талаптарға сәйкес Кодексте белгіленген басқа да этикалық міндеттемелерін орындадық. Біз өзіміз алған аудит дәлелдері пікір білдіру үшін жеткілікті әрі тиісті негіз болатынына сенеміз.

АУДИТТІҢ МАҢЫЗДЫ СҰРАҚТАРЫ

Аудиттің маңызды сұрақтары – біздің кәсіби шешіміне сәйкес, есепті кезең бойынша жүргізілген жеке қаржылық есептілік аудиті кезінде ең маңызды болып анықталған. Бұл сұрақтар осы қаржылық есептілік бойынша тұтастай алғанда және мәнмәтінде қарастырылды. Біз осы сұрақтар бойынша жеке пікір білдірмейміз.

Неге біз сұрақты аудит үшін маңызды деп санаймыз?

Аудит барысында не жасалды?

Әлеуетті негізгі құралдардың құнсыздануы

Инфрақұрылым объектілері және қозғалмалы составтар негізгі құралдардың басты бөлігін 56 пайызы Компанияның жалпы активтері болып табылады. Құнсыздану индикаторлардың бар болуына байланысты, мысалға экономикалық және нарықтық ортаның нашарлауы, нарықтық пайыздық қойылымдардың ұлғаюы мен жүк айналымы көлемінің төмендеуіне байланысты, Компания негізгі құралдардың құнсыздану тестін жүргізді. 2017–2021 жж. кезеңге арналған өтелетін сома даму жоспарының негізінде активтер құны ретінде анықталды. Негізгі құралдардың құнсыздануы басшылықтың пікіріне негізделген және белгілі бір пайымдауларды, болжамдау және моделдеуді қамтиды. Ескерту 4-те көрсетілгендей, ақша қаражатын қозғалысқа келтіретін бірлік басшылықтың сын-пікірі болып табылады, ал болжамды ақша ағымдары бірқатар маңызды болжамды қаржылық көрсеткіштер мен жіберулерге байланысты болады. Есептелген келтірілген (дисконтталған) құн осы жіберулерге өте сезімтал болып келеді. Осыған байланысты, әлеуетті негізгі құралдардың құнсыздануы аудиттің басты сұрағы болып табылады.

Құнсыздану тестіне қатысты жасалынған рәсімдер негізінен басшылық тарапынан жасалынғанын талдаудың негізгі пайымдауларға негізделген және ақша қаражатын қозғалысқа келтіретін бірлікті қосады. Рәсімдерді жүзеге асыру кезінде қаржылық бақылаумен айналысатын ішкі мамандарды шақырдық.

Аудиттік рәсімдер мыналарды қамтиды:

- ▶ Пайдалану құндылығы есебі үшін басшылық қолданған сәйкестікті бағалау моделі, ХҚЕС 36 «Активтердің құнсыздануы» сәйкес.
- ▶ Ақша қаражатын қозғалысқа келтіретін бірліктің анықтау анализі.
- ▶ Дисконт қойылымын есептеу және қайта есептеу кезінде қолданылатын пайымдаулардың растауы.
- ▶ Дисконттау қойылымын, валюта айырбастау бағамы болжамына, сондай-ақ жүк транзитінің айналымы және жолаушылар тасымалының субсидиялау деңгейінің өсуіне аз оптимистік жіберулерді қолданған кездегі құнсызданбайтынына көз жеткізу үшін сезімталдыққа бірнеше тест қолданған.
- ▶ Компанияның 2017–2021 жж. арналған Даму жоспары мен тарихи деректерге сүйеніп, кірістердің өсуіне қатысты пайымдаулар мен операциялық пайданы қоса алғанда болжамды ақша ағымдарын салыстырғанда, біз Басшылықтың алдыңғы болжамдар дәлдігін, Директорлар Кеңесі бекіткен жоспарда пайдаланылған болжамдар мен олардың сәйкестігін болжамдар негізділігін талдадық.
- ▶ Қаржылық есептіліктің ақпаратын толықтығына және дұрыстығына тексердік.

Басшылық қолданған жіберулер тарихи және ағымдағы деректер мен Компанияның болашақ күтілетін болжамдармен салыстыруға мүмкін болатынына көз жеткіздік.

Неге біз сұрақты аудит үшін маңызды деп санаймыз?

Аудит барысында не жасалды?

Өтімділік және үздіксіздік қызмет қағидасы

Топтың 2016 ж. 31 желтоқсан жағдайына ағымдағы міндеттемелері оның ағымдағы активтерінен 137,921,380 мың теңгеге асырып отыр.

Сонымен бірге, 17 Ескертуде көрсетілгендей ЕҚДБ және HSBC Франциямен баланстық құны 92,961,537 және 53,664,002 мың. Тенгеге

алынған несиелері қаржылық ковенанттардың ережелердің сақталмауында кредиторларға мерзімінен бұрын қарызды өтеу талап ету құқығын бере алады.

Басшылық 2016 ж. күтілетін қаржы жағдайы мен нәтижелерін бағалап, Компания қаржылық ковенанттардың кейбір ережелерін сақтай алмайтыны жайлы шешімге келді. Осыған орай, 2016 ж. 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдайына сәйкес басшылық кредиторлардан қаржылық ковенанттар талаптарының сақталуы бойынша ережелердің қолданбауы туралы хат алды.

Осыған байланысты, жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты Топ активтерінің өтімділігінің жеткіліктілігі ағымдағы міндеттемелерді өтеу туралы басшылықтың сыни пайымдаулары қажет.

2 және 32 Ескертулерінде осы сұраққа қатысты Басшылық жоспары баяндалған. Қаржылық есептіліктің үздіксіздік қызмет қағидасы бойынша сұрақтың маңыздылығын ескере отырып, сондықтан аудит үшін бұл сұрақ басты болып табылады.

Біздің рәсімдер, негізінен, басшылық жасаған негізгі пайымдаулардың сыни талдауына және ағымдағы міндеттемелерді өтеу бойынша басшылықтың жоспарына бағытталған.

Біздің рәсімдер мыналарды қамтиды:

- ▶ Активтер мен міндеттемелердің сыныпталу дұрыстылығын аудиторлық рәсімдердің қаржылық жағдай туралы есептіліктің тиісті бабына сәйкес тексеру.
- ▶ Үздіксіздік қызмет қағидасына күмән келтіретіндей қаржылық және операциялық оқиғалар мен шарттарды талдау.
- ▶ Үздіксіздік қызмет принципін қолдануға қатысты басшылықтың жасаған бағалық талдау.
- ▶ Ақша ағындарының болжамдарын дайындау барысында қолданылатын ақпараттар мен жіберулердің дұрыстылығы мен парасатталығын тексеру, соған қоса, құнсыздану тестіне қолданылатын өзге де бағалаулармен бастапқы деректерді салыстыру.
- ▶ Өтімділік пен міндеттемелерді өтеу қабілетіне, операциялық қызметтен ақша ағындарын жеткілікті деңгейде қозғалысқа келтіру қабілеті бойынша қарыздарды өтеу және де шетелдік валюта бағамының өзгеруіне байланысты міндеттемелер мен кірістер сомасына әсер ету мүмкіндігіне әсер ететін ықтимал болжам сценарийлерін талдау.
- ▶ Қаржыландырудың қолжетімділігін растайтын, соның ішінде несиелік келісімдер, қаржы институттарымен хаттар, Директорлар Кеңесі шешімдерінің хаттамалары және т.б. құжаттарды тексеру.
- ▶ Арифметикалық дұрыстығы үшін қаржылық ковенанттардың есептеулерін қайта есептеу
- ▶ 2016 ж. 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдайына сәйкес банк-кредиторлардың қаржылық ковенанттарға қатысты талаптарды ескермеуіне байланысты растау-хаттарына талдау жасау.
- ▶ Қаржылық есептіліктің ақпаратының ашықтығына, дұрыстылығына және толықтығына сәйкес тексеру.

Үздіксіздік қызметіне қатысты пайымдаулар ағымдағы жағдайлар бойынша орынды және ашылған ақпарат шынайы жағдайды көрсететіндігіне көз жеткіздік.

Неге біз сұрақты аудит үшін маңызды деп санаймыз?

Аудит барысында не жасалды?

Күрделі салымдар есебі

Компания айтарлықтай инфрақұрылымға және қозғалмалы составтарға өз қаражаты есебінен, сондай-ақ Акционердің капиталға салған салымдары есебінен және қарыздық қаражаттарды тарту нәтижесінен инвестициялайды.

7 Ескертуде көрсетілгендей, Компания 2016 ж. ішінде капиталды шығындар сомасы 320,089,998 мың. тенгеге шекті.

Сатып алуларға, құрылысқа, негізгі құралдарды жөндеуге кеткен елеулі шығындарды дұрыс есепке алу және шығындардың деректерін шынайы көрсету аудиттің басты сұрағы болып табылады.

Біздің рәсімдер мыналарды қамтиды:

- ▶ Бастапқы құжаттар мен инвестициялық бюджеттерге сәйкес капиталдандырылған шығындарды ішінара негізде тексеру, сондай-ақ ХҚЕС 16 «Негізгі құралдар» сәйкес актив ретінде тану және бағалау.
- ▶ Қарыздар бойынша шығындардың капиталдандыру дұрыстығын ішінара тексеру.
- ▶ Сметаларға сәйкес жобалардың аяқталу сатысын, сондай-ақ негізгі құралдарды жылдық инвентаризациялау аясында жеке инспекциялауды тексеру.

Күрделі шығындар тану критерийлеріне келеді және тиісті құжаттармен және есептермен расталатындығына көз жеткіздік.

Компания тобын жекешелендіру бағдарламасы

Жеке қаржылық есептілікке қатысты Ескерту 4 және 15 көрсетілгендей, 2016–2020 жж. арналған жекешелендірудің кешенді жоспарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі 30 желтоқсан 2015 ж. қабылдаған, 2016 ж. сәуір айында Компанияның директорлар Кеңесі жекешелендіруге жататын еншілес ұйымдар, бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың тізімін бекітті.

2016 ж. 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компания инвестицияларды кейбір ұйымдарға сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер ретінде жіктеді.

Активтерді сатуға арналған ретінде жіктеу басшылықтың пайымдауларын талап ететіндіктен, бұл сұрақ аудиттің басты сұрағы болып табылады.

Біздің рәсімдер мыналарды қамтиды:

- ▶ Активтерді сатуға арналған ретінде жіктеуді өлшемдеріне сәйкес тексеру, сондай-ақ сату мен өткізілетін іс-шаралар ықтималдылығына қатысты Компания басшылығының пайымдауларын тексеру.
- ▶ Активтердің құнын дұрыс көрсету мақсатында баланстық құны мен әділ құннан оның ішінде сату шығындарын шегергендегі ең аз мөлшерін есепті күнге қол қойылған келісім шарттардың тексерісін қосқанда, тәуелсіз кеңесші бағалау есептілігін жүргізді.
- ▶ 2016 ж. ішінде сату құнымен шығарылған инвестициялардың баланстық құнын салыстыру және инвестициялар бойынша жасасқан шарттарының қаржылық нәтижесін дұрыс көрсету мақсатында тексеру.
- ▶ Басшылықтың бағалауы мен пайымдауларын ескере отырып, қаржылық есептілік ақпаратының толықтығын тексеру.

Активтер талаптарға сай жіктеліп, ағымдағы жағдайда тиісті түрде бағалауына көз жеткіздік.

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕПТЕ ҚАМТЫЛҒАН ӨЗГЕ АҚПАРАТ

Жеке қаржылық есептілік пен аудиторлық қорытындыды қоспағанда, жылдық есепте қамтылған барлық өзге де ақпаратқа басшылық жауап береді. Жылдық есеп аудиторлық қорытындыдан кейін ұсынылады деп болжаймыз.

Жеке қаржылық есептілік туралы пікіріміз жылдық есептің өзге де ақпараттарға қолданылмайды және біз өзге де ақпарат бойынша сенімділік білдірмейміз. Қаржылық есептіліктің аудитін өткізілуіне байланысты біз ұсынылған басқада ақпараттарды қарастыруымыз қажет. Өзге де ақпаратты аудит барысында алынған білімге, қаржылық есептіліктің елеулі сәйкессіздіктеріне, сондай-ақ мүмкін болатын өзге де бұрамалаушылықтарына қарастырамыз.

Жылдық есептің өзге де ақпаратпен танысу барысында қандай да бір бұрамалаушылықтарды анықтаған жағдайда, ол туралы корпоративтік басқаруға жауап беретін тұлғаларға хабардар етуге міндеттіміз.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ МЕН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЖАУАП БЕРЕТІН БАСШЫЛЫҚ ПЕН ТҰЛҒАЛАР ЖАУАКЕРШІЛІГІ

Басшылық шоғырландырылған қаржылық есептілігін Халықаралық қаржы есептілігі стандарттарына сәйкес дайындауға және шынайы ұсынуға, сондай-ақ басшылық ықпалсыз іс-қимылдар немесе қателесу салдарынан елеулі бұрамалаушылықсыз жеке қаржылық есептілігін дайындауға қажет деп есептейтін ішкі бақылау жүйесіне жауапты.

Компанияны сатуға, оның қызметін тоқтатуға немесе басқа практикалық баламасы болмаған жағдайларды қоспағанда басшылық жеке қаржылық есептілікті дайындау барысында Топтың үздіксіздік қызметін жалғастыру қабілетін бағалауына, үздіксіздік қызметіне қатысты ақпараттың ашықтығына, үздіксіздік қызметтің пайымдаулар негізінде есептіліктің дайындығына жауап береді.

Корпоративтік басқаруға жауап беретін тұлғалар жеке қаржылық есептіліктің дайындығы мен қадағалауына жауап береді.

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІҢ АУДИТІ ҮШІН АУДИТОР ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Біздің мақсатымыз шоғырландырылған қаржылық есептілікте жосықсыз әрекеттер мен қателердің салдарынан болған бұрамалаушылықтардың жоқ екендігіне және аудиторлық қорытынды қамтитын біздің пікірге сенімді болуына көз жеткізу болып табылады. Саналы сенімділік – бұл жоғары сенімділік дәрежесі, бірақ ол ХАС-қа сәйкес өткізілген аудит пен елеулі бұрамалаушылықтардың анықтауына кепілдік бермейді. Бұрамалаушылықтардың нәтижесі жосықсыз әрекеттер мен қателіктер салдарынан болуы мүмкін және егер де пайдаланушылар жеке қаржылық есептіліктің негізінде қабылдаған экономикалық шешімдеріне әсерін тигізетін жағдайда, оны елеулі деп санауға болады.

ХАС-қа сәйкес өткізілетін аудит барысында, біз әр түрлі кәсіби пайымдауды және кәсіби скептицизмді аудит бойы сақтаймыз. Сонымен қатар, біз:

- ▶ Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің жосықсыз әрекеттер немесе қателер салдарынан елеулі бұрамалаушылықтардың тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; бұл тәуекелдер бойынша аудиторлық рәсімдерді әзірлеп өткіземіз; аудиторлық дәлелдемелерді жеткілікті және тиісті түрде алып, пікірді білдіреміз. Қателер салдарынан болған елеулі бұрамалаушылықтардың тәуекеліне қарағанда, жосықсыз әрекеттер салдарынан болған елеулі бұрамалаушылықтардың тәуекелін анықтамау қаупі маңыздырақ, өйткені жосықсыз әрекеттерге сөз байласу, жалғандық жасау, қасақана олқылық, ақпаратты немесе әрекетті бұрмалап, қолданыстағы ішкі бақылау жүйесін айналып өту сияқты әрекеттер жасалуы мүмкін;
- ▶ Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігіне пікір білдіру мақсатында емес, мән-жайларға сәйкес аудиторлық рәсімдерді әзірлеу үшін ішкі бақылаудың түсінігін аламыз;
- ▶ Басшылық дайындаған тиісті ақпараттың ашықтығы мен бухгалтерлік бағалаудың негізділігін, есеп саясатын тиісті сипатта қолданылатынын бағалаймыз;
- ▶ Үздіксіздік қызмет туралы басшылықтың қолданған пайымдауларын заңдылығына, ал алынған аудиторлық дәлелдемелер негізінде оқиғалар мен жағдайлар нәтижесінде Компанияның үздіксіздік қызметін жалғастыру қабілеті туралы елеулі күмән туындауы мүмкін елеулі белгісіздіктеріне қорытынды жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздіктің бар деген қорытындыға келсек, біз шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиторлық қорытындының тиісті ақпаратын ашықтығына назар аударып немесе тиісінше ашылмаған жағдайда, пікірін өзгерту. Біздің қорытындылар аудиторлық қорытындыға дейін алынған аудиторлық дәлелдемелерге негізде-

леді. Алайда, болашақ оқиғалар мен жағдайлар Компанияның үздіксіз қызметін жалғастыру қабілетін жоғалтуға әкелуі мүмкін;

- ▶ Шоғырландырылған қаржылық есептілігін жалпы алғанда, оның мазмұны мен құрылымын, ақпаратты ашу, сондай-ақ операциялар мен оқиғалар негізінде жатқан ақпараттың дұрыстығына баға беру; және
- ▶ Шоғарландырылған қаржылық есептілікке пікір білдіруге компания Тобының қаржылық жағдайы және қызметіні жайлы жеткілікті ақпарат алып және дәлелді аудиторлық пікір білдіреміз. Біз Топқа, басшылыққа және олардың қызметі аудитіне жауап береміз. Біз өзіміздің аудиторлық пікірімізге жауаптымыз.

Корпоративтік басқаруға жауап беретін тұлғаларға аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит барысында анықталған елеулі кемшіліктерін, соның ішінде ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы хабар береміз.

Біз сондай-ақ корпоративтік басқаруға жауап беретін тұлғаларға аудиторлық тәуелсіздікке қатысты қолданылатын этикалық талаптардың сақталуы туралы мәлімдемені береміз және аудитордың тәуелсіздігіне әсер ететін және сақтық бойынша қабылданған шаралар туралы оларға барлық сұрақтар бойынша хабар береміз.

Корпоративтік басқаруға жауап беретін тұлғаларға хабардар еткен сұрақтардың ішінен есепті кезеңнің шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін елеулі және осы тұжырымға қосылған негізгі сұрақтарын қамтиды.

Алуа Есімбекова
Тапсырма бойынша серіктес
АҚШ, Нью Гемпшер Штатының
Қоғамдық бухгалтері
2014 ж. 12 маусым
Лицензия №07348

Дәулет Қуатбеков
Орындаушы аудитор
Қазақстан Республикасының
Білікті аудитормы
2002 ж. 15 ақпандағы
№0000523 біліктілік куәлігі
Қазақстан Республикасы

«Делойт» ЖШС
Қазақстан Республикасы бойынша аудит жүргізуге
құқығы бар №0000015 лицензиясы, түрі МФЮ–2,
Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 2006 ж.
13 қыркүйекте берген

Нұрлан Бекенов
«Делойт» ЖШС
Бас директоры

2017 ж. 13 наурыз

2016 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДАҒЫ

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ЖӨНІНДЕГІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

(мың теңге)

	Ескертулер	2016 ж. 31 желтоқсан	2015 ж. 31 желтоқсан
АКТИВТЕР			
Ұзақ мерзімді активтер			
Жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтар	7	2,521,329,368	2,395,441,635
Материалдық емес активтер		11,589,266	13,288,840
Акционердің пайдасына тағайындалған актив	31	–	41,268,374
Бірлескен ұйымдарға инвестициялар	8	11,720,150	22,104,613
Қауымдасқан ұйымдарға инвестициялар	8	11,357,875	10,898,604
Кейінге қалдырылған салық активтері	19	8,632,019	–
Инвестициялық жылжымайтын мүлік		–	6,574,127
Басқа да ұзақ мерзімді қаржы активтері	9	2,333,030	178,929
Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек	10	117,217	137,599
Басқа да ұзақ мерзімді активтер	11	91,920,382	99,847,392
Ұзақ мерзімді активтер жиынтығы		2,658,999,307	2,589,740,113
Ағымдағы активтер			
Ақша қаражаты мен оның баламалары	12	48,978,173	67,838,129
Өтелетін ҚҚС		57,252,499	53,353,425
Басқа да ағымдағы қаржы активтері	9	16,186,691	41,466,840
Тауарлы материалды қорлар	13	28,846,944	29,315,295
Сауда дебиторлық берешек	10	15,416,517	9,616,182
Табыс салығы бойынша алдын-ала төлем		1,903,220	2,224,060
Акционердің пайдасына тағайындалған актив	31	48,067,799	30,158,259
Басқа да ағымдағы активтер	14	39,174,885	25,511,265
		255,826,728	259,483,455
Сату үшін арналған деп сыныпталған ұзақ мерзімді активтер мен шығарылатын топтың активтері	15	120,625,761	34,750,812
Ағымдағы активтер жиынтығы		376,452,489	294,234,267
Активтер жиынтығы		3,035,451,796	2,883,974,380
КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Капитал			
Жарғылық капитал	16	993,460,480	865,393,896
Хеджирлеу резерві	16	(39,073,931)	(43,491,357)
Шетел валютасын қайта есептеу резерві	16	4,110,006	4,601,406
Бөлінбеген пайда		198,501,308	142,411,682
Акционер капиталы		1,156,997,863	968,915,627
Бақылау жасалмайтын иелену үлестері	16	11,035,349	(651,552)
Капитал жиынтығы		1,168,033,212	968,264,075

	Ескертулер	2016 ж. 31 желтоқсан	2015 ж. 31 желтоқсан
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Несиелер	17	1,098,117,957	1,174,883,855
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша міндеттемелер	19	224,357,530	229,520,855
Акционердің пайдасына тағайындалған өзгертілмейтін міндеттеме	31	–	48,601,265
Қызметкерлерге сыйақы бойынша міндеттемелер	18	26,169,983	28,429,598
Қаржылық жал бойынша міндеттемелер		–	2,183,849
Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер	21	4,399,245	–
Ұзақ мерзімді міндеттемелер жиынтығы		1,353,044,715	1,483,619,422
Ағымдағы міндеттемелер			
Несиелер	17	141,561,817	199,754,238
Сауда кредиторлық берешек	20	124,453,799	97,281,627
Төленетін басқа да салықтар		8,128,214	6,629,531
Қызметкерлерге сыйақы бойынша міндеттемелер	18	2,960,557	3,254,055
Корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттемелер		117,552	1,579,639
Қаржылық жал бойынша міндеттемелер		–	499,023
Акционердің пайдасына тағайындалған өзгертілмейтін міндеттеме	31	48,067,799	30,188,574
Басқа да ағымдағы міндеттемелер	21	92,267,628	88,450,436
		417,557,366	427,637,123
Сату үшін арналған деп сыныпталған шығарылатын топ міндеттемелері	15	96,816,503	4,453,760
Ағымдағы міндеттемелер жиынтығы		514,373,869	432,090,883
Міндеттемелер жиынтығы		1,867,418,584	1,915,710,305
Капитал мен міндеттемелер жиынтығы		3,035,451,796	2,883,974,380
К.К. Алпысбаев Президент	М.Р. Қабашев Қаржы вице-президенті	Н.Х. Әбілова Бас бухгалтер	
2017 ж. 13 наурыз	2017 ж. 13 наурыз	2017 ж. 13 наурыз	

Төмендегі ескертулер осы шоғырландырылған қаржылық есептілігінің ажырамас бөлігі болып табылады.

2016 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ

ПАЙДА МЕН ЗАЛАЛ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС ЖӨНІНДЕГІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

(мың теңге)

	Ескертулер	2016 ж.	2015 ж.
Жалғастырылатын қызмет			
Табыстар			
Жүк тасымалдары		688,204,339	629,049,742
Жолаушылар тасымалы		80,133,552	71,787,391
Мемлекеттік субсидиялар		22,528,832	21,721,705
Басқа да табыстар	22	32,244,835	29,946,430
Табыс жиынтығы		823,111,558	752,505,268
Өткізудің өзіндік құны	23	(658,852,600)	(616,768,734)
Жалпы пайда		164,258,958	135,736,534
Жалпы және әкімшілік шығындар	24	(76,443,963)	(75,922,529)
Активтердің құнсыздануы	7, 9, 11, 13	(2,168,347)	(4,960,728)
Басқа да пайда мен залал		3,585,503	814,768
Қаржылық табыс	25	6,325,198	5,581,810
Қаржылық шығындар	26	(85,417,894)	(60,884,278)
Бағам айырмашылығынан түскен пайда/ (залал)	31	20,863,279	(450,997,658)
Қауымдасқан және бірлескен ұйымдардың (залалындағы)/пайдасындағы үлес	8	670,248	(12,187,711)
	8	7,253,741	–
Еншілес ұйымдардың шығуынан түскен табыс		2,494,373	1,512,011
Салық салуға дейінгі (залал)/пайда		41,421,096	(461,307,781)
Корпоративтік табыс салығы бойынша үнемдеу/ (шығын)	19	4,763,234	9,001,175
Жалғастырылатын қызметтен түскен жыл іші (залал)/ пайда		46,184,330	(452,306,606)
Тоқтатылған қызмет			
Тоқтатылған қызметтен жыл ішіндегі залал	15	(4,907,711)	(7,675,103)
Жыл іші (залал)/пайда		41,276,619	(459,981,709)

	Ескертулер	2016 ж.	2015 ж.
Пайда салығы шегерілгеннен кейінгі басқа да жиынтық пайда/(залал):			
<i>Келесі кезеңдерде пайда және залал құрамына сыныпталуға жатпайтын басқа да жиынтық пайда/(залал):</i>			
Еңбек қызметі аяқталғаннан кейін қызметкерлерге төленетін сыйақы және басқа да ұзақ мерзімді төлемдер бойынша актуарлық пайда/(залал)		4,106,607	174,318
<i>Келесі кезеңдерде пайда және залал құрамына сыныпталуға жататын басқа да жиынтық (залал)/табыс</i>			
Ақша ағындарын хеджирлеу құралы бойынша залал	16	4,417,426	(43,491,357)
Шетелдік кәсіпорындардың есептіліктерін қайта есептеуден туындайтын пайда/(залал)		(486,819)	5,391,426
Жыл іші басқа да жиынтық пайда/(залал)		8,037,214	(37,925,613)
Жыл іші жиынтық пайда /(залал)		49,313,833	(497,907,322)
Келесілерге тиесілі жыл іші (залал)/пайда:			
Акционерге		40,979,582	(460,875,531)
Бақылау жасалмайтын иелену үлестеріне		297,037	893,822
		41,276,619	(459,981,709)
Келесілерге тиесілі жыл іші жиынтық (залал)/табыс:			
Акционерге		49,012,215	(498,808,660)
Бақылау жасалмайтын иелену үлестеріне		301,618	901,338
		49,313,833	(497,907,322)
Жалғастырылатын және тоқтатылған қызметтен акцияға шаққандағы (залал)/пайда, теңгеде	28	83	(937)
Жалғастырылатын қызметтен акцияға шаққандағы (залал)/пайда, теңгеде	28	93	(921)
К.К. Алпысбаев			
Президент			
2017 ж. 13 наурыз			
М.Р. Қабашев			
Қаржы вице-президенті			
2017 ж. 13 наурыз			
Н.Х. Әбілова			
Бас бухгалтер			
2017 ж. 13 наурыз			

Төмендегі ескертулер осы шоғырландырылған қаржылық есептілігінің ажырамас бөлігі болып табылады.

2016 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ЖӨНІНДЕГІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

(мың теңге)

	Ескертулер	2016 ж.	2015 ж.
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы:			
Жыл іші (залал)/пайда		41,276,619	(459,981,709)
Пайда мен залалда көрсетілген корпоративтік табыс салығы бойынша үнемдеу/(шығын)	15, 19	(3,622,748)	(6,881,118)
Келесілерге түзету:			
Тозу және амортизацияға		115,383,866	107,519,344
Қаржылық шығындарға	15, 26	91,603,653	66,506,639
Активтердің құнсыздануына		2,068,496	4,940,387
Қаржылық табысқа	15, 25	(7,174,522)	(6,077,255)
Еңбек қызметі аяқталғаннан кейін қызметкерлерге төленетін сыйақы және басқа да ұзақ мерзімді сыйақылар бойынша шығындарға		4,688,159	4,605,250
Қауымдасқан және бірлескен ұйымдардың залалындағы/(пайдасындағы) үлеске	8	(670,248)	12,187,711
Күмәнді берешек бойынша резервті есептеуге		244,235	10,638,658
Теріс бағамдық айырмашылыққа		(19,756,929)	449,570,560
Еншілес ұйымдардың шығуынан түскен табысқа	27	(2,494,373)	(1,512,011)
Тоқтатылған қызмет құрамына жатқызылған еншілес ұйымдардың шығуынан түскен табысқа	15	-	(1,096,611)
	8	(7,253,741)	-
Басқаға		4,031,207	3,121,682
Айналым капиталындағы және баланс бабындағы өзгерістерге дейінгі операциялық пайда		218,323,674	183,541,527
Сауда дебиторлық берешегінің өзгеруі		(657,908)	(66,756)
Босалқылардың өзгеруі		680,674	3,464,520
Басқа да ағымдағы және ұзақ мерзімді активтердің өзгеруі (оның ішінде ұзақ мерзімді қайтаруға жататын ҚҚС)		(8,038,819)	(7,037,335)
Сауда кредиторлық берешектің өзгеруі		7,666,138	(20,800,383)
Төлеуге жататын басқа да салықтардың өзгеруі		(17,804,812)	18,657,442
Басқа да ағымдағы міндеттемелердің өзгеруі		25,254,806	(14,721,747)
Қызметкерлердің сыйақысы бойынша міндеттемелердің өзгеруі		(2,506,445)	(2,955,062)
Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелердің өзгеруі		(283)	1,352,587
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаты		222,917,025	161,434,793
Төленген пайыздар		(75,615,767)	(59,115,772)
Алынған пайыздар		5,741,089	5,471,074

	Ескертулер	2016 ж.	2015 ж.
Төленген корпоративтік табыс салығы		(3,597,022)	(4,766,768)
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза қозғалысы		149,445,325	103,023,327
Инвестициялық қызметтен ақша қаражатының қозғалысы:			
Жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтарды сатып алу және сатып алу үшін төленген аванс		(269,421,794)	(209,055,211)
Материалдық емес активтерді сатып алу		(2,283,525)	(1,395,471)
Бірлескен ұйымдардан түскен үлестерді сату		8,294,044	–
Басқа да ұзақ мерзімді активтерді сату		15,528,122	8,607,778
Бірлескен ұйымдарға инвестицияларды сатып алу	8	(2,465,230)	(3,645,194)
Басқа да қаржы активтеріне инвестициялар		(82,842,991)	(79,035,388)
Басқа да қаржы активтерін сатудан түскен түсімдер		102,711,572	86,986,193
Бірлескен ұйымдардан алынған дивидендтер		1,659,754	1,358,688
Еншілес ұйымның және тоқтатылған қызметтің шығуымен байланысты ақша қаражатының таза ағыны		1,160,952	17,947,051
Басқасы		1,719,743	644,520
Инвестициялық қызметте пайдаланылған ақша қаражатының таза қозғалысы		(225,939,353)	(177,587,034)
Қаржылық қызметтен ақша қаражатының қозғалысы:			
Жарғылық капиталға жарна	16	127,923,000	68,338,937
Несиелер алу		178,830,508	81,879,893
Несиелерді өтеу		(235,886,216)	(77,708,027)
Тұынды қаржы құралын сату		–	327,008
Еншілес ұйымдағы басқарылмайтын қатысу үлесін сатудан түскен табыс	16	9,000,000	–
Төленген дивидендтер мен бөлулер		(39,682)	(306,471)
Акционер пайдасына тағайындалған активті сатып алу		(7,172,307)	(18,069,308)
Қаржылық жал бойынша міндеттемелерді өтеу		(716,247)	(602,523)
Қаржылық қызметтен ақша қаражатының таза қозғалысы		71,939,056	53,859,509
Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза (азаюы)/ ұлғаюы		(4,554,972)	(20,704,198)
Жыл басындағы ақша қаражаты мен оның баламалары	12	74,903,521	89,964,767

	Ескертулер	2016 ж.	2015 ж.
Шетелдік валютада берілген ақша қаражаты мен оның баламаларының балансына валюта бағамдары өзгеруінің әсері		(3,263,118)	5,642,952
Жыл аяғындағы ақша қаражаты мен оның баламалары	12	67,085,431	74,903,521
Ақшалай емес операциялар:			
Еншілес ұйымдардың шығуы нәтижесінде пайда болған сауда кредиторлық және дебиторлық берешектер		1,408,339	23,539,128
Еншілес ұйымдардың шығуы кезінде аяқталмаған құрылыс бойынша шығындардың келіп түсуі		–	12,562,464
Еншілес ұйымдардың шығуы нәтижесінде пайда болған сауда кредиторлық және дебиторлық берешектер берілген және алынған алдын-ала төлемдер		–	8,978,155
Банк жабдықтаушыға тікелей аударған қарыз қаражаты есебінен жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтарды сатып алу		21,613,436	4,971,503
Берілген несиелерді ұзақ мерзімді активтермен өтеу		2,093,503	3,671,032
Теміржол әкімшілігі бойынша қарызды өзара есептеу		8,507,263	3,505,050
Несиелерді ұзақ мерзімді активтер есебінен өтеу	17	47,832,538	–
Ассоциаланған кәсіпорындармен берілген кепілдемелердің әділ құнын мойындау	21	4,399,245	–

К.К. Алпысбаев
Президент

2017 ж. 13 наурыз

М.Р. Қабашев
Қаржы вице-президенті

2017 ж. 13 наурыз

Н.Х. Әбілова
Бас бухгалтер

2017 ж. 13 наурыз

Төмендегі ескертулер осы шоғырландырылған қаржылық есептілігінің ажырамас бөлігі болып табылады.

2016 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ЖӨНІНДЕГІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

(мың теңге)

	Жарғылық капитал	Хеджирлеу резерві	Шетел валюта- тасын қайта есептеу резерві	Бөлінбеген пайда	Акционердің үлесі	Бақылау жасалмайтын иелену үлестері	Капитал жиынтығы
2015 ж. 1 қаңтарына	793,329,985	-	(782,574)	600,970,019	1,393,517,430	16,056,277	1,409,573,707
Жыл іші пайда	-	-	-	(460,875,531)	(460,875,531)	893,822	(459,981,709)
Жыл іші басқа жиынтық залал	-	(43,491,357)	5,383,980	174,248	(37,933,129)	7,516	(37,925,613)
Жыл іші жиынтық (залал)/табыс	-	(43,491,357)	5,383,980	(460,701,283)	(498,808,660)	901,338	(497,907,322)
Акцияларды шығару (16 Ескерту)	72,063,911	-	-	-	72,063,911	-	72,063,911
Дивидендтер (16 Ескерту)	-	-	-	(4,559,619)	(4,559,619)	(6,471)	(4,566,090)
Басқа да бөлулер (16 Ескерту)	-	-	-	(952,660)	(952,660)	-	(952,660)
Басқа да жарналар (16 Ескерту)	-	-	-	7,167,201	7,167,201	-	7,167,201
Еншілес ұйымдардың шығуы (15 Ескерту)	-	-	-	-	-	(13,389,698)	(13,389,698)
Бақылаудың жойылуына алып келмейтін еншілес ұйымдардағы иелену үлесінің өзгеруі	-	-	-	488,024	488,024	(4,212,998)	(3,724,974)
2015 ж. 31 желтоқсанына	865,393,896	(43,491,357)	4,601,406	142,411,682	968,915,627	(651,552)	968,264,075
2016 ж. 1 қаңтарына	865,393,896	(43,491,357)	4,601,406	142,411,682	968,915,627	(651,552)	968,264,075
Жыл іші пайда/(залал)	-	-	-	40,979,582	40,979,582	297,037	41,276,619
Жыл іші басқа жиынтық (залал)/табыс	-	4,417,426	(491,400)	4,106,607	8,032,633	4,581	8,037,214
Жыл іші жиынтық (залал)/табыс	-	4,417,426	(491,400)	45,086,189	49,012,215	301,618	49,313,833
Акцияларды шығару (16 Ескерту)	128,066,584	-	-	-	128,066,584	-	128,066,584
Дивидендтер (16 Ескерту)	-	-	-	-	-	(39,682)	(39,682)
Басқа да бөлулер (16 Ескерту)	-	-	-	657,924	657,924	-	657,924
Басқа да жарналар (16 Ескерту)	-	-	-	12,770,576	12,770,576	-	12,770,576
Еншілес ұйымдардың шығуы (27 Ескерту)	-	-	-	-	-	(98)	(98)
Бақылаудың жойылуына алып келмейтін еншілес ұйымдардағы иелену үлесінің өзгеруі	-	-	-	(2,425,063)	(2,425,063)	11,425,063	9,000,000
2016 ж. 31 желтоқсанына	993,460,480	(39,073,931)	4,110,006	198,501,308	1,156,997,863	11,035,349	1,168,033,212

К.К. Алпысбаев
Президент

2017 ж. 13 наурыз

М.Р. Қабашев
Қаржы вице-президенті

201 ж. 13 наурыз

Н.Х. Әбілова
Бас бухгалтер

2017 ж. 13 наурыз

Төмендегі ескертулер осы шоғырландырылған қаржылық есептілігінің ажырамас бөлігі болып табылады.

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «Компания») Қазақстан Республикасы Үкіметінің (бұдан әрі – «Мемлекет») қаулысына сәйкес Қазақстанда теміржол саласындағы мемлекеттік активтер жөніндегі холдингтік компанияны ұйымдастыру мақсатында құрылған болатын. Компания 2002 ж. 15 мамырда тіркелген. Шоғырландырылған қаржылық есептілік Компания және онымен толық бақыланатын еншілес ұйымдардың (бұдан әрі бірлесіп – «Топ») қызмет нәтижесінен тұрады. Компанияның тіркелген офисінің мекен-жайы: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Д. Қонаев көшесі, 6.

Мемлекет атынан «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Компанияның жалғыз акционері (бұдан әрі – «Акционер») болып табылады.

Топ Қазақстан Республикасында Мемлекет бақылайтын мемлекеттік теміржол жүйесін пайдалануды жүк және жолаушылар тасымалы қызметін көрсету арқылы және теміржол инфрақұрылымын жөндеу мен ұстау арқылы жүзеге асырады. Мемлекет Қазақстанның теміржол саласын реттеу аясында жүк және жолаушылар тасымалында Топ қолданатын тарифтерді белгілейді. Жолаушылар тасымалының белгілі бір бағыттары мемлекеттік гранттармен субсидиялауға жатады. Осы реттелетін тарифтер бір бірінен тасымалдау бойынша көрсетілетін қызмет түріне байланысты ажыратылады. Халықаралық транзиттік қатынас арқылы жүктерді тасымалдау бойынша тариф Мемлекетпен реттелмейді.

2016–2020 жж.-ға магистралды теміржол желісіне тариф жыл сайынғы жүк тасымалы тарифінің 4%-дық өсуімен Қазақстан Республикасы Үкіметімен бекітілді. 2016 ж. темір жол көлігімен жүктерді тасымалдау құнының өсімі 4% құрап, сонымен бірге магистральді темір жол жүйесін қолануға тарифі 4% және локомотивті тартыс күшінің 4,6% құраған. 2016 ж. 25 сәуірден бастап облысаралық жолаушылар тасымалдаушы вагондардың барлық түрлеріне тарифтің өсімі 10% құрады.

2017 ж. 1 қаңтарынан бастап Үкімет магистральді темір жол жүйесін қолануға тарифі өсімін 4%-ға, және жолаушыларды тасымалдаудың облысаралық бірнеше бағыттары бойынша 7%-ға өсімін бекітті.

Қазақстан Республикасының нарығы дамушы нарықтарға тән кейбір ерекшеліктерді, яғни экономикалық, саяси, әлеуметтік, соттық және заңи тәуекелдерге шалдыққыштықты танытуда. Қазақстандағы бизнесті реттейтін заңдар мен нормативтік актілер тез өзгере алады және оларды негізсіз түсіндірудің мүмкіндігі бар. Қазақстанның болашақ экономикалық бағыты мемлекеттің салықтық және ақша-несиелік саясатына, қабылданатын заңдар мен нормативтік актілерге және мемлекеттегі саяси жағдайдың өзгеруіне айтарлықтай тәуелді.

Қазақстан мұнай мен газдың зор көлемін өндіретіндіктен және экспорттайтындықтан Қазақстанның экономикасы мұнай мен газдың әлемдік бағасының өзгеруіне аса сезімтал. 2014–2015 жж. ішінде энергия қорларының бағасы төмендеді, бұл экспорттық табыстың төмендеуіне алып келді. 2015 ж. 20 тамызда Үкімет пен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ұлттық валютаның еркін құбылмалы бағамына негізделген жаңа ақша-несиелік саясатқа көшкенін жариялады және валюталық дәлізден бас тартты. 2015 ж. теңге негізгі шетел валюталарына қатысты айтарлықтай құнсызданды.

Топ басшылығы экономикалық жағдайдағы ағымдағы өзгерістерді бақылап, жақын болашақта Топ бизнесінің тұрақтылығы мен дамуын қамтамыз ету үшін қажетті деп санайтын шараларды іске асырып отыр. Алайда, бүгінгі таңда Топтың болашақ шаруашылық нәтижелері мен қаржылық жағдайына экономикалық жағдайдағы өзгерістердің әсерін анықтау қиын.

Қазақстан Республикасында Компанияға Өкімет бақылау жүргізе отырып темір жол қызметтерінің ұзақ мерзімді саясатын айқындайды. Қазақстан Республикасының темір жол саласы 1997 ж. бастап қайта құрылымдау барысында, ол жүк тасымалы және инфраструктура және оған сәйкес тарифтердің бөлінуін қарастырып, сонымен қоса жолаушылар тасымалын субсидиялауын қамтиды. «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» АҚ даму саясатының компания топтары (бұдан әрі – «Топ») 2025 ж. дейін бизнестің трансформациялау Бағдарламасы нәтижелері және мемлекеттік жекешелендіру бағдарламасын есепке ала отырып «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ-ның және «ҚТЖ-Инфрақұрылым» АҚ-ның құрылуын қарастыруда. 2016 ж. 1 шілдесінен бастап «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ жүк тасымалы қызмет көрсетуін бастады. 2017 жылы инфрақұрылым операторы қызметін құру жоспарлануда.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ

Сәйкестік туралы мәлімдеме

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі Халықаралық қаржы есептілігі стандарттары жөніндегі Комитетпен (бұдан әрі – «ХҚЕСК») жарияланған Халықаралық қаржы есептілігі стандарттарына (бұдан әрі мәтін бойынша – «ХҚЕС») сәйкес дайындалған.

Қызмет үздіксіздігі қағидасы

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі қызметтің үздіксіздігі жорамалы негізінде дайындалған. Бұл жақын болашақта Топтың активтерін сату мен міндеттемелерін өтеуді оның негізгі шаруашылық қызметі барысында жүзеге асыруды ұйғарады. 2015 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың ағымдағы міндеттемелері оның ағымдағы активтерінен 137,856,616 мың теңгеге үлкен. Топ көлемді инвестициялық жобаларды операциялық қызметтен түскен ақша қаражатымен қоса Мемлекеттен алынған капитал мен сыртқы несиелер арқылы тарихи қаржыландырды. 2016 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның ағымдағы несиелер 141,567,817 мың теңгеге есептік күнтізбеден кейін 12 ай көлемінде өтелуі қажет, сонымен бірге Акционерлермен ұсынылған 75,000,000 мың теңге 2017 ж. қыркүйек айына дейінгі өтеу мерзімімен несиелері бар. Топ өз қызметіндегі қажетті ақша қаражаттарының көлеміне, сонымен бірге өтеуге қажетті берешекке және даму жоспарына баға бере отырып, өз қызметінде ақша қаражаттары қозғалысынан және өзінде бар қаражаттар көлемімен міндеттемелерін қаржыландыру бағалады. Қызмет үздіксіздігі жорамалын бағалау кезінде Компания басшылығы Компанияның қаржылық жағдайын, күтілетін болашақ қаржылық нәтижелерін, несиелерін, қол жетімді несие қорлары мен өзінің инвестициялық сипаттағы міндеттемелерін, күтілетін тарифтерді, валюта бағамын және Компания алдынан өтетін басқа да тәуекелдерді есепке алды. Сәйкес талдауды жүзеге асырғаннан кейін Топ басшылығы Топ операциялық қызметті жалғастыру үшін және өзінің міндеттемелерін (32 Ескерту) өтеу үшін жеткілікті қорларға ие деп есептеді және қызмет үздіксіздігі қағидасын қолдану орынды деп санады.

Құнды анықтау негізі

Есеп беру күніне бағалау немесе әділ құнмен есепке алынатын кейбір қаржылық құралдарды қоспағанда, шоғырландырылған қаржылық есептілік тарихи құн қағидасы негізінде дайындалған.

Шоғырландыру қағидасы

Шоғырландырылған қаржылық есептілік Компанияның қаржылық есептілігін және Компания мен 30 Ескертуде тізімі көрсетілген оның еншілес ұйымдарымен бақыланатын ұйымдардың қаржылық есептілігін қамтиды. Елеулі ықпалы бар Топ инвестициялары үлестік қатысу әдісі арқылы есепке алынады. Барлық Топ ішілік операциялар, сальдо және өткізілмеген табыстар мен шығындар шоғырландыру кезінде алынып тасталады.

Функционалдық валюта және ұсыну валютасы

Топтың шоғырландырылған қаржы есептілігі Қазақстандық теңгемен (бұдан әрі – «теңге») берілген. Топтың шетел ұйымдарының активтері мен міндеттемелері есептік күнге бағам бойынша аударылады, ал пайдалар немесе залалдар жыл іші орташа бағам бойынша аударылады. Қайта есептеу бойынша туындайтын бағамдық айырмашылықтар басқа да табыстарда ескеріледі. Шетелдік ұйымдар шыққан кезде, аталған шетелдік ұйымдарға тиесілі жинақталған бағам айырмашылықтары пайда мен залалда танылады.

Теңге Қазақстан Республикасынан тыс жерде толық айырбасталатын валюта болып табылмайды. Шетелдік валюталардағы операциялар Қазақстандық қор биржасы («ҚҚБ») белгілеген операцияны жасау күніне нарықтық бағам бойынша ескеріледі. ҚҚБ сессиясында сауда-саттық өткізілмеген шетелдік валюталар бойынша валюталардың айырбастау бағамын

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Reuters ақпараттық агенттігінің арналары бойынша алынған баға белгілеуге сәйкес АҚШ долларына кросс-бағамды қолданып есептейді.

Шетелдік валюталарда берілген ақша активтері мен міндеттемелер есептік күндегі бағам бойынша ұйымның функционалды валютасына қайта есептеледі. Операцияны жасаған күнінен кейін айырбастау бағамдарының өзгеруі нәтижесінде пайда болатын барлық бағамдық айырмашылықтар пайда мен залалда көрсетіледі. Әділ құны бойынша шетелдік валюталарда берілген ақшалай емес активтер мен міндеттемелер әділ құнын белгілеу күніндегі қолданыстағы бағам бойынша теңгеге қайта есептеледі. Шетелдік валютада тарихи құны бойынша берілген ақшалай емес активтер мен міндеттемелер қайта есептелмейді.

Келесі кестеде мына күндерге теңгенің айырбастау бағамы берілген:

	2016 ж. 31 желтоқсан	2016 ж. 31 желтоқсан
АҚШ доллары	333.29	340.01
Еуро	352.42	371.46
Швейцар франкі	328.14	343.48
Ресей рублі	5.43	4.61

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ

2016 ж. тамызында Топ Басшылығымен қайта еңгізіліп шығарылған стандарттар мен оларға арналған өзгертулері бар жаңа редакциядағы, есеп жүргізу қағидаларына, бухгалтерлік пайымдарына, ұсыну мен есеп жүргізу әдістеріне елеулі өзгерістер енгізбейтін, Есеп саясаты бекітілді.

Жаңа және қайта қаралған стандарттарды қабылдау

Топ 2016 ж. 1 қаңтарынан басталатын және осы күннен кейінгі жылдық есептік кезеңдер үшін күшіне енетін 1 ХҚЕС-ке «Қаржылық есептілікті ұсыну» түзетулерді 2015 ж. алдын-ала қолданды.

2016 ж. 1 қаңтардан бастап күшіне енген басқа өзгерістер:

- ▶ ХҚЕС (IAS) 16 және ХҚЕС (IAS) 38 түзетулер «Рұқсат етілген амортизация әдістерін түсіндіру»;
- ▶ ХҚЕС (IAS) 27 түзетулер «Жеке қаржы есептілігінде үлестік қатысу әдісін қолдану»;
- ▶ 2012–2014 жж. аралығында ХҚЕС жыл сайын жетілдіру.

2012–2014 жж. аралығында болған ХҚЕС жыл сайынғы жетілдірулер кейбір ХҚЕС түзетулер енгізді. Олар төменде сипатталған.

ХҚЕС (IFRS) 5 түзетулер анайы жағдайлар үшін басқаруды қамтиды. Топ активті сату санатынан жеке меншікке беру санатына жіктейді (немесе керісінше). Ол мұндай өзгеріс бастапқы шығын жоспарын жалғасы ретінде қарастырылуы тиіс және, сондықтан, сату тұрғысынан ХҚЕС (IFRS) 5 түзетулерге қатысты талаптары қолданылмайтындығын түсіндіреді. Сондай-ақ түзетулер жеке меншікке берілген активтер есебі тоқтатылады деп нақтылайды.

ХҚЕС (IFRS) 7 түзетулер берілген актив бойынша жасалған келісімдердің қамтамасыз ету жалғаспалы қатысуын анықтау үшін, қосымша басқарманы қамтиды.

ХҚЕС (IAS) 19 түзетулер, еңбек қызметі аяқталғаннан кейін қызмет бағдарламасы бойынша міндеттемелерді дисконттау үшін пайдаланылатын мөлшерлеме есептік кезеңнің аяғындағы жоғары сапалы корпорациялық облигациялардың нарықтық кірістілігі негізінде анықталады деп түсіндіреді. Жоғары сапалы корпоративтік облигациялар нарығының тереңдігін бағалау жеке деңгейде, валюта (валюта, яғни сыйақы төлеуге жататын) жасалуы тиіс. Жоғары сапалы корпоративтік облигациялар нарығының жеткілікті тереңдігі жоқ валюталар үшін, мемлекеттік облигациялар бойынша есепті кезеңнің соңында нарық рентабельділігі көрсеткіштері сол валютада пайдаланылуы тиіс.

Осы түзетулерді қолдану барысында жеке қаржылық есептілікке елеулі әсер еткен жоқ.

Жаңа немесе қайта қаралған, шығарылған, бірақ әлі күшіне енген стандарттар:

Компания мерзімінен бұрын және күшіне енген стандарттарды, түзетулерді және интерпретацияларды қолданбады.

ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржылық құралдар»

2009 ж. қараша айында шығарылған ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржылық құралдар» қаржы активтерін жіктеу мен бағалауға жаңа талаптарды енгізуде. 2010 ж. қазан айында, қаржылық міндеттемелерді жіктеу мен бағалау және тоқтатылған деп тану бойынша жаңа талаптар мен түзетулер енгізілді. 2013 ж. қараша айында стандартты хеджирлеуді есепке алу, жаңа талаптарға сәйкес толықтырылды. Стандарттың жаңартылған нұсқасы 2014 ж. шілде айында шығарылды. Негізгі өзгертулер а) қаржылық активтердің құнсыздану талаптарын; б) қаржылық активтерді жіктеу және бағалау бойынша түзетулер «әділ құны бойынша бағаланатын басқа жиынтық табыстар» (экб-бжт) белгілі бір түрі үшін қарапайым борыштық құралдарын қозғады.

ХҚЕС (IFRS) 9 негізгі талаптар

- ▶ *Қаржылық активтерді жіктеу және бағалау.* ХҚЕС 9 (IFRS) қолданылу саласында барлық танылған қаржылық активтер, олар бастапқы танудан кейін немесе амортизацияланған құн бойынша, не әділ құн бойынша бағалануға тиіс. Атап айтқанда, бизнес-моделі аясында ұсталатын борыштық құралдар, шартпен көзделген ақша ағындарын алуға бағытталған, соның ішінде тек қана негізгі соманы және ол бойынша пайыздар, әдетте, амортизацияланған құн бойынша бағаланады. бизнес-моделі аясында ұсталатын борыштық құралдар, шартпен көзделген ақша ағындарын алуға және қаржылық активті сатуға бағытталған, сондай-ақ, бар шарттық жағдайлар бойынша ақшалай ағындарын алу себепші болатын тек қана борыштың негізгі сомасы мен негізгі сомасы бойынша өтелмеген пайыздарды әдетте жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланады. Барлық өзге борыштық және үлестік құралдар әділ құны бойынша бағаланады. Сонымен қатар, ХҚЕС (IFRS) 9 сәйкес ұйым (саудаға арналмаған және шартты түрде қайтару болып табылмайтын, бизнесті біріктірудің бір бөлігі ретінде сатып алушы танылған ХҚЕС (IFRS) 3) тек қана өзге жиынтық табыстың құрамында дивиденттерден алынған табысты пайда немесе залалда тану. оның ықтимал жоюға құқығынсыз, шешім қабылдай алады.
- ▶ *Қаржылық міндеттемелерді жіктеу және бағалау.* Өзгерістер әділ құны бойынша қаржылық міндеттемелер ретінде жіктелген әділ құны бойынша бағаланатын, пайда немесе шығын өзгеруіне байланысты олардың меншікті, несиелік тәуекелдерді және құру немесе ұлғайту есептік теңсіздікті пайда немесе шығындар өзге жиынтық кірісте танылуы тиіс. Әділ құнының өзгеруі қаржылық міндеттемелердің меншікті несиелік өзгеруіне байланысты пайда мен залал есебіне кейіннен қайта жіктеуіне жатпайды. ХҚЕС (IAS) 39 сәйкес қаржылық міндеттемелердің әділ құны бойынша өзгерістер пайда немесе залал арқылы бағаланып толығымен пайда мен залал есебінде танылды.
- ▶ *Құнсыздану.* Қаржы активтерінің құнсыздануын анықтау кезінде ХҚЕС (IAS) 39 қарастырылған шеккен шығындар моделін емес, күтілетін несиелік шығындар моделін қолдануын ХҚЕС (IFRS 9) талап етеді. Қаржылық активтерді тану күнінен бастап несиелік тәуекелдің өзгерістерін көрсету үшін, күтілетін несиелік шығындардың моделі, күтілетін несиелік шығындардың әрбір есепті күнге өзгерістерін есепке алуды талап етеді. Басқа сөзбен айтқанда, енді құнсыздануды тану үшін жоғары несиелік тәуекелді растайтын оқиғаларды күтуге қажет емес.
- ▶ *Хеджирлеу есебі.* Хеджирлеуді есепке алу жаңа ережелері ХҚЕС (IAS 39) белгілеген хеджирлеу қатынастарының үш түрін сақтайды. ХҚЕС (IFRS 9) әртүрлі операцияларға хеджирлеу есебін қолдану мүмкіндігіне қатысты неғұрлым жеңіл ережелерді қамтиды, хеджирлеу құралдары ретінде танылуы мүмкін қаржы құралдарының тізбесін, сондай-ақ тәуекел компоненттеріне қолдануға болатын хеджирлеу есебінің тізбесін кеңейтті. Сонымен қатар, тиімділігі үшін тест тұжырымдамасы экономикалық қарым-қатынасы бар қағидасына ауыстырылды. Хеджирлеу есептің тиімділігін ретроспективті бағалау бұдан былай қажет емес. Тәуекелдерді басқару жөніндегі ақпаратты ашып көрсету талаптары айтарлықтай кеңейтілді.

Топ басшылығы 9 ХҚЕС (IFRS) «Қаржылық құралдар» болашақта қолданылуы қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелерде көрсетілген сомаларға ықпал ете алады деп күтеді.

ХҚЕС (IFRS) 15 «Клиенттермен келісімшарттар бойынша табыс»

2014 жылдың мамыр айында ХҚЕС (IFRS) 15 клиенттермен келісім-шарттар бойынша табысты есептеуде бірыңғай кешенді үлгісі жарияланды. ХҚЕС (IFRS) 15 күшіне енгеннен кейін, табысты тану бойынша ХҚЕС (IAS) 18, ХҚЕС (IAS) 11 ағымдағы стандарттарды ауыстырады. ХҚЕС (IFRS) 15 негізгі принципі: ұйым клиенттерге уәде берген тауарлар немесе қызметтер беру ретінде табыстарды, тауарлар немесе қызметтер айырбастау бойынша тиісті сыйақыны алу бойынша тануы тиіс. Атап айтқанда, стандарт табыс тану үшін бес қадам үлгісін енгізеді:

- ▶ Қадам 1: Сатып алушымен шарттарды анықтау
- ▶ Қадам 2: Келісім-шарттың орындалуы үшін жауапкершілікті анықтау
- ▶ Қадам 3: Келісім-шарттың бағасын анықтау
- ▶ Қадам 4: Келісім-шарттың орындалуы үшін жауапкершілікті арасындағы мәміле бағасын бөлу
- ▶ Қадам 5: Ұйым шарт бойынша міндеттемелерін орындаған кезде табыстарды тану

ХҚЕС (IFRS) 15 сәйкес ұйым табысты орындаушы өз міндеттемелерін орындаған кезде, яғни тауарлар мен қызметтерге бақылау орындаушыдан сатып алушыға ауысқан кезде танылады. Стандарт құрамында егжей-тегжейлі есепке алу және түрлі типтегі мәмілелерге қатысты талаптарын қамтиды. Сонымен қатар, ХҚЕС (IFRS) 15 ақпарат көлемін толығырақ ашуды талап етеді.

2016 ж. сәуір айында, ХҚЕС жөніндегі Кеңес сәйкестендіруге қатысты міндеттемелерді орындауға, «қағида-агент» қарым-қатынас талдауына, сондай-ақ лицензиялау нұсқаулығын қолдануға қатысты ХҚЕС (IFRS) 15 түзетулер шығарды.

Топ басшылығы 15 ХҚЕС «Клиенттермен келісімшарттар бойынша табыс» болашақта қолданылуы табыстың сомалары мен танылу мерзіміне елеулі ықпал ете алады деп күтеді.

ХҚЕС (IFRS) 16 «Жал»

ХҚЕС (IFRS) 16 «Жал» жал бойынша шарттар мен жал беруші мен жал алушының арасындағы есебіне қатысты біріккен моделін енгізуде. Жаңа стандарт күшіне енгеннен кейін ХҚЕС (IAS) 17 және барлық байланысты түсініктемелерді алмастырады.

ХҚЕС (IFRS) 16 жалға беру шарттар және қызмет көрсету шарттарын сатып алушы анықталған активті бақылау негізінде ажыратады. Жалға берушіге қатысты операциялық жал мен қаржылық жалдың арасындағы айырмашылық енді жоқ, оның орнына жалға беруші өз есебінде активті құқығына иелігі мен шартта қарастырылған міндеттемелерді орындау бойынша тануы тиіс, бірақ оған қысқа мерзімді жал мен төмен құнды жалдар кірмейді.

Актив басында бастапқы құны бойынша, бастапқы құн бойынша танылғаннан кейін жинақталған амортизация мен құнсызданудан жинақталған залалды шегергенде бастапқы құнымен, жалдау бойынша міндеттемелерге қайта бағалау түзетулерін енгізгеннен кейін танылады. Жалдау бойынша міндеттеме бастапқыда қалған жалдау төлемдерінің дисконтталған құны бойынша бағаланады. Бастапқы танудан кейін жалдау бойынша міндеттеме пайыздар бойынша міндеттеме және жалдау төлемдеріне, сондай-ақ, басқалардың арасында, жалға алу шартының модификацияларына әсері түзетіледі. Сонымен қатар, ақша қаражаттарының қозғалысы туралы жіктеу, сондай-ақ сәйкес операциялық жалдау шарттары бойынша төлемдер ретінде өзгереді ХҚЕС (IFRS) 16 сәйкес жалға төлемдер тиісінше, қаржыландыру және операциялық қызметтен түскен ақша қаражаттары ретінде ұсынылатын болады жауапкершілік пен пайыздардың негізгі сомасына, өтеу бөлінеді ал ХҚЕС (IAS) 17 операциялық қызметтен түскен ақша қаражаттарының қозғалысы ретінде жіктеледі.

ХҚЕС (IFRS) 16 мен ХҚЕС (IAS) 17 сәйкес жалға беруші мен жалға алушы тарапынан бухгалтерлік есепті салыстырғанда іс жүзінде өзгерген жоқ, операциялық жалдау шарттары немесе қаржылық жалдау бойынша шарттарға бөлуді талап етеді.

Бұлардан басқа, IAS (IFRS) 16 сәйкес ақпаратты ашуға қатысты талаптар айтарлықтай кеңейді.

Топ басшылығы 16 ХҚЕС «Жал» болашақта қолданылуы активтер мен міндеттемелердің сомаларына елеулі ықпал ете алады деп күтеді, өйткені Компания жалшы болып табылатын барлық жал келісімшарттары есептілікте көрсетілетін болады. Алайда егжейлі талдау жүргізгенге дейін 16 ХҚЕС-тің қолданылуының ықпалын бағалау мүмкін емес.

Қазіргі уақытта басшылық Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілікке қолданған ХҚЕС (IFRS) 9, ХҚЕС (IFRS) 15, ХҚЕС (IFRS) 16 жаңа стандарттарға көшудің толық әсерін бағалап жатыр, сондықтан жаңа стандарттарға көшу толығымен аяқталмайынша саналы сандық бағасына талдау басшылық жасай алмайды. Басшылық 2017 ж. 30 маусымына қаржы есептілігінде жаңа стандарттарды тереңірек талдауымен қамтамасыз ете аламыз деп күтуде.

Компания 2017 ж. 1 қаңтарынан күшіне енетін басқа да шығарылған стандарттар, түзетулер мен түсіндірмелердің қолданылуы жеке қаржылық есептілікке қолданған кезде елеулі ықпал етпейді деп санайды.

Жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтар

Жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтар кез келген жинақталған тозуды және құнсызданудан болған залалдарды шегеру арқылы нақты шығындар моделі бойынша көрсетіледі.

Кейінгі шығындар

Активтің пайдалы қызмет көрсету мерзімі кезінде шығындалатын техникалық ұстау бойынша шағындар (активті жақсы қалпында ұстау үшін жүргізілетін техникалық ұстау бойынша тұрақты жұмыстар), және де жөндеу

бойынша шығындар (техникалық тексеру, техникалық ұстау бойынша келісім-шарттар және т.б.) операциялық шығындар ретінде есепке алынады.

Активті 16 ХҚЕС (IAS) «Жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтар» сәйкес тану үшін қажетті сипаттамаларды қанағаттандыратын шығындар ғана капиталданады.

Аяқталмаған құрылыс

Аяқталмаған құрылыс құрамына құрылыс кезінде шығындалған тікелей жатқызылатын жанама шығындардың сәйкес бөлулерін қосақанда жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтарды сатып алу және салу бойынша шығындар жатады. Осындай активтер бойынша құнсыздануды есепке алу басқа жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтар бойынша құнсыздануды есепке алу негізінде есепке алынады, және де құнсыздануды есептеу актив пайдалануға дайын болған мерзімінен басталады. Аяқталмаған құрылыстың ағымдағы құны оын дұрыс есепке алу мақсатымен және құнсызданудан залалдарды тану мақсатымен әрдайым қайта қаралады.

Несиелер бойынша шығындар

Топ сыныпталатын активтерді сатып алумен, салумен және өндірумен тікелей байланысты несиелер бойынша шығындарды, сондай-ақ осы активтің құнының бір бөлігін капиталдандырады.

Топ ортақ мақсатқа жұмылдырылған несиелерді олардың сыныпталатын активті алу үшін тікелей жұмсалған шығындарының көлемінде ғана капиталдандырады. Капиталдандыру мөлшерлемесі ретінде Топтың сыныпталатын активтерінің салынуы мен өндіруіне жұмсалған несие шығындары бойынша орташа безбенделген өлшемі алынады. Алайда, активті тікелей сатып алу бойынша шығындар орташа безбенделген өлшемді анықтағанда есепке алынбайды.

Оларды сыныпталатын активтерге пайдалану күтілетін жекелеген несиелердің уақытша инвестицияларынан алынған инвестициялық табыс капитализацияға жарамды несиелер бойынша шығындардан шегеріледі.

Несиелер бойынша шығындар сондай-ақ шетелдік валютамен қарыз алу нәтижесінде туындайтын бағамдық айырмашылықтарды қамтиды, пайыздарды төлеу бойынша залалдарды түзету болып саналады. Пайыздарды төлеу залалдарын түзету түрінде капиталдандырылған бағамдық айырмашылық сомасы егер де қарыз жергілікті валютада алынған болатын

жағдайда, Топ капиталдандырған пайыздарды төлеу сомасынан аспайды. Бағамдық айырмашылықтың кез-келген асуы пайда мен залалда көрсетіледі.

Несиелер бойынша өзге шығындар олар туындайтын кезеңдегі пайда мен залалда танылады.

Тауарлық материалдық қорлар

Тауарлық материалдық қорлар өзіндік құн мәндерінің немесе өткізудің таза құнының ең кіші мәні бойынша бағаланады. Өзіндік құнға қорларды жеткізуге және ағымдағы күйге келтіруге байланысты келтірілген шығындар кіреді. Өткізудің таза құны аяқтауға жұмсалған шығындарды және өткізуге жұмсалатын бағалау шығындарын шегергенде кәдімгі қызмет барысында қорларды өткізу құнының бағасын білдіреді. Босалқылар өндіріске жіберу, сату және де басқа босату түрлері барысында орташа өлшенген құн әдісі бойынша есепке алынады.

Капитал

Жарғылық капитал

Жай акциялар капитал ретінде жіктеледі. Жаңа акцияларды шығаруға тікелей қатысты шығындар ұйымдарды біріктіру жағдайларынан басқа капитал түсімінің сомасынан алынған ретінде көрсетіледі. Жарғылық капиталға барлық ақшалай емес салымдарды тәуелсіз бағалаушы беру күніндегі жағдай бойынша әділ құны бойынша бағалайды.

Орналастырудың заңи тіркелуі жүзеге асырылмаған орналастырылатын жай акциялар үшін алынған қаражат қосымша төленген жарғылық капитал ретінде тіркеу сәтіне дейін танылады. Тіркелуден кейін түсімдер жарғылық капиталға ауыстырылады.

Басқа салымдар

Топ Акционермен активтерді алу, нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлеме бойынша алынған несиелер бойынша әділ құнға дейін түзету сияқты операцияларды және Топтың жарғылық капиталында қосымша үлес алуға әкелмейтін Акционермен өзге де операциялар жасайды. Топ мұндай операцияларды бөлнбеген пайда арқылы көрсетеді.

Басқа да бөлулер

Бөлу Топ ақшалай қаражатты немесе ақшалай емес активтерді Акционерге/соңғы Акционерге өтеусіз негізде беруді міндеттенгенде капиталдың құрамында танылады және мұндай міндеттеменің сомасы сенімді бағалануы мүмкін. Бөлу капиталдың құрамында қолдану мүмкін болатын кейінге қалдырылған салықтың кез келген әсері алынған құн бойынша танылады.

Қаржылық құралдар

Қаржылық құралдар бір жақта қаржылық активтің екінші жақта қаржылық міндеттеменің немесе үлестік құралдың пайда болуына алып келетін келісім-шарттар болып табылады.

Қаржылық құралдар бастапқыда әділ құны бойынша танылады. Әділ құны тәуелсіз қызығушылығы бар жақтар арасында келісілген сыйақы сомасын білдіреді.

Кейінгі бағалау қаржылық құралдардың сыныпталуына байланысты. Несие мен дебиторлық берешек ретінде сыныпталған дебиторлық берешек пен инвестициялар амортизацияланған құны бойынша тиімді пайыз мөлшерлемесі әдісі арқылы бағаланады. Сату үшін қолда бар деп сыныпталған үлестік капиталға кейбір инвестициялар сатып алу құны бойынша есепке алынады, өйткені әділ құнын шынайы түрде анықтау мүмкін емес. Басқа да міндеттемелер деп сыныпталған кредиторлық берешек, есептелген міндеттемелер, несиелер, төленетін дивидендтер мен басқа да міндеттемелер амортизацияланған құны бойынша есепке алынады.

Хеджирлеу есебі

Топ әділ құнды хеджирлеудің құралы, ақша ағындарын хеджирлеу құралы немесе шетел құрылымға таза инвестицияларды хеджирлеу құралы ретінде туынды қаржылық құралдарды, орнатылған туынды қаржылық құралдарды және орнатылмаған туынды қаржылық құралдарды (валюталық тәуекел бойынша) қосқанда хеджирлеудің жеке құралдарын белгілейді. Болашақ мәмілелердің міндеттемелері бойынша валюталық тәуекелді хеджирлеу ақша ағындарын хеджирлеу құралы ретінде есепке алынады.

Топ хеджирлеу құралдары мен хеджирленетін тармақ арасындағы қатынасты олар тәуекелдерді басқару мен хеджирлеу стратегиясына байланысты танылған мезеттен бастап құжаттайды. Сонымен қоса, хеджирлеу қатынасын белгілеу барысында Топ хеджирлеу құралының тиімділігін әрдайым құжаттайды. Тиімділік хеджирлеу тәуекеліне жатқызылатын хеджирлеу тармағымен байланысты әділ құнның немесе ақша ағымының өзгеруін өтеу негізінде қарастырылады.

Ақша ағындарын хеджирлеу

Ақша ағындарын хеджирлеудің құралы ретінде белгіленген және тану шарттарын қанағаттандырған қаржылық құралдардың әділ құнының өзгеруінің тиімді үлесі басқа да жалпы табыста көрсетіледі және ақша ағындарын хеджирлеу резервінде жинақталады. Ақша ағындарын хеджирлеудің әділ құнының өзгеруінің тиімді емес бөлігі есепті кезеңнің пайда мен залалына қосылады да қаржылық шығын жолында көрсетіледі.

Басқа да жалпы табыста танылған сома пайда мен залалға әсер еткен кезеңдерде хеджирленетін тармақ хеджирленетін тармақ шығысқа шығарылатын жол бойынша пайда мен залалға сыныпталады.

Хеджирлеу есебі тоқталытын күн:

- а) Топ хеджирлеу қатынасын тоқтатқан кезде;
- ә) хеджирлеу құралының мерзімі аяқталған кезде, хеджирлеу құралы сатылған, орындалған немесе келісімшарт бұзылған кезде;
- б) қаржылық құрал ретінде танылу үшін қажетті шарттардың орындалуы тоқтатылған кезде.

Басқа да жалпы табыста жинақталған өзгерістер ықтималдылығы жоғары деп саналған мәміле нәтижелерімен бір уақытта пайда немесе залалға есептен шығарылады. Егер ықтималдылығы жоғары деп саналған мәмілені жүзеге асыру күтілмесе, басқа да жалпы табыста жинақталған сәйкес өзгертулер бірден пайда мен залалға жатқызылады.

Табыстарды тану

Табыстар Топ қандай да бір экономикалық пайда алуы мүмкін болуына және табыстар жеткілікті дәлдік дәрежеде есептелуіне немесе бағалануына қарай сыйақының әділ құнымен танылады.

Егер де тасымалдаудың аяқталу дәрежесі мен табыс сомасы жеткілікті мөлшерде анықталатын болса, тасымалдауға қатысты табыс, тасымалдауды аяқтау дәрежесіне қарай қаржылық жағдай жөніндегі шоғырландырылған есептілік күніне танылады. Жүкті тасымалдау процесінің аяқталу дәрежесі жүктің жіберілген және келген күндері (шығыс станциясының түйісу қиылысында) деректерге сай жалпы қызмет көлеміне, есеп күніне көрсетілген қызмет көлемінің пайыздық салмағы ретінде есептеледі.

Әлі көрсетілмеген тасымалдау қызметтері үшін тапсырыс берушіден алынған алдын ала төлем сомасы алу сәтінде тапсырыс берушіден алынған аванс құрамында көрсетіледі. Көрсетілген қызметтерден түсетін күтілетін есептелінген табысқа шамамен тең тапсырыс берушіден алынған аванстар, қаржылық жағдай жөніндегі шоғырландырылған есептілікте қысқа мерзімді басқа да міндеттемелер құрамында болашақ табыста танылады. Болашақ кезеңдердің табыстары қызметтердің көрсетілуіне қарай табыстарға жатқызылады.

Вагондарды пайдаланғаны үшін қызметтерге қатысты табыс Топтың вагондарын пайдалану кезеңінде танылады.

Тауарларды өткізу қатынасында табыс тауарды жеткізу және меншік құқығының өтуі кезінде танылады; мұнымен қатар тану кезінде келесі шарттар орындалуы тиіс:

- ▶ топ сатып алушыға тауарды иемденуге байланысты маңызды тәуекелдер мен пайдаларды берді;
- ▶ бұдан бұлай Топ сол тауарлармен иелену құқығымен әдетте байланысатын дәрежеде басқармайды және сатылған тауарларды тексермейді;
- ▶ өткізудің сомасы нақты анықтала алады;
- ▶ мәмілемен байланысты экономикалық пайдаларды алуға жоғары ықтимал бар;
- ▶ мәмілемен сабақтас болған немесе күтілетін шығындар сенімді анықтала алады.

Мемлекеттік субсидиялар

Қазақстан Республикасында мемлекеттік грант түріндегі әлеуметтік мәні бар бағыттарға жолаушыларды тасымалдауға жұмсалған шығындарды ішінара өтеу үшін Топ субсидия алуға құқығы бар деп Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етті. Топ және де басқа да теміржолмен жолаушы тасымалдаумен қызмет көрсететін ұйымдар гранттарды алуға жыл сайынғы негізде өтінім береді. Егер шарт жасалса, Топ мемлекетпен анықталатын алдын-ала қаражаттандырылған сомаға кіретін Қазақстан Республикасы аумағы ішіндегі әлеуметтік мәні бар бағыттар бойынша жолаушыларды тасымалдауға жұмсалатын шығындарды қаражаттандыруға құқысы бар.

Мемлекеттік гранттар пайда мен залалда, Топ қолданылатын шарттарды орындай алады және гранттар беріледі деген жеткілікті сенімділік болғанда Мемлекет белгілеген төмендетілген тарифпен тасымалдау бойынша қызмет көрсетілген кезеңде танылады. Топ қолданылатын мемлекеттік гранттар бойынша шарттарды орындай алуы және гранттар алынуына негізделген сенімділік шыққан кезге дейін танылмайды.

4. ЕЛЕУЛІ ПАЙЫМДАУЛАР МЕН БАҒАЛАУДАҒЫ БЕЛГІСІЗДІК КӨЗДЕРІ

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті ХҚЕС-ке сәйкес дайындау шоғырландырылған қаржылық есептілігінде есептік күндегі активтер мен міндеттемелердің алынған сомаларына, әлеуетті активтер мен міндеттемелер туралы ақпараттың ашылуына, есептік кезең бойындағы табыс пен шығынның есептілікке алынған сомаларына әсерін тигізетін пайымдауларды және субъективті бағалаулар мен жорамалдарды Топ Басшылығымен қолдануын көздейді. Осы бағалар тарихи білімге немесе маңызды факторларға негізделгеніне қарамастан, нақты нәтижелер осы субъективті бағалаулардан ерекшеленуі мүмкін.

Есеп саясатын қолданған кезде пайдаланылған елеулі пайымдаулар

Топ Топтың есеп саясатын қолдан кездегі және шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген сомаларға елеулі әсер еткен елеулі пайымдаулардан басқа, бағалауда белгісіздік орын алған елеулі пайымдаулар төменде көрсетілген

Бақылауды анықтау

«ҚазАвтоЖол» Ұлттық компаниясы» АҚ-ны бақылау

2015 ж. 29 қаңтарда Топ және Қазақстан Республикасының Қаржы министрілігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті (бұдан әрі – «Комитет») «ҚазАвтоЖол» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның Қазақстан Республикасының Инвестиция және даму министрілігінің балансында есепке алынатын 100% мемлекеттік акция пакеттерін сенімгерлік басқару туралы өзара келісімшарт жасасты. Топ басты агент болғандықтан және оған табысталған шешімдерді қабылдау құқығын Комитет мүддесіне жүзеге асыратындықтан осы ұйымды басқармайды. Сондықтан да Топ «ҚазАвтоЖол» Ұлттық компаниясы» АҚ-ны еншілес ұйым ретінде таныған жоқ. Келісімшарт ұйымға «ҚазАвтоЖол» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның операциялық қызметінен табыс алуға құқық бермейді.

«Ақтау халықаралық теңіз сауда порты» Ұлттық компаниясы» АҚ-ны бақылау

Топ «Ақтау халықаралық теңіз сауда порты» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның акцияларын заңды тұрғыда иеленбесе де, «Ақтау халықаралық теңіз сауда порты» Ұлттық компаниясы» АҚ Топтың еншілес ұйымы ретінде танылды (30 Ескерту). Топ заңды түрде «Ақтау халықаралық теңіз сауда порты» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның 100% акциясын иеленетін Акционермен жасасқан сенімгерлікпен басқару келісімшартынан туындайтын барлық елеулі фактілер мен жағдайларды қарастыра келе, Топ «Ақтау халықаралық теңіз сауда порты» Ұлттық компаниясы» АҚ-ны бақылауға бақылаудың баршылығына бағалау жүргізді. Нәтижесінде, Топ «Ақтау халықаралық теңіз сауда порты» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның маңызды қызметін Топтың табысына әсер ету мақсатымен жеке-дара басқаруға тәжірибелік мүмкіндік беретін кең құзіреті негізінде «Ақтау халықаралық теңіз сауда порты» Ұлттық компаниясы» АҚ-ны бақылайтындығы туралы қорытындыға келді. Құзірет Топқа Жалғыз акционермен берілген.

Әуежайларды бақылау

Топ және Қазақстан Республикасының Қаржы министрілігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті (бұдан әрі – «Комитет») «Көкшетау әуежай компаниясы», «Петропавл халықаралық әуежайы», «Астана халықаралық әуежайы», «Қостанай халықаралық әуежайы» және «Шымкент әуежайы» акционерлік қоғамдарының Қазақстан Республикасының Инвестиция және даму министрілігінің балансында есепке алынатын 100% мемлекеттік акция пакеттерін сенімгерлік басқару туралы өзара келісімшарт жасасты. Топ басты агент болғандықтан және оған табысталған шешімдерді қабылдау құқығын Комитет мүддесіне жүзеге асыратындықтан осы әуежайларды басқармайды. Сондықтан да Топ әуежайларды еншілес ұйымдар ретінде таныған жоқ. Келісімшарт ұйымға әуежайлардың операциялық қызметінен табыс алуға құқық бермейді.

«Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы» АҚ-ны бақылау

Топ Комитетпен «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы» АҚ-ның (бұдан әрі – Қорғас) 100% пакет акциясын сенімгерлік басқару туралы келісімшарт жасасты. Топ агент болып табылатындықтан және оған табысталған шешімдерді қабылдау құқығын Комитет мүддесіне жүзеге асыратындықтан осы ұйымды бақыламайды. Сондықтан да Топ Қорғасты еншілес ұйым ретінде таныған жоқ. Келісімшарт ұйымға Қорғастың операциялық қызметінен табыс алуға құқық бермейді.

«Тұлпар-Тальго» ЖШС-ні бақылау

Топ «Ремлокомотив» АҚ атынан «Тұлпар-Тальго» ЖШС-ның 99.99%-на ие.

2015 ж. 15 мамырда Топ Talgo Kazajstan S.L.U.-мен «Тұлпар-Тальго» ЖШС-ның 51% үлесін сату-сатып алу алдын-ала келісімшартына отырды. Келісімшарт шегінде Топ 23,000 мың еуро (4,661,410 мың теңге) көлемінде алдын ала төлемді алды. Келісімшартпен кейінге қалдырылатын шарттар қарастырылған, соның ішінде Акционермен мәмілені ең кейінгі күнге дейін өткізуді келістіру, еуроның теңгеге шаққандағы бағам айырмашылығының өзгеруінің қаржылық салдарын өтеу және де 2015 ж. немесе кейін өткізілген вагондардың сатып алу бағасын жоғарлату, егер де еуроға шаққандағы теңгенің айырбас бағамы жоғарласа және осы вагондарды жасауға шығындар жоғарласа. Осы шарттар 2016 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша орындалмағандықтан, мәміле аяқталған деп есептелмейді, яғни Топ «Тұлпар-Тальго» ЖШС-ны бақылайды. Сонымен қоса, Топ басшылығы үлесті сату бойынша мәміленің орындалу ықтималдылығы жоғары деп санайды. Яғни, Топ осы еншілес ұйымды сату үшін арналған активтер құрамында таниды.

«Қазақстан вагон жасау компаниясы» ЖШС бақылау

2016 ж. сәуір айында Топ, «Қазтеміртранс» АҚ тарабынан, және «ЗИКСТО» ЖШС қаржылық оңалту мақсатында «Қазақстан вагон жасау компаниясы» ЖШС еншілес ұйымының 69,94% үлестік қатысуын сенімгерлікпен басқаруға келісім шар құрастырылған. Топ «Қазақстан вагон жасау компаниясы» ЖШС-ін басқаруды жалғастыруда, «ЗИКСТО» ЖШС агент болғандығынан қаржылық және операциялық әрекеттеріне басқару өкілеттілігі жоқ, табысталған құқыққа ие бола отырып Топ мүддесіне байланысты шешім қабылдайды.

Нарықтық пайыздық мөлшерлемеден төмен пайыздық мөлшерлеменен алынған несиелер

Топ ұқсас несиелер үшін нарықтық пайыздық мөлшерлемеден төмен пайыздық мөлшерлеменен Акционерден/Соңғы акционерден несиелерді алады. Бұл несиелер бастапқыда қарыз қаражатын тартумен байланысты шығындар қоса есептелген ақша қаражатының әділ құнын (амортизацияланатын құнын) көрсететін құнмен есепке алынады. Топ капитал құрамында осы несиелердің әділ құнын ұқсас мерзімдік ұзақ мерзімді мемлекеттік қазынашылық міндеттемелердің мөлшерлемелерін қолданып есептейді және несиені әділ құнына дейін түзетуді таниды (кейінге қалдырылған сәйкес салықты шегергенде). Ұқсас мерзімдер болмаған жағдайда, Топ көбірек сәйкес келетін нарықтық мөлшерлемені Топ алған несиені мерзіміне экстраполейді. Бастапқы танудан кейін несиелер амортизациялық құнмен пайдалы пайыз мөлшерлемесі әдісі қолданылып есепке алынады.

Активтер, сатуға арналған санатына жататын активтер

2015 ж. желтоқсан айында Қазақстан Республикасының Үкіметі «2016–2020 жж. арналған Жекешелендірудің кешенді жоспарын» бекітті және бұл жоспарды орындау мақсатында 2016 ж. ақпан айында Компания Басшылығы сатылатын еншілес ұйымдар, қауымдасқан және бірлескен кәсіпорындар тізімін бекітті. ХҚЕС 5 «Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер және тоқтатылған қызмет» активті сату бойынша басшылықтың жоғары ықтималдылықпен шешімді қабылдауды талап етеді. Есепті күнгі жағдай бойынша, Компания басшылығы Жекешелендірудің кешенді жоспарын іске асыру мәртебесін қарады және 5 IFRS өлшемдерге сай белгілі бір инвестицияларды сатуға арналған ретінде жіктеді (Ескерту 15).

Бағалаулардағы белгісіздіктің негізгі көздері

Төменде есептің кезеңнің соңына болашаққа қатысты негізгі пайымдалау және бағалаудағы белгісіздіктің басқа негізгі көздері көрсетілген. Бұлардың келесі есепті жылы актив мен міндеттемелердің баланстық құнына елеулі әсер етуінің ықтималдылығы жоғары.

Материалдық және материалдық емес активтердің құнсыздануы

Топ әрбір есептік күніне жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтардың және материалдық емес активтердің баланстық құнының құнсыздану индикаторларының бар болуына тексеру жүргізеді.

Активтің құнсыздануының индикаторларының болуын анықтау қайта құрылымдау процесіндегі өзгерістер, теміржол индустриясының өсуі, болжамдық ақша ағындары, болашақта қаржыландырудың қолжетімділігінің өзгеруі; технологиялық жағынан ескіруі, қызмет көрсетудің тоқтатылуы, орын ауыстыруға жұмсалатын ағымдағы шығындар мен құнсызданудың бар екендігін көрсететін жағдайлардың басқа да өзгерістері сияқты көптеген факторларға негізделеді.

Егер мұндай индикаторлар бар болса, активтің өтелетін құны бағаланады және активтің баланстық құнымен салыстырылады. Құнсыздану баланстық құны активтің өтелетін құнынан артық болған жағдайда танылады. Өтелетін құн екі мәнді: өткізу шығынын шегергендегі активтің әділ құны мен пайдалану құнының ең үлкені ретінде белгіленеді. Пайдалану құнын бағалау кезінде есептік келешектегі ақша ағындары, басшылықтың пікірінше, ақшаның уақытша құнының ағымдық нарықтық бағасын және активтерге тән тәуекелдерді көрсететін олардың ағымдық құнына дейін дисконтталады, құн капиталдың безбелденген орташа құны негізінде (түзетілген WACC

мөлшерлемесі) Өтелетін бағалау құнындағы өзгеріс құнсыздануға немесе оның болашақ кезеңдерде қалпына келуіне әкелуі мүмкін.

Құнсыздану индикаторлары бар болғандықтан Компания жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтардың құнсыздануына тестті 2016 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жүргізді.

Компания құнсыздануға тестілеу үшін ақша қаражатын қозғалысқа келтіретін Топты бір бірлік ретінде қарастырады. Себебі ағымдағы операциялық моделінде ақша қаражаттарының әрбір сегменті жеткілікті тәуелсіз болып табылмайды. Теміржол инфрақұрылымы толық болып табылады және жүк және жолаушылар көлігі қызметіне бөлінбейді, сондықтан жүк және жолаушылар бағыты бойынша алынған ақша ағындарының инфрақұрылымына ешқандай объективті бөлінбейді. Жүктерді тасымалдау, сондай-ақ кросс-субсидиялауға жолаушылар

тасымалының қажеттілігі тарифтерінің реттеу ерекшеліктерін ескере отырып, темір жол инфрақұрылымы тиісінше, тәуелсіз ақша ағындарын қозғалысқа келтірмейді, сол себепті құнсыздануға өткізілген тестте Топ ақша қаражатын қозғалысқа келтіретін, бір бірлік ретінде қарастырылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметі Компанияның түпкілікті Акционері бола тұрып, Топтың жекешелендіру процесіне қатысатын компаниялардың тізімін бекітті, жекешелендірудің нәтижесінде топтың бизнес өкілдерімен өзара әрекет етудің жаңа жүйесін құрады. Топтың қайта құрылу үдерісінің аяқталмағанынан, бұл ықтимал оқиғаларды осы жылдың құнсыздануын тестілеу барысында есепке алмаған. Келесі өзгерістер тудырушы бірліктер ретінде танылып Топ активтерінің баланстық құнына ықпал етуі мүмкін.

Бұдан басқа, қолдағы ең жақсы қол жетімді дәлелдерді қолдана отырып ақша ағымын бағалауда операциялық және қаржылық факторларды, сонымен бірге көптеген субъективті факторлар есепке алынған.

тарихи қалыптасқан ақпарат және жоспарланған сұраныс көлемдері негізінде тестілеуде қолданылған операциялық жорамалдар тасымалдаудың ең ықтимал көлемін, сонымен бірге транзит көлемін көрсетеді.

Қаржылық пайымдаулар тарифтің болжамды деңгейімен, өсуімен, берілетін жеңілдіктер және де теңгенің АҚШ долларына және Швейцар франкіне шаққандағы болжамды бағам өзгеруімен байланысты елеулі бағалаулардан тұрады. Есептеуде қолданылған негізгі ұзақ мерзімді жорамалдарға тарифтердің жыл сайынғы 4%-ға өсуі, АҚШ долларының айырбастау бағамы – бір долларға шаққанда 360 теңге және дисконттаудың салыққа дейінгі мөлшерлемесі 12.74% екендігі жатады. Осы жорамалдар шынайы жағдайларда көрсетілген.

2016 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қолдану бағалығын есептеу нәтижесінде жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтардың құнсыздануы анықталған жоқ. Сонымен қатар, қолдану бағалығы келесі жорамалдарға сезімтал:

- ▶ дисконттау мөлшерлемесі;
- ▶ транзитті жүк тасымалының көлемі;
- ▶ шетел валютасының теңгеге шаққандағы валюта курсы, сонымен бірге Швейцар франкі және АҚШ доллары;
- ▶ активтерді ұстау бойынша инвестициялық шығындар көлемінің жеткіліктілігі.

Мемлекеттегі экономиканың жалпы тенденциясымен, инфляция деңгейіне қатысты тарифтің жеткіліксіз индексациялануымен, теңгенің басқа шетел валюталарына қатысты құбылмалылығымен байланысты жүк тасымалындағы жоспарлы өсу темпінің жағымсыз өзгеруі, және де факторлардағы болашақтағы басқа да жағымсыз өзгерістер осы жағдайлар орын алған кезеңде құнсызданудан елеулі залалдарға алып келуі мүмкін.

ҚҚС-ты өтеу

Әрбір есептік күндегі жағдай бойынша Компания халықаралық қызметтер көрсетуден туындаған ҚҚС-тың өтелмеген сомасына қатысты резервті бағалауды жүргізеді. Компания ҚҚС-ты сатып алушылардан ала алмайды, тиісінше осы сомаларды салық органдарынан алып қана өткізе алады. Компания өзінің салық басқармасынан алған ҚҚС бойынша күтіліп отырған қайтарулар туралы ақпаратты, мемлекеттік салық органдарымен хат алмасуды, сондай-ақ оны өтеуге қатысты тарихи деректерді қарайды. ҚҚС-ты өтеудің нақты сомасы Компанияның бағалау сомасынан өзгеше болуы мүмкін, ол операциялық нәтижелерге елеулі әсер етуі мүмкін.

Жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтардың және материалдық емес активтердің тозуы

Жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтардың және материалдық емес активтердің тозуы активтердің пайдалы қызмет етуі мерзімі ішінде төте сызықты әдісі негізінде есептеледі. Компания өзінің активтерінің, соның ішінде жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтардың ірі объектілерінің пайдалы қызмет мерзімдерін белгілейді. Пайдалы қызмет етудің болжамды мерзімдерімен, тарату құнымен байланысты бағалаулар, сондай-ақ тозуды есептеу әдістері әрбір есептік күнге қайта қаралады және қажет болған жағдайда түзетіледі. Кез келген түзетулер есептік бағалаулардағы өзгеріс ретінде перспективті ескеріледі. Активтердің пайдалы қызмет етуі мерзімі мен тарату құнын бағалау күтіліп отырған пайдалануға, жөндеу және қолдау жөніндегі бағдарламаларға, қызмет

көлеміне, технологияларды жетілдіруге және қызметтің өзге де шарттарына тәуелді болады. Осы өзгерістердің нәтижесінде тозу құны өткен жылдары көрсетілген сомалардан елеулі өзгеше болуы мүмкін.

Топ пайдаланатын бағаланған пайдалы қызмет көрсету мерзімі төменде көрсетілген:

Ғимараттар мен құрылыстар	10–140
Теміржол жолдарының инфрақұрылымы	5–100
Машиналар мен жабдықтар	3–35
Көлік	4–40
Басқасы	2–50
Материалды емес активтер	1–10

Салық салу

Қазақстандық түрлі заңнамалық актілер мен нормалар әр уақытта түсінікті жазылмайды. Жергілікті, өңірлік және республикалық салық органдары арасындағы пікірлердің алшақтауы мүмкін. Бұл ретте салық органдары қосымша салықтарды жете есептеген жағдайда, айыппұлдар мен өсімақылардың қолданыстағы мөлшерлері елеулі мөлшерде белгіленген: айыппұлдың мөлшері жете есептелген салықтың сомасының 50%-ын және өсімақының мөлшері уақытылы төленбеген салықтың 13.75%-ын құрайды. Нәтижесінде айыппұлдар мен өсімақылар жете есептелген салықтардың сомасынан асып кетуі мүмкін.

Жоғарыда көрсетілген белгісіздікке байланысты салықтардың, айыппұл санкциялары мен өсімақылардың әлеуетті сомасы бүгінгі уақыт бойынша шығындарға жатқызылған және 2016 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша есептелген сомадан асып кетуі мүмкін. Бағалау мен нақты төленген сомалар арасындағы айырмашылықтар, егер мұндайлар туындайтын болса, келешектегі кезеңдерде Компанияның пайдасына елеулі әсер етуі мүмкін.

5. САЛЫСТЫРМАЛЫ АҚПАРАТҚА ӘСЕР ЕТЕТІН СЫНЫПТАЛУДЫҢ ӨЗГЕРУІ

2016–2020 жж. арналған Қазақстан Республикасының Үкіметімен бекітілген Жекешелендірудің кешенді жоспарын орындау мақсатында Топ басшылығымен жеке инвесторларға сатуға арналған еншілес, қауымдасқан және бірлескен ұйымдардың тізімі бекітілген.

Топ «Транстелеком» АҚ еншілес ұйымының едәуір қызмет түрін көрсетуші қызмет нәтижелерін тоқтатылған қызмет ретінде көрсетті, және сонымен бірге салыстырмалы ақпарат ретінде 2015 ж. 31 желтоқсанның қорытындысының ақпараттары қайта есептелген.

Пайда мен залал және басқа да жиынтық табыс жөніндегі шоғырландырылған есепке әсері:

	Түзетулерге дейін	Тоқтатылған қызмет	Қайта есептелген
2015 ж.			
Басқа да табыстар	37,950,983	(8,004,553)	29,946,430
Табыс жиынтығы	760,509,821	(8,004,553)	752,505,268
Өткізудің өзіндік құны	(622,968,439)	6,199,705	(616,768,734)
Жалпы пайда	137,541,382	(1,804,848)	135,736,534
Жалпы және әкімшілік шығындар	(78,452,245)	2,529,716	(75,922,529)
Қаржылық шығындар	6,000,871	(419,061)	5,581,810
Қаржылық шығындар	(66,170,599)	5,286,321	(60,884,278)
Бағам айырмашылығынан түскен залал	(449,940,248)	(1,057,410)	(450,997,658)
Басқа да пайда мен залал	885,734	(70,966)	814,768
Салық салуға дейінгі пайда	(465,771,533)	4,463,752	(461,307,781)

	Түзетулерге дейін	Тоқтатылған қызмет	Қайта есептелген
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығын	7,955,960	1,045,215	9,001,175
Жалғастырылатын қызметтен түскен жыл іші пайда	(457,815,573)	5,508,967	(452,306,606)
Тоқтатылған қызметтен жыл ішіндегі залал	(2,166,136)	(5,508,967)	(7,675,103)
Жыл іші пайда	(459,981,709)	-	(459,981,709)
Жалғастырылатын қызметтен акцияға шаққандағы пайда, теңгеде	(932)	(11)	(921)

6. СЕГМЕНТТЕР БОЙЫНША АҚПАРАТ

Топтың операциялық сегменттері көрсетілетін қызметтер негізінде анықталады. Топ негізгі екі сегментті ерекшелейді: жүк тасымалы және жолаушылар тасымалы бойынша қызметтер. Қызметтерін қосқанда сандық шектен аспайтын барлық басқа да, негізінен байланыс, коммуналдық қызметтер, жүктерді тиеу мен босату және кемелерге қызмет көрсету қызметтерінен тұратын, сегменттер жеке ашып көрсетуді қажет етпейді.

Топ басшылығы Топтың операциялық сегменттерінің келесідей көптеген пайда көрсеткіштерін бақылайды: салық салуға дейінгі пайда, жалғастыратын қызметтен жыл іші пайдасы және жалпы пайда. Соған қарамастан, жыл іші пайда көрсеткіші ресурстарды бөлу және сегменттер қызметін бағалау үшін пайдаланылатын негізгі көрсеткіш болып табылады.

Топта сегмент ішілік сауда жүргізу үшін арналған бекітілген баға қалыптастыру саясаты жоқ, алайда сегмент ішілік операциялар нарықтық баға бойынша жүзеге асады.

	2016 ж. 31 желтоқсанында аяқталған жыл іші				
	Жүк тасымалы	Жолаушылар тасымалы	Есептік сегменттердің жиынтығы	Басқасы	Жиынтығы
Негізгі операциялық көрсеткіштер					
Табыстар					
Тасымалдардан түскен табыс	712,942,787	82,087,215	795,030,002	-	795,030,002
Мемлекеттік субсидиялар	-	22,528,832	22,528,832	-	22,528,832
Өзге табыстар	20,608,236	3,327,070	23,935,306	16,232,959	40,168,265
Сегмент ішілік табыстар	(27,222,487)	(2,301,216)	(29,523,703)	(5,091,838)	(34,615,541)
Табыстар	706,328,536	105,641,901	811,970,437	11,141,121	823,111,558
Өткізудің өзіндік құны	(555,011,504)	(96,090,141)	(651,101,645)	(7,750,955)	(658,852,600)
Жалпы және әкімшілік шығындар	(68,073,668)	(4,446,869)	(72,520,537)	(3,923,426)	(76,443,963)
Активтердің құнсыздануы	819,577	(2,965,490)	(2,145,913)	(22,434)	(2,168,347)
Басқа да пайда мен залал	2,626,096	786,877	3,412,973	172,530	3,585,503
Қаржылық табыс	4,512,384	776,696	5,289,080	1,036,118	6,325,198
Қаржылық шығындар	(80,249,140)	(2,278,514)	(82,527,654)	(2,890,240)	(85,417,894)
Бағам айырмашылығынан түскен (залал)/пайда	21,153,440	(66,094)	21,087,346	(224,067)	20,863,279
Қауымдасқан және бірлескен ұйымдардың залалындағы үлес	4,564,036	-	4,564,036	(3,893,788)	670,248
	154,644	-	154,644	7,099,097	7,253,741

	2016 ж. 31 желтоқсанында аяқталған жыл іші				
	Жүк тасымалы	Жолаушылар тасымалы	Есептік сегменттердің жиынтығы	Басқасы	Жиынтығы
Еншілес ұйымдардың шығуынан түскен табыс	452,510	2,041,863	2,494,373	–	2,494,373
Салық салуға дейінгі залал	37,276,911	3,400,229	40,677,140	743,956	41,421,096
Корпоративтік табыс салығы бойынша үнемдеу/ (шығын)	5,731,387	(883,694)	4,847,693	(84,459)	4,763,234
Жалғастырылатын қызметтен түскен жыл іші залал	43,008,298	2,516,535	45,524,833	659,497	46,184,330
Сегменттер туралы басқа да негізгі ақпарат					
Жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтар бойынша күрделі шығындар	273,763,391	34,827,234	308,590,625	12,669,269	321,259,894
Жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтардың тозуы	98,826,352	7,595,524	106,421,876	8,783,736	115,205,612
	2015 ж. 31 желтоқсанында аяқталған жыл іші				
	Жүк тасымалы	Жолаушылар тасымалы	Есептік сегменттердің жиынтығы	Басқасы	Жиынтығы
Негізгі операциялық көрсеткіштер					
Табыстар					
Тасымалдардан түскен табыс	656,811,366	73,755,616	730,566,982	–	730,566,982
Мемлекеттік субсидиялар	–	21,721,705	21,721,705	–	21,721,705
Өзге табыстар	17,142,194	3,945,284	21,087,478	48,673,830	69,761,308
Сегмент ішілік табыстар	(29,405,609)	(2,446,681)	(31,852,290)	(29,687,884)	(61,540,174)
Табыстар	644,547,951	96,975,924	741,523,875	18,985,946	760,509,821
Өткізудің өзіндік құны	(527,614,931)	(91,185,150)	(618,800,081)	(4,168,358)	(622,968,439)
Жалпы және әкімшілік шығындар	(67,369,185)	(4,865,439)	(72,234,624)	(6,217,621)	(78,452,245)
Активтердің құнсыздануы	(3,088,728)	(1,872,000)	(4,960,728)	–	(4,960,728)
Басқа да пайда мен залал	(274,483)	924,963	650,480	235,254	885,734
Қаржылық табыс	4,355,188	503,864	4,859,052	1,141,819	6,000,871
Қаржылық шығындар	(58,330,928)	(1,500,780)	(59,831,708)	(6,338,891)	(66,170,599)
Бағам айырмашылығынан түскен (залал)/пайда	(450,383,148)	(129,861)	(450,513,009)	572,761	(449,940,248)
Қауымдасқан және бірлескен ұйымдардың залалындағы үлес	(5,818,460)	–	(5,818,460)	(6,369,251)	(12,187,711)
Еншілес ұйымдардың шығуынан түскен табыс	1,215,814	–	1,215,814	296,197	1,512,011

	2015 ж. 31 желтоқсанында аяқталған жыл іші				
	Жүк тасымалы	Жолаушылар тасымалы	Есептік сегменттердің жиынтығы	Басқасы	Жиынтығы
Салық салуға дейінгі залал	(462,760,910)	(1,148,479)	(463,909,389)	(1,862,144)	(465,771,533)
Корпоративтік табыс салығы бойынша үнемдеу/ (шығын)	9,091,984	(903,429)	8,188,555	(232,595)	7,955,960
Жалғастырылатын қызметтен түскен жыл іші залал	(453,668,926)	(2,051,908)	(455,720,834)	(2,094,739)	(457,815,573)
Сегменттер туралы басқа да негізгі ақпарат					
Жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтар бойынша күрделі шығындар	238,693,032	24,146,718	262,839,750	26,318,850	289,158,600
Жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтардың тозуы	90,135,335	7,504,226	97,639,561	7,957,740	105,597,301

Топтың географиялық ақпараты

Топ әр түрлі географиялық өңірлерде сатып алушылардан табыс алады. Төмендегі кестеде 31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішінде мекендеуіне негізделген табыстар туралы ақпарат көрсетілген:

Сатып алушылардың орналасқан жері	2016 ж.	2016 ж.
Қазақстан	815,752,533	741,539,465
Ресей	4,722,506	8,381,189
Басқасы	2,636,519	2,584,614
	823,111,558	752,505,268

Негізінен Топтың барлық ұзақ мерзімді активтері Қазақстанда орналасқан.

7. ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК, ҮЙЛЕР МЕН ЖАБДЫҚТАР

	Теміржол- да-рының ин- фрақұрылы- мы	Ғимарат- тар мен құрылыстар	Машина- лар мен жабдықтар	Көлік	Жер	Басқалар	Аяқталмаған капиталдық құрылыс	Жиынтығы
2015 ж. 1 қаңтарына баланстық құн								
Сатып алу	630,972,166	136,772,940	210,603,867	789,606,132	3,975,088	15,418,897	441,593,040	2,228,942,130
Шығу	30,419 (97,918)	14,821 (347,754)	1,577,316 (1,674,664)	65,173,653 (3,604,480)	58,568 (51,410)	111,828 (482,889)	216,657,349	283,623,954
Тозу бойынша шығын	(23,301,032)	(6,918,496)	(26,263,509)	(47,255,961)	-	(1,858,303)	-	(105,597,301)
Шығу бойынша тозу	78,377	208,357	1,623,946	3,131,919	-	387,164	-	5,429,763
(Құнсыздану)/құнсыздануды қалпына келтіру	511,216	(1,467,711)	(184,109)	(45,773)	-	(8,325)	(795,619)	(1,990,321)
Сату үшін арналған деп сыныпталған шығарылатын топтың ұзақ мерзімді активтерінен аудару	-	3,480,070	3,047,313	21,783	7,917	54,567	-	6,611,650
Сату үшін арналған деп сыныпталған шығарылатын топтың ұзақ мерзімді активтеріне аудару	-	(15,001,695)	(2,583)	(168,698)	(93,757)	(2,948)	-	(15,269,681)
Басқа да қозғалыстар	(1,741,182)	16,741	3,372,039	167,759	-	1,898,269	(3,763,070)	(49,444)
Басқа да аударулар мен қайта топтаулар	297,623,524	8,404,158	44,700,010	2,015,995	-	(21,137)	(352,722,550)	-
2016 ж. 31 желтоқсанына баланстық құн								
Бастапқы құны	904,075,570	125,161,431	236,799,626	809,042,329	3,896,406	15,497,123	300,969,150	2,395,441,635
Жинақталған тозу мен құнсыздану	1,048,883,901 (144,808,331)	156,822,649 (31,661,218)	362,903,067 (126,103,441)	1,108,852,072 (299,809,743)	3,896,406	23,839,402	307,132,911	3,012,330,408
2016 ж. 1 қаңтарына баланстық құн	904,075,570	125,161,431	236,799,626	809,042,329	3,896,406	15,497,123	300,969,150	2,395,441,635
Сатып алу	69,787	4,234,240	2,782,462	68,849,250	9,179	175,144	243,969,936	320,089,998
Шығу	(814,518)	(2,953,044)	(4,056,054)	(6,282,626)	(2,955)	(720,580)	-	(14,829,777)
Тозу бойынша шығын	(23,771,201)	(12,730,263)	(30,705,857)	(46,087,366)	-	(1,910,925)	-	(115,205,612)
Шығу бойынша тозу	445,260	405,675	3,132,694	5,664,224	-	696,069	-	10,343,922
(Құнсыздану)/құнсыздануды қалпына келтіру	(30,688)	(145,540)	(2,330,476)	16,890	-	(77,096)	(2,428,672)	(4,995,582)

Теміржол- да-рының ин- фрақұрылы- мы	Ғимарат- тар мен құрылыстар	Машина- лар мен жабдықтар	Көлік	Жер	Басқалар	Аяқталмаған капиталдық құрылыс	Жиынтығы
Сату үшін арналған деп сыныпталған шығарылатын топтың ұзақ мерзімді активтерінен аудару	-	2,438,230	1,545	251	2,696	491	2,443,213
Сату үшін арналған деп сыныпталған шығарылатын топтың ұзақ мерзімді активтеріне аудару	(9,277)	(1,886,195)	(53,178,475)	(2,876,778)	(180,695)	(330,096)	(65,185,355)
Басқа да қозғалыстар	(841,598)	(1,913,842)	(971,356)	137,694	(78,398)	187,215	(6,773,074)
Басқа да аударулар мен қайта топтаулар	80,785,214	59,344,877	99,698,721	2,460,558	-	(1,044,533)	-
2016 ж. 31 желтоқсанына баланстық құн	959,908,549	171,955,569	251,172,830	830,924,426	12,472,812	291,248,949	2,521,329,368
Бастапқы құны	1,126,320,967	213,595,902	375,261,894	1,166,677,283	3,646,233	21,801,749	3,207,100,680
Жинақталған тозу мен құнсыздану	(166,412,418)	(41,640,333)	(124,089,064)	(335,752,857)	-	(9,328,937)	(685,771,312)

2016 ж. Компания жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтарды 143,584 мың теңге сомасына, соңғы акционерден/Акционерден алып (2015 ж.: 50,816 мың теңгеге, соның ішінде), капиталдағы өзгерістер жөніндегі жеке есепте жарғылық капиталға салған жарна және басқа да жарналар ретінде көрсетті (16 Ескерту).

2016 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша аяқталмаған құрылыс, негізінен, 42,184,635 мың теңге сомасына (2015 ж.: 142,091,568 мың теңге сомасына) «Жезқазған – Бейнеу» және «Арқалық – Шұбаркөл» теміржол желілерін салу жобасы бойынша шығындардан, 125,070,257 мың теңге сомасына (2015 ж.: 54,124,453 мың теңге) вокзал кешенін салу шығындары мен Астана ст. теміржол торабын дамыту бойынша шығындардан тұрады және 328,304 мың теңге сомасына (2015 г.: 49,345,478 мың теңге) «Қорғас-Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық кешенінің инфрақұрылым объектілері мен құрлық портын салу.

2016 және 2015 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың баланстық құны тиісінше 143,316,485 мың теңге және 149,720,567 мың теңге болатын жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтар белгілі несиелер бойынша кепілдікті қамтамасыз етті.

2016 және 2015 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін алынған несиелер бойынша капиталға айналатын шығындар сомасы 3,636,255 мың теңге және 5,411,762 мың теңгені құрады. Капиталға айналдыру мөлшерлемесі 2.59%-дан 8,63%-ға дейін аралықты құрайды (2015 ж.: 2.59%-дан 10%-ға дейін).

2016 және 2015 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың толық амортизацияланған жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтарының бастапқы құны, тиісінше, 235,839,055 мың теңгені және 235,488,259 мың теңгені құрады.

8. ҚАУЫМДАСҚАН ЖӘНЕ БІРЛЕСКЕН ҰЙЫМДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Негізгі қызмет жүзеге асырылатын ел/ тіркелген елі		2016 ж.		2015 ж.		
		Баланстық құны	Иелену үлесі	Баланстық құны	Иелену үлесі	
Негізгі қызметі						
Атауы						
Қауымдасқан ұйымдар						
Халықаралық Қытай-қазақстандық логистикалық компания Ляньюнган қ.	Халықаралық мультимодальды тасымалдаулар	Қытай Халық Республикасы	9,906,269	49%	10,792,218	49%
«Ақтөбе рельс арқалық зауыты» ЖШС	Металл жалын өндіру мен өткізу	Қазақстан Республикасы	-	30%	-	30%
«Continental Logistics» ЖШС	Құрылысты ұйымдастыру, көліктік-логистикалық орталықтарды қолдану	Қазақстан Республикасы	-	30%	-	30%
«Ақтау Теңіз Солтүстік Терминалы» ЖШС	Логистикалық, өнеркәсіптік және инфрақұрылымдық ғимараттарды салу мен қолдану	Қазақстан Республикасы	1,284,568	40%	-	40%
«Электровоз құрастыру зауыты» ЖШС	Жүк және жолаушылар тасымалы электровоздарын өндіру	Қазақстан Республикасы	-	25%	-	-
Басқасы			167,038	25–49%	106,386	25–49%
Қауымдасқан ұйымдарға инвестициялар жиынтығы			11,357,875		10,898,604	
Бірлескен ұйымдар						
Logistic System Management B.V.	Көлік-экспедициялық қызметтер, жылжымалы құрамды оперирлеу терминалдық қызмет көрсету	Қазақстан Республикасы / Нидерланды	11,720,150	50%	9,887,179	50%
«Локомотив құрастыру зауыты» АҚ	Локомотивтерді жинау	Қазақстан Республикасы	-	50%	8,378,678	50%
«Астық Транс» ЖШС	Теміржол көлігі арқылы астық және басқа да өнімдерді тасымалдау үшін экспедиторлық қыхмет көрсету	Қазақстан Республикасы	-	50%	3,464,364	50%
«Электровоз құрастыру зауыты» ЖШС ¹	Жүк және жолаушылар тасымалы электровоздарын өндіру	Қазақстан Республикасы	-	25%	374,392	25%
Бірлескен ұйымдарға инвестициялар жиынтығы			11,720,150		22,104,613	

¹ 2015 және 2016 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ бірлескен ұйымның 50%-ын иемденген, оның 25%-ын Топтың осы үлесі сату бойынша шеміне байланысты сату үшін арналған активтер құрамына сыныптады (15 Ескерту).

Барлық жоғарыда көрсетілген қауымдасқан және бірлескен ұйымдар Топ бизнесі үшін стратегиялық маңызды болып табылады.

31 желтоқсандағы жағдай бойынша қауымдасқан және бірлескен ұйымдарға инвестициялардағы қозғалыс келесі түрде көрсетілген:

	2016 ж.	2015 ж.
Қауымдасқан ұйымдар		
1 қаңтарға	10,898,604	16,299,164
Шетел валютасын қайта есептеу	(896,087)	4,725,013
Иелену үлесін өзгертпей жарғылық капиталға жарналар	2,465,230	3,645,194
Залалдағы үлес	(4,891,472)	(13,770,767)
Берілген кепілдемелердің әділ құны	3,519,396	–
Бірлеске кәсіпорындарға инвестицияларының аударымдары	262,204	–
31 желтоқсанға	11,357,875	10,898,604
Бірлескен ұйымдар		
1 қаңтарға	22,104,613	21,086,452
Пайдадағы үлес	5,561,720	1,583,056
Иелену үлесін өзгертпей жарғылық капиталға жарналар	–	793,793
Нарықтық ставкадан төмен берілген ставкадағы несиелердің әділ құнын бағалаудағы түзету	58,425	–
Ассоциациялық ұйымдар инвестицияларының аударымдары	(262,204)	–
Алынатын дивидендтер	(3,128,141)	(1,358,688)
Сату үшін арналған деп сыныпталған шығарылатын ұзақ мерзімді активтерге аудару (15 Ескерту)	(12,614,263)	–
31 желтоқсанға	11,720,150	22,104,613

2016 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Локомотив Құрастыру Зауыты» АҚ және «Астық-транс» ЖШС-нің инвестициялары 12,614,263 мың теңге жалпы баланстық құнымен сату үшін арналған актив ретінде жіктелген (Ескерту 15).

2016 ж. ақпанда Топ «Ремлокомотив» АҚ атынан «Электровоз құрастыру зауыты» ЖШС бірлескен кәсіпорынмен 25% үлесін үшінші тараптарға сатты. Үлесін сатудан түскен пайда 7,099,097 мың теңге құрады. Сату нәтижесінде Топ «Электровоз құрастыру зауыты» ЖШС бірлескен бақылауын жоғалтып алды, бірақ 25% қатысу үлесін және елеулі ықпалын сақтап қалды. Тиісінше, Топ «Электровоз құрастыру зауыты» ЖШС қауымдасқан кәсіпорын ретінде жіктелді.

2016 ж. қарашада Топ «Қамқор» жөндеу корпорациясы» ЖШС атынан «СП «КазЭлектроПривод» ЖШС бірлескен кәсіпорынмен 50% қатысу үлесін сатты. Үлесін сатудан түскен пайда 154,644 мың теңге құрады. Сату нәтижесінде Топ «СП «КазЭлектроПривод» ЖШС бірлескен бақылауын жоғалтып алды.

2016 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың «Ақтөбе рельс арқалық зауыты» ЖШС, «Continental Logistics» ЖШС және «Электровоз құрастыру зауыты» ЖШС қауымдасқан кәсіпорындардың залалындағы танылмаған үлесі 6,716,574 мың теңгені құрады (2015 ж.: 6,479,905 мың теңге).

2016 ж. ішінде Топ «КТЗ Express» АҚ және «Ақтау халықаралық теңіз сауда порты» Ұлттық компаниясы» АҚ атынан өзгеріссіз 1,662,260 мың теңге және 554,087 мың теңге көлемінде ақша қаражатымен «Ақтау Теңіз Солтүстік Терминалы» ЖШС-ның жарғылық капиталына қосымша жарна салды (2015 ж.: 1,643,400 мың теңге және 547,800 мың теңге).

2015 ж. Топ «Ремлокомотив» АҚ атынан өзгеріссіз 1,453,994 мың теңге көлемінде ақша қаражатымен «Ақтөбе рельс арқалық зауыты» ЖШС-ның жарғылық капиталына қосымша жарна салды.

2015 ж. «Қазтеміртранс» АҚ Топ атынан ұзақ мерзімді активтермен «Астық Транс» ЖШС-нің жарғылық капиталына өзгеріссіз 708,288 мың теңге сомасында қосымша жарна салды. Сол сәтте екінші қатысушы да ұзақ мерзімді активтермен жарғылық капиталға сондай сомада жарна салды.

31 желтоқсандағы жағдай бойынша және сол күнге аяқталатын жыл іші елеулі қауымдасқан ұйымдарға қатысты жалпы ақпарат:

	2016 ж.				2015 ж.				
	Халықаралық Қытай-қа- зақстандық логистикалық компания Ляньонган қ.	«Ақтөбе релъс арқалық зауы- ты» ЖШС	«Continental Logistics» ЖШС	«Ақтау Теңіз Солтүстік Тер- миналы» ЖШС	«Электровоз құрастыру за- уыты» ЖШС	Халықа- ралық Қытай-қа- зақстандық логисти- калық компания Ляньонган қ.	«Ақтөбе релъс арқалық зауы- ты» ЖШС	«Continental Logistics» ЖШС	«Ақтау Теңіз Солтүстік Тер- миналы» ЖШС
Қысқа мерзімді активтер	2,370,433	13,346,834	5,903,523	6,839,215	33,806,498	3,616,003	8,608,842	1,747,331	12,351,231
Ұзақ мерзімді активтер	20,977,803	75,654,249	29,154,188	40,728,440	21,775,211	18,718,986	74,672,980	31,239,237	22,763,567
Активтер жиынтығы	23,348,236	89,001,083	35,057,711	47,567,655	55,581,709	22,334,989	83,281,822	32,986,568	35,114,798
Қысқа мерзімді міндеттемелер	3,131,361	23,693,304	13,284,123	3,475,033	48,584,202	310,054	13,516,573	11,703,912	3,642,958
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	-	80,379,160	23,454,603	40,881,201	13,760,929	-	90,419,983	22,227,605	33,301,562
Міндеттемелер жиынтығы	3,131,361	104,072,464	36,738,726	44,356,234	62,345,131	310,054	103,936,556	33,931,517	36,944,520
Таза активтер жиынтығы	20,216,875	(15,071,381)	(1,681,015)	3,211,421	(6,763,422)	22,024,935	(20,654,734)	(944,949)	(1,829,722)
Иелену үлесі	49%	30%	30%	40%	25%	49%	30%	30%	40%
Топқа тиесілі таза активтер	9,906,269	(4,521,414)	(504,305)	1,284,568	(1,690,855)	10,792,218	(6,196,420)	(283,485)	(731,889)
Инвестицияның баланстық құны	9,906,269	-	-	1,284,568	-	10,792,218	-	-	-
Табыстар	1,622,074	14,721,285	3,876,209	295,121	39,928,906	811,478	674,032	944,524	-
Жыл іші (залал)/пайда және жалпы жиынтық (залал)/табыс	20,690	(5,589,497)	(1,565,675)	(499,724)	(8,482,398)	7,743	(39,665,863)	(12,739,277)	(13,006,193)
Қауымдасқан ұйымның жалпы жиынтық (залал)/табысындағы танылған топ үлесі	10,138	(3,351,855)	(248,883)	(931,779)	(429,745)	3,794	(5,703,339)	(3,538,298)	(4,470,588)

31 желтоқсандағы жағдай бойынша және сол күнге аяқталатын жыл іші елеулі бірлескен ұйымдарға қатысты жалпы ақпарат:

	2016 ж.				2015 ж.			
	Logistic System Management B.V.	«Локомотив құрастыру зауыты» АҚ	«Астық Транс» ЖШС	«Электровоз құрастыру зауыты» ЖШС	Logistic System Management B.V.	«Локомотив құрастыру зауыты» АҚ	«Астық Транс» ЖШС	«Электровоз құрастыру зауыты» ЖШС
Қысқа мерзімді активтер, соның ішінде	14,075,091	-	-	-	11,028,571	15,528,088	8,749,928	48,265,560
Ақша қаражаты мен оның баламалары	2,890,747	-	-	-	4,037,034	219,368	1,267,603	127,326
Ұзақ мерзімді активтер	12,804,334	-	-	-	10,831,288	15,939,512	1,225,593	17,476,854
Активтер жиынтығы	26,879,425	-	-	-	21,859,859	31,467,600	9,975,521	65,742,414
Қысқа мерзімді міндеттемелер, соның ішінде	5,817,155	-	-	-	4,590,978	11,166,252	2,948,695	57,986,857
Қысқа мерзімді қаржы активері (сауда және басқа кредиторлық берешек пен резервтерді алып тастағанда)	112,593	-	-	-	112,593	6,049,971	-	8,838,498
Ұзақ мерзімді міндеттемелер, соның ішінде	969,639	-	-	-	842,192	1,275,619	98,098	6,257,990
Ұзақ мерзімді қаржы міндеттемелері (сауда және басқа кредиторлық берешек пен резервтерді алып тастағанда)	337,777	-	-	-	450,370	-	-	-
Міндеттемелер жиынтығы	6,786,794	-	-	-	5,433,170	12,441,871	3,046,793	64,244,847
Таза активтер жиынтығы	20,092,631	-	-	-	16,426,689	19,025,729	6,928,728	1,497,567
Иелену үлесі	50%	50%	50%	25%	50%	50%	50%	25%
Топқа қатысты біріккен ұйымдардың таза активтері	10,046,316	-	-	-	8,213,345	9,512,865	3,464,364	374,392
Гүдвил	1,673,834	-	-	-	1,673,834	-	-	-
Қалған үлесті әділ құнына дейін түзету	-	-	-	-	-	(1,134,187)	-	-
Инвестициялардың баланстық құны	11,720,150	-	-	-	9,887,179	8,378,678	3,464,364	374,392
Табыстар	50,222,725	6,458,127	19,671,787	1,635,332	41,446,291	20,712,393	16,596,757	16,988,700
Жыл іші (залал)/пайда және жалпы жиынтық (залал)/табыс	(887,468)	(1,160,701)	(1,062,309)	(67,738)	(911,985)	(1,224,722)	(2,371,493)	(804,331)
Біріккен ұйымның жалпы жиынтық (залал)/табысындағы танылған Топ үлесі	232,095	200,126	677,505	173	44,927	78,896	430,815	35,202

9. БАСҚА ДА ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ

	2016 ж. 31 желтоқсан	2015 ж. 31 желтоқсан
Несие ұйымдарындағы қаражат (қысқа мерзімді қаржы инвестициялары)	17,549,976	39,705,096
Берілген несиелер	1,885,605	2,502,804
Шегеру: берілген несиелер бойынша резерв	(915,860)	(562,131)
	18,519,721	41,645,769
Басқа да қаржы активтерінің ағымдағы бөлігі	16,186,691	41,466,840
Басқа да қаржы активтерінің ұзақ мерзімді бөлігі	2,333,030	178,929
	18,519,721	41,645,769

2016 және 2015 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша берілген несиелер негізінен бірлескен ұйым «Локомотив құрастыру зауыты» АҚ-ға теңгемен берілген несиелерден тұрады.

Несие ұйымдарындағы қаражат:

	2016 ж. 31 желтоқсан	2015 ж. 31 желтоқсан
BBB-(Baa3)-тен бастап BB-(Ba3)-ке дейінгі рейтингтер	313,100	349,592
B+(B1)-ден бастап B-(B3)-ке дейінгі рейтингтер	17,236,876	39,355,504
	17,549,976	39,705,096

2016 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша несиелік ұйымдардағы қаражатдың орташа безбенделген пайыз мөлшерлемесі АҚШ долларында 4.54%-ды және теңгеде 13.08%-ды құрады (2015 ж.: АҚШ долларында 5.32% және теңгеде 13.99%).

2016 ж. 31 желтоқсан жағдайына несиелік ұйымдардың қаражаттарына, қамтамасыз ету болып танылатын, орташа пайыздық ставкасы 4.00% АҚШ доллары (2015 ж.: нөл).

31 желтоқсандағы жағдай бойынша несие ұйымдарындағы қаражат мына валюталарда көрсетілген болатын:

	2016 ж. 31 желтоқсан	2016 ж. 31 желтоқсан
АҚШ доллары	17,202,382	39,593,209
Теңге	347,594	111,887
	17,549,976	39,705,096

10. САУДА ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

	2016 ж. 31 желтоқсан	2015 ж. 31 желтоқсан
Сауда дебиторлық берешек	23,628,423	21,017,888
Шегеру: күмәнді сауда берешек бойынша резерв	(8,094,689)	(11,264,107)
	15,533,734	9,753,781

	2016 ж. 31 желтоқсан	2015 ж. 31 желтоқсан
Сауда дебиторлық берешектің ағымдағы бөлігі	15,416,517	9,616,182
Сауда дебиторлық берешектің ұзақ мерзімді бөлігі	117,217	137,599
	15,533,734	9,753,781

31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішіндегі күмәнді сауда берешегі бойынша резервтегі өзгеріс мына түрде көрсетілген:

	2016 ж.	2015 ж.
Жылдың басына күмәнді сауда берешек бойынша резерв	(11,264,107)	(5,232,322)
Шет ел валютасын қайта есептеу	1,331	-
Жыл ішінде есептелгені	2,131,352	(6,174,680)
Бұрын құрылған резервті пайдаланғаннан жыл ішінде есептен шығарылғаны	874,803	142,895
Басқа да ағымдағы активтер құрамына аудару	161,932	-
